ЖАС ҚАЗАҚ

ISSN 2074-899X

№46
(670)
24 қараша
2017 жыл

ҰЛТТЫҚ АПТАЛЫҚ • Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

КҮРЕС

ҚҰЛҚЫНҚҰМАР немесе КӨП АСҚАНҒА – БІР ТОСҚАН

Бүгінде «Періште алтын көрсе, тура жолдан таяды» деген мақалды «Шенеунік ақша көрсе, тура жолдан таяды», – деп өзгертпеске болмай тұр. Басқа, басқа мүмкіндігі шектеулі азаматтардан пара алғанын естігенде, таңырқағаннан басқа амалың қалмайды.

Қарағанды облысы бойынша еңбек, әлеуметтік даму және көші-қон комитеті департаментінің №3 медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімінің басшысы анықтама жазып беру үшін мүмкіндігі шектеулі жандардан 10 мыңнан 200 мың теңгеге дейін пара алып отырған.

Түрлі жағдайға байланысты мүгедек болған азаматтар №3 медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімінің басшысынан заңды жолмен анықтама ала алмапты. Әр құжатқа күмән келтіріп, қосымша анықтама алып келу керек деген сылтаумен қайтарып жіберген. Бірақ ақшаның шетін көрсетсе, құжаты реттеліп, мүмкіндігі шектеулі екені расталып шыға келеді. Жезқазған қалалық соты хабарлағандай, мүгедектік туралы құжат рәсімдеу үшін келген азаматтардың бірі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы департаментіне шағымданған. Соттың үкімімен Қарағанды облысы бойынша еңбек, әлеуметтік даму және көші-қон комитеті департаментінің №3 медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімінің басшысы айыпты деп танылып, оған 14 млн теңге көлемінде айыппұл салынды. Ал делдал болған бөлім маманына 10 млн теңге айыппұл төлеу жазасы тағайындалыпты.

Осы аптада тағы бір келеңсіз оқиға Семейде тіркелді. Параны етпен алған білім бөлімінің басшысы 9 млн теңге айыппұл арқалады. 54 жастағы Сара Елеусізова аталған соманы бір ай көлемінде төлемесе, абақтығы тоғытылуы мүмкін. Сондай-ақ жеке мүлкі тәркіленіп, өмір бойына мемлекеттік қызметтен аластатылды. Ол жергілікті бір балабақша есепшісінің 9 айлық есеп-қисабын еш кедергісіз жауып бергені үшін, 5 келі етті үйіне әкеп беруін сұрайды. Мұнымен шектелмеген шенеунік тағы бір азаматқа мектептің иелігіндегі мемлекеттік автобусты да алып бермек болған көрінеді. Бұл көмегі үшін одан алғашында 15 тонна көмір талап етеді. Әйтсе де, кейіннен бұл ойынан айнып, 120 мың теңге сұраған. Осылайша, оны жемқорлыққа қарсы күрес департаментінің мамандары жұмыс орнында ақшаны алған сәтінде қолға түсірген.

Әрине, заңсыздыққа жол бергендер жазасыз қалмайды. Бірақ жең ұшынан жалғасқан жемқорлықты тыю үшін қарекет жасау керек. Елбасы биылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Сыбайлас жемқорлықтың себебі мен алғышартын анықтап, оларды жою жұмысын күшейту қажет», – деп атап өткен. Енді сол жүктелген маңызды міндетті орындау ғана қалды. Бәлкім, сонда ашкөздердің құлқынына құм құйылар.

Елдос ӨМІРЗАҚ

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ

Нұрлан НОҒАЕВ, Атырау облысының әкімі:

«Өңірде заңсыз балық аулау мәселесі шиеленісіп тұр. Атап айтар болсақ, биылғы жылы бізде 1 300 құқық бұзушылық анықталды. 1 тонна 200 келі қызыл балық, 1 300 тонна заңсыз қайық тәркіленді. Құралдары және 230 заңсыз «Байда» деген қуаты мотормен жабдықталған. Оның қуаты – 500 аттың күшімен тең. Қайықтардың 27-сі мұндай мотордың бағасы – 50 мың доллар. Бұрын мұндай болмаған. Браконьерлердің материалдық-техникалық жабдықталуы біздің мемлекеттік мекемелерге қарағанда әлдеқайда күштірек»

«НҰРЛЫ ЖОЛ»



Экономикаға серпін берді

Осыдан тура 3 жыл бұрын, яғни 2014 жылдың қараша айында Елбасы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» деп аталатын Жолдауын жариялады. Онда ел экономикасын дамытудың жан-жақты бағыты, сала-сала бойынша атқарылатын жұмыс, олардың реттілігі мен нақты қадамдары көрсетілген еді. Мемлекет басшысы ел экономикасын дамытудың бірден-бір тетігі ретінде автожол, теміржол және әуе тасымалын дамытуда деп тұжырымдап, нақты қадамдар белгіледі. Сол Жолдауда қара жердің күре тамырындай болған автожолдар мен теміржолдарға баса маңыз берілген. «Қазір де қайнаған тіршілік күре жолдардың бойында. Жол – шын мәнінде өмірдің өзегі, бақуатты тірліктің қайнар көзі. Барлық аймақ теміржолмен, тасжолмен, әуе жолымен өзара тығыз байланысуы керек. Астанада тоғысқан тоғыз жолдың торабы елорданың жасампаздық рухын тарататын өмір-тамырға айналуы тиіс. Аймақтардың өзара байланысын жақсарту елдің ішкі әлеуетін арттырады. Облыстардың бір-бірімен сауда-саттығын, экономикалық байланыстарын нығайтады. Ел ішінен тың нарықтар ашады. Осылай, алысты жақын ету – бүгінгі Жолдаудың ең басты түйіні болмақ» – дей келе дамудың 7 қадамын атайды. Соның біріншісі – көлік-логистика инфрақұрылымдарды дамыту. Іле-шала үкімет «Нұрлы жол» деп аталған инфрақұрылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасын әзірлеп, оны жүзеге асыруды қолға алды. Міне, содан бері 3 жыл өтті. Осы уақыт аралығында қандай жұмыс атқарылды, не істелді? Біз көлік-логистика және инфрақұрылымды даму саласына жауапты инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбекпен сұхбаттасқан едік.

Жас қазақ: Жеңіс Махмұдұлы, уақыт бөліп сұхбат беруге келіскеніңіз үшін алғысымызды білдіреміз. Әңгімемізді бірден осы «Нұрлы жол» бағдарламасынан бастасақ. Аталған бағдарлама қабылданғалы ел аумағында қанша шақырым автожол қайта салынды, қанша шақырым автожол күрделі жөндеуден өтті? Осы мақсаттарға әртүрлі қаржы көздерінен қанша қаражат бөлінді?

Жеңіс Қасымбек: Рахмет! Өздеріңізге мәлім 2014 жылдың қараша айында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Нұрлы жол» болашаққа бастар жол» деп аталатын Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Осы Жолдауда әсіресе, осы көлік-логистика, инфрақұрылымдарды дамыту мәселелеріне баса назар аударылып, мемлекет басшысы нақты тапсырмалар берді. Жолдаудан кейін, бірден 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Осы бағдарлама бойынша, 2015-2016 жылдары республикалық маңызы бар 2 мыңнан астам шақырым жолда құрылыс жұмысы жүрді және біраз аумақта реконструкция жүргізілді. Олардан 1,3 мың шақырымы 1 және 2 техникалық санаттағы автожол, яғни жоғары сапалы автожол деген сөз.



Атап айтқанда, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі, «Астана – Теміртау», «Алматы – Қапшағай», «Көкшетау – Петропавл» аумағы толығымен аяқталды. Осы аталған жобаларды іске асыру кезінде 75 мың адам жұмысқа тартылды. Естеріңізде болса, Елбасы сол «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» деп аталған Жолдауында осы үлкен құрылыстардың айналасында және құрылыс жүріп жатқан ірі күре жолдардың бойынша жанама түрде өзге салаларды да дамытуды тапсырған болатын. Міне, осы тапсырмаға сәйкес, тек қана жол салып жатқан құрылысшылар ғана емес, өзге де шағын бизнестердің өркендеуіне өз үлесін қосты. Сондай-ақ біз отандық өнімге, қазақстандық маңызға көп көңіл бөлдік. Бұл да Президенттің тікелей тапсырмасының бірі. Мәселен, осы жол құрылыстарына қажетті құрылыс материалдардың 93 пайызы отандық өнім. Атап айтқанда, цемент, битум және басқа да материалдар.

Жобаларды іске асыруға 616 млрд теңге жұмсалды. Олар Ұлттық қордан, республикалық бюджеттен және халықаралық қаржы институттарынан бөлінді. Барлық қаражат толығымен игерілді. Оның ішінде Ұлттық қордан – 329 млрд теңге.

(Жалғасы 2-8 беттерде)

БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent) 63,19 | DOLLAR 330,20 | EURO 388,07 | АЛТЫН (ун.) 1289,20



E-mail:
jas_qazaq@mail.ru



Осы аптада Елбасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Қайрат Қожамжаровты қабылдады. Қ.Қожамжаров мемлекет басшысына агенттіктің биылғы 10 айда атқарған қызметінің нәтижесі жөнінде баяндады.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖАЗАСЫ АУЫР

Елбасының биылғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында «Біз елдегі сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету бағытында елеулі қадамдар жасадық. Алайда басты назар көбіне сыбайлас жемқорлықтың салдарларымен күресуге аударылып отыр.Сыбайлас жемқорлықтың себептері мен алғышарттарын анықтап, оларды жою жұмысын күшейту қажет», – делінген.

Мемлекет басшысы агенттік төрағасымен кездесуде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастырудың маңыздылығын атап өтті. Қазақстан Президенті «Мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңды қабылдаған кезде кімде-кім сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаса, ешкімге де жеңілдік жасалмайтынын және жазадан құтылмайтынын ескерткен болатынмын. Соңғы жылдары бұл бағытта көп жұмыс атқарылды», – деді. Бюджет қаржысын тиімді әрі ашық пайдалану қажеттілігі айтылды.

Ал Қ.Қожамжаров мемлекет басшысына сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүргізу барысында қабылданып жатқан шаралар жөнінде мәлімдеп, оның іске асырылуына халықаралық сарапшылар қауымдастығы тарапынан жоғары баға берілгеніне назар аударды. Агенттік төрағасының айтуынша, биылғы 10 айда 3400 қылмыстық іс қозғалып, оның бір мыңы сотқа берілді. 15 миллиард теңге көлемінде келтірілген шығынның 11 миллиарды мемлекетке қайтарылды. Құны 7 миллиард теңгеден асатын мүлікті пайдалануға тыйым салынған.

(Өз тілшіміз)

ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТ

ЖАҢҒЫРТУ 3.0

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев жұмыс сапарымен Жамбыл облысына келді. Аймаққа сапары барысында Бақытжан Әбдірұлы өңірде мемлекеттік бағдарламалардың және «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауы міндеттерінің іске асырылу барысымен танысты. Сондай-ақ агроөнеркәсіп кешенін дамыту мәселелері жөнінде жеке кеңес өткізіп, өңірлік кәсіпкерлермен кездесті.

Әуелі Премьер-Министр Тараз қаласындағы «Арай» тұрғын алқабында бой көтерген тұрғын үй кешенінде болды. Аталған үйлердің құрылысы «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасының аясында жүргізілген.Бұл мақсатта 9,7 миллиард теңге жұмсалған. Қазіргі уақытта 65 пәтерлі 2 үй, 75 пәтерлі 1 үй және 80 пәтерлі 12 үйдің құрылысы өз мәресіне жеткен.

Бағдарламаны орындау барысында салынған және құрылысы жүруі тиіс нысандармен таныстырып өткен Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Ғалымжан Әбдірайымов құрылыстың қазіргі жағдайы мен келешегі туралы баяндады.

Жалпы, биыл облыста «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша бойынша төрт жоба іске асырылуда. Олардың аясында 17,7 мың шаршы метр немесе 258-ден астам пәтерді пайдалануға беру көзделіп отыр. Сонымен қатар жеке тұрғын үй құрылысына арналған 922 жер телімі бөлінген. 2018 жылы 13 көпқабатты үй құрылысын аяқтап, 1 070 пәтерді пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Сапары барысында үкімет басшысы Тараз қаласындағы «Атлетик» олимпиада резервін дайындайтын оқыту-жаттығу кешеніне барды. Мұнда Бақытжан Әбдірұлы облыстағы бұқаралық спортты дамыту мақсатында атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Бүгінгі таңда Жамбыл облысында барлығы 46 спорт мекемесі бар. 22 мыңға жуық жамбылдық жүйелі түрде түрлі спортпен айналысады.Олардың ішінде 14 мыңы ауылдық спорт мектептерінде жаттығады. Мұнда 2 мыңнан астам спортшы күн сайын ауыр атлетика, грек-рим күресімен, кикбоксингпен, таэквондомен, армрестлингпен және өзге де спорт түрлерімен айналысады. Олардың көрсетіп жатқан нәтижесі де жаман емес. Мәселен, өнір спортшылары ресми халықаралық және республикалық жарыстарда бас-аяғы 1 387 медаль иеленген. Олардың 577-сі алтын.

Келесі кезекте Б.Сағынтаев облыстық перинаталдық орталықта болды. Нысанды аралау барысында өңірдегі денсаулық сақтау жүйесін дамыту бойынша қабылданып жатқан шаралармен танысты. 2015 жылы халықаралық талаптарды ескере отырып, салынған жаңа клиника құрылысына 7 037,2 млн теңге жұмсалған. 200 емделушіге бір уақытта қызмет көрсететін денсаулық сақтау нысаны қажетті заманауи жабдықпен жарақтандырылған. Қазіргі уақытта мекеме облыстағы ана мен бала денсаулығын сақтау мақсатында қызмет етіп отырған алдыңғы қатарлы кешен болып саналады.

Жамбыл облысында жергілікті тұрғындардың денсаулығын сақтау мәселесіне үлкен мән беріледі. Сондықтан да аймақта аталған салаға бөлінетін қаражат көлемі жыл сайын ұлғайып келеді. Мәселен, 2017 жылы облыстың денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыруға 24,2 млрд теңге қарастырылған. Осы жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша 19,6 млрд теңгесі немесе есептік кезең жоспарының 99,7 пайызы игерілген.

Жамбыл облысына жұмыс сапары барысында Премьер-Министр Индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асу барысымен де танысты. Аталған бағдарлама нәтиже беріп жатқанының бір көрінісі, өңірдің ірі жүйе құраушы кәсіпорны – «Қазфосфат» ЖШС-нің Қазақстандағы жалғыз минералды тыңайтқыштар зауыты. Өндіріс орнын аралап көрген үкімет басшысы химия зауытының жұмысына оң баға берді. Өндіріс ошағы ауыл шаруашылығына арналған минералды тыңайтқыштар, жем-шөптік фторсыздандырылған фосфаттар өндіреді.

«Қазфосфат» ЖШС бас директоры Мұқаш Ескендіровтің айтуынша, зауыт Индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында 2016 жылы қайта жөндеуден өткен. Бұл кәсіпорынның өндіріс көлемін 2 есеге арттыруға мүмкіндік берген. Нәтижесінде, 2017 жылы 300 мың тонна фосфорлы минералды тыңайтқыш өндіріледі. М.Ескендіровтің сөзіне сенсек, зауыт өнімінің 108 мың тоннасы еліміздің қажеттіліктерін толықтай қамтуға жетеді. Ал қалған 200 мың тоннаға жуығы Қытай, Ауғанстан, Ресей, Украина, Уругвай, Аргентина елдеріне экспортталады. Серіктестік басшысы келер жылы фосфорлы минералды тыңайтқыштар өндірісі көлемін 500 мың тоннаға дейін ұлғайту жоспарда бар екенін айтты.

Премьер-Министр Индустрияландыру картасына кіретін және шетелдік инвесторлармен бірлесіп іске асырылатын бірқатар ірі өнеркәсіп нысандарының жұмысымен де танысты.

Жуалы ауданындағы қуаттылығы 50 МВт-қа жететін «Бурное Солар-1» Орталық Азиядағы ең ірі күн электр стансасы болып саналады. Нысанды аралау кезінде Б.Сағынтаев өңірде жаңартылатын энергия көздерін дамыту келешегі туралы мәлімет алды. «Бурное Солар-1» ЖШС бас директоры Нұрлан Қапеновтың айтуынша, аталған станса — экологиялық тұрғыдан қауіпсіз жоба.

Әулиеата қойнауы кенге бай. Бұл, өз кезегінде, өңірде химия саласын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл мақсатта аймақта ауқымды жобалар жүзеге асуда. Бүгінгі таңда өңір өнеркәсібіндегі химия өнімінің үлесі 24,6 пайызға тең. Осы мақсатта іске қосылып жатқан жобалардың бірі – Сарысу ауданында орналасқан «ЕуроХим–Тыңайтқыш»зауыты. Сапары барысында аталған нысанда болған Премьер-Министр өңірдегі химия өнеркәсібінің даму барысы туралы ақпарат алды.

Бұл инвест жобаның құны 950 млн долларды құрайды. Зауыт басшысы Дмитрий Валышевтың айтуынша, өнеркәсіп ошағының жобалық қуаттылығы жылына 1,4 млн тоннадан астам минералды тыңайтқыш өндірісін іске қосуға мүмкіндік береді. Өнімді Орталық Азия елдеріне, Ресейге, Қытайға экспорттау жоспарда бар. Қазіргі уақытта жоба іске асырудың екінші сатысында тұр. Іске қосу операцияларын 2020 жылы бастап, жобаның толық қуаттылықпен шығуы 2021 жылға жоспарланған.

Жамбыл жеріне сапары барысында үкімет басшысы аграрлық бизнес өкілдерімен кездесу өткізді. Жиын барысында 2017-2021 жылдарға арналған агроөнеркәсіп кешенін дамыту мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мәселелері талқыланды.

Баскосу барысында саланың бәсекеге қабілеттілігі мен аграрлық өнім экспортын одан әрі арттыру, ауыл шаруашылығы кооперативтерін дамыту, ауыл шаруашылығын цифрландыру, аграрлық ғылыми-зерттеулерге инвестициялар көлемін көбейту, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту мәселелері сөз болды.

Бұдан бөлек, жыл басынан бері өңірдің агроөнеркәсіп кешені саласына 14 млрд теңге инвестиция тартылған. Облыста 181 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылып, үш мыңнан астам адам жұмыс орнымен қамтамасыз етілді.

Сондай-ақ Б.Сағынтаев «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесі мүшелерімен кездесу өткізді. Оның барысында «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған», «Бизнестің жол картасы-2020», индустриялық аймақтар мен моноқалаларды дамыту бағдарламаларын іске асыру мәселелері талқыланды.

Кездесу барысында бизнес ортаны әрі қарай жақсарту мәселелері талқыланды. Бүгінгі таңда мемлекеттік қолдау шараларын көрсету аясында 800 млрд теңгеден астам сомаға 13 мыңнан астам бизнес жоба қаржыландырылды.

Кеңесте мемлекеттік-жекешелік серіктестікті дамыту мәселелері талқыланды. Жергілікті атқарушы мекемелермен өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру бойынша кәсіпкерлердің ұсынысы тыңдалды.

Қорытындылай келе, Бақытжан Сағынтаев жауапты тұлғаларға ШОБ өкілдерінің барлық мәселесі мен ұсынысын бақылауға алуды және аталған бағытта кешенді жұмыс жүргізуді тапсырды.

Мұратхан ӘЛІМХАН,
Жамбыл облысы

Біздің сұхбат

«НҰРЛЫ ЖОЛ»: ЭКОНОМИКАҒА СЕРПІН БЕРДІ

(Басы 1-бетте)

Бағдарлама аясында қыруар жұмыс істелді. Атқарылған жұмыс қорытындысы бойынша жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы автожолдардың үлесі 85%-ға жеткізілді. Жүк көліктерінің белтеміріне, яғни, осьіне түсетін салмақ 13 тонна болатын 1 және 2 техникалық санаттағы автожолдардың жалпы ұзындығы 7,5 мың шақырымға жеткізілді.

Биыл бағдарлама шеңберінде жалпы ұзындығы 4,4 мың шақырым автожол жобаларының іске асырылуы қарастырылған. Жобаларды іске асыруға Ұлттық қордан, республикалық бюджеттен және халықаралық қаржы институттарынан 316 млрд теңге қарастырылған. Жалпы ұзақтығы 1,2 мың шақырым «Орталық-Оңтүстік», «Орталық-Шығыс», «Бейнеу-Ақтау», «Ақтөбе-Атырау», «Қапшағай-Талдықорған», «Астана–Петропавл» және «Орал-Тасқала» жобаларында жұмыстар жалғастырылды.

Бұдан бөлек, биылдан бастап ұзақтығы 2,5 мың шақырым жаңа жолдардың іске асырылуы басталды. Олар: «Қандыағаш-Мақат», «Жетібай-Жаңаөзен», «Құрты-Бурылбайтал», «Талдықорған-Өскемен», «Мерке-Бурылбайтал», «Қалбатау-Майқапшағай», «Үшарал-Достық», «Бейнеу-Ақжігіт», «Таскескен-Бахты», Осинов асуы, «Щучье-Зеренді».

Сонымен қатар жыл соңына дейін жалпы ұзақтығы 0,7 мың шақырым болатын Ақтөбе-Қандыағаш, Атырау-Астрахань, Ұзынағаш-Отар, Астана қаласының оңтүстік-батыс айналма жолы, Қостанай–Денисовка жобалары бойынша келісімшарттарға қол қойып, дайындық жұмыстарын бастау қарастырылған. Бұл жобалардың аясында тағы 3 мың жұмыс орны құрылатын болады.

Биылғы жылдың қорытындысы ретінде 1 және 2 техникалық санаттағы 600 шақырымды құрайтын жолдың құрылысын аяқтау көзделген. Оның ішінде «Бейнеу-Ақтау» және «Алматы-Талдықорған» автожолдары толығымен аяқталады.

Бағдарлама алдағы бес жыл ішінде құрылыстың бес негізгі бағытын тең дамытуды көздейді. Бұл – «Орталық – Солтүстік», «Орталық – Шығыс», «Орталық – Оңтүстік», «Орталық – Батыс» және «Алматы – Шығыс» автожол жобалары.

Сондай-ақ ұзақтығы 5 мың шақырымнан асатын республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында ақы алу жүйесі мен зияткерлік көлік жүйесін жобалау жұмыстары басталды. Бұл – «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізі, «Щучинск-Петропавл-РФ шекарасы» *(Қорғаи),* «Астана-Қостанай-РФ шекарасы» *(Троицк),* «Астана-Павлодар», «Павлодар-РФ шекарасы» *(Омбы)* учаскелері, «Ақтөбе-Орал-РФ шекарасы» *(Самарға),* «Орал-РФ шекарасы» *(Саратов),* «Ақтау-Бейнеу», «Атырау-Доссор-Бейнеу-Бекжігіт-Өзбекстан шекарасы» және «Қапшағай-Талдықорған» бағыттары. Ұзақтығы 304 шақырым болатын «Алматы-Қорғас» учаскесінде төлем жүйесін салуды бастау жоспарланып отыр. Ағымдағы жылдың 1 қазанындағы жағдай бойынша, ақылы жолдан жиналған қаржы 1 млрд теңгені құраған. Бұл 2016 жылғы көрсеткіштен 4%-ға артық. Айта кету керек, инвестициялар және даму министрлігі Дүниежүзілік банкпен бірлесіп, экономикалық, әлеуметтік факторларды, автокөлік құралдарының экологияға тигізетін әсерін және т.б. ескере отырып, ставкаларды қалыптастыру әдістемесі бойынша халықаралық сарапшы консультант тартты. 2020 жылға қарай ұлттық және халықаралық маңызы бар автомобиль жолдарында 260 жол қызмет көрсететін объектілерін салу және жаңғырту жоспарланып отыр.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі құрылысының аяқталуымен қатар 2015 – 2017 жылдары мынадай автомагистральдарды салу және реконструкциялау бойынша жобалар іске асырылады: Қапшағай –Қалбатау, Астана – Петропавл – РФ шекарасы, Жезқазған – Петропавл, Қызылорда – Жезказған – Қарағанды, Үшарал – Достық, Орал – Каменка, Ақтөбе – Атырау – Астрахань, Астана қаласының оңтүстік-батыс айналма жолы»

(«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

Олар Ұлттық стандартқа сәйкес салынатын болады. Биыл жылдың соңына қарай жол бойындағы 136 қызмет көрсету нысандары Ұлттық стандартқа сай жасалатын болады. Сондай ақ 2 жол сервистік павильоны қосымша орнатылады. Ал 2018 жылы қазіргі заманғы талаптарға сәйкес әзірленген тағы 10 павильон іске қосылады. Олар азық-түлік бекетіне, жақсы жабдықталған дәретханаларға және тағы басқа да қызмет көрсету нысандары. Бұлар жыл он екі ай тәулік бойы қызмет көрсететін болады.

Жас қазақ: «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізінің құрылысы толық аяқталды ма? Бұл жолдың экономикалық тиімділігі қандай болмақ? Жолдың игілігін мемлекет қашан көреді? Осы жолдың бойына ақылы жүйе енгізіле ме?

Жеңіс Қасымбек: Биыл «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі бойынша барлық қажетті жұмыстар аяқталды. Осы дәліздің құрылысына қатысқан елдер транзиттік әлеуетті арттырудан өзге, өңірлерді дамыту тұрғысынан да ішкі әсерге ие болды. Мәселен, елімізде аталған дәліз 5,5 млн адамнан тұратын 200 елді мекенді қамтиды. Шағын және орта бизнесті, сервистік индустрияны, туризмді және экономиканың өзге де секторларын дамытуда елеулі қарқын болады деп ойлаймын. Биыл, яғни 2017 жылы Қазақстанда «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» транзиттік дәлізі бойынша жүк айналымы 600 мың тоннаға жетті.

Жәй ғана салыстырмалы түрде айтатын болсақ, 2009 жылы аталған бағыт бойынша транзитпен Қазақстан арқылы 160 мың тонна жүк тасымалданған екен. Жалпы, осы транзиттік дәліз бойынша жүк айналымы 2009 жылдан бері қарай 13 млн тоннаны құраған. Біздің болжамымыз бойынша, 2020 жылы бұл көрсеткіш 33 млн тонна жүкті құрайтын болады. «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізі — Қытайдан Қазақстанға, Орталық Азия елдеріне, Ресейдің батыс өңірлері мен Еуропаға тауар тасымалдаудың ең қысқа әрі экономикалық тиімді бағыты. Қытайдың орталық аймақтарынан Санкт-Петербурға дейін автокөлікпен жүк жеткізу мерзімі ары кеткенде 10 күн. Ал сол жүкті теңіз жолымен таситын болса, 45 күнде жетеді екен. Міне, көрдіңіз бе? Бұдан асқан қандай тиімділік болуы мүмкін? Жалпы, осы автокөлік дәлізінің біздің ел арқылы өтетін бөлігінің ұзақтығы 2 787 шақырым.

Жас қазақ: Елбасының Қазақстан халқына арнаған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында көрсетілген «Орталық-Оңтүстік», «Орталық-Шығыс», «Орталық-Батыс» бағыттары бойынша қандай жұмыстар атқарылды? Алдағы уақытта, қандай бөліктерде жұмыстар жүргізіледі? Осы бағыттардағы жұмысқа қандай қаржы көздерінен, қанша қаражат бөлінді?

Жеңіс Қасымбек: Иә, Елбасының осы Жолдауында нақты бағыттарға дейін көрсетілген болатын. Бұл бағытта да көптеген жұмыс жасалды. Қазіргі уақытта, жалпы ұзақтығы 1,2 мың шақырым болатын «Орталық-Оңтүстік», «Орталық-Шығыс», «Бейнеу-Ақтау», «Ақтөбе-Атырау», «Қапшағай-Талдықорған», «Астана-Петропавл» және «Орал-Каменка» жобаларында құрылыс жұмыстары жалғасуда. Бұдан бөлек, биыл жалпы ұзақтығы 2,5 мың шақырым болатын «Қандыағаш-Махат», «Жетібай-Жаңаөзен», «Құрты-Бурылбайтал», «Талдықорған-Өскемен», «Меркі-Бурылбайтал», «Қалбатау-Майқапшағай», «Үшарал-Достық», «Бейнеу-Ақжігіт», «Таскескен-Бақты», Осиновский асуы, «Щучинск-Зеренді» сияқты жаңа жобаларды іске асыруға кірістік. Биыл 9 айда іске асырылған жобалар бойынша 177,5 млрд теңге игеріліп, 75 мың адам жұмылдырылды. Биыл жыл соңына дейін жалпы ұзақтығы 0,7 мың шақырым болатын «Ақтөбе-Қандыағаш», «Атырау-Астрахань», «Ұзынағаш-Отар», Астананың Оңтүстік-Батыс айналма жолын және «Қостанай-Денисовка» жобалары бойынша мердігер компаниялармен құрылыс жұмыстары жөніндегі келісімшарттарын бекітуді жоспарлап отырмыз. Биыл жыл соңында 602 шақырым жолдың құрылысын аяқтап, «Астана-Павлодар» – 232 км, «Бейнеу-Ақтау» – 230 шақырым, Қордайдың айналма жолы – 40 шақырым, «Орал-Каменка» – 50 шақырым, «Ақтөбе-Атырау» – 26 шақырым және «Қапшағай-Талдықорған» – 24 шақырым автожолдарын ашу көзделген. Бүгінгі таңда кестеден кешігу жоқ. Бәрі жоспардағыдай болады деп отырмыз. Биыл «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында ұзақтығы 4,4 мың шақырым болатын, соның ішінде 15 жаңа жоба бар 22 автожол жобасын іске асыру қарастырылған. Жобаларды жүзеге асыруға республикалық бюджеттен, Ұлттық қордан және халықаралық қаржы институттарынан 356 млрд теңге бөлінбек. Бұл қаражаттың 143,5 млрд теңгесі Ұлттық қордан бөлінетінін айта кеткен жөн.

«Орталық-Оңтүстік» жобасы ұзындығы 1 284 шақырым «Астана–Қарағанды–Балқаш–Бурылбайтал–Алматы» бағытында 1 техникалық санаттағы автомобиль жолының құрылысын көздейді.

Астана мен Қарағандының арасындағы 233 шақырым аумақтың құны – 175 млрд теңге. 2016 жылы Астана-Теміртау учаскесінде ұзындығы 171 шақырым қозғалыс ашылды. Енді биылға – 27,9 млрд теңге қарастырылған. Теміртау-Қарағанды, және Қарағанды қаласының айналма жолын (62 км) учаскесін қоса алғанда, қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде. «Сейсер» ЖШС, «Дәулет-Дорстрой» ЖШС, «МО-25» ЖШС, «СинеМидасСтрой» ЖШС мердігерлік ұйымдар жұмылдырылды.Жағдай бойынша 1 қарашаға 12 млрд теңге игерілген.

(Жалғасы 8-бетте)

E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

100esim.kz

ЖИҺАНКЕЗ ҚАЗАҚ

Біз таңдаған Тәуелсіздіктің батырларының көшін қазақтан шыққан тұңғыш жиһанкез – **Мағжан Сағымбаев** бастап тұр. Оның ерекшелігі велосипедпен әлемді шарлап шығуға бел буған. Бүгінге дейін Мағжан әлемнің 22 мемлекетіне барып үлгерді. 29 жастағы жиһанкез алғашқы сапарын 4 жасында бастапты. Ол 380 күнде 28 мың шақырымнан астам жол жүрген.

Жиһанкез бұған дейінгі сапарларында күніне 50-ден 200 шақырымға дейін жол жүріп отырған. Сол қарқынмен АҚШ-ты – 100 күнде, Қытайды – 90 күнде, Австралияны – 30 күнде аралап шығыпты.

Қазақ «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» – дейді. Ал 18 миллион халықтың ішінен оза шапқанды кім деу керек? Әрине, еліміздің «100 жаңа есімі» деген жөн. Елбасы тапсырмасымен, Тәуелсіз Қазақстанның дамуына, руханиятына, спорт пен саясатына, экономикасына, жалпы барлық салада өз үлесін қосып, бүгінгі заманның батыры атанып жүрген нағыз тұлғаларды анықтау қолға алынған болатын. 6 айдан астам уақыт жүргізілген үміткер қабылдау науқаны аяқталды.

«100 жаңаның» қатарына қосылуға 2212 үміткер тіркелген. Осы жоба үшін арнайы құрылған 100esim.el.kz сайты жұмыс істеді. Ендеше, біз осы сайтқа кімдердің тіркелгенін, Қазақстанның жаңа дәуірін өз қолымен орнатуға талпынған Тәуелсіз елдің, бейбіт күннің батырларының қатарында кімдер барын бағамдап көрейік.

ҚАЙСАР ҚЫЛҚАЛАМ

Біздің қаламға ілінген екінші тұлға – **Кәріпбек Күйіков.**

Кәріпбек Күйіковтің ядролық қаруға төзуге болмайтынын елімізге ғана емес, бүкіл әлемге дәлелдеп жүрген қайсар жан. Ол бойындағы осындай жігерімен көпшілікке белгілі. Алапат ядролық қарудың құрбаны, екі қолы мүгедек жан тісімен немесе аяқтарының башпайы сурет салады. Оның осындай қиындықты жеңіп салған суреттері полигонның қасіретін көз алдына әкеледі. Оның туындылары Түркияда, Жапонияда, АҚШ-та, Германияда, тағы да басқа шет мемлекеттердің көрмесіне қойылды. Ал суретшінің «Жарылыс» атты туындысын Елбасы АҚШ-тың бұрынғы президенті Барак Обамаға табыстаған болатын.

Кәріпбек бойындағы тума талантымен қайсарлығының арқасында бүкіл әлемге танылған суретші. Суретшілік тақырыбы тұрақты, бір ғана жанрда – полигон қасіреті, жарылыс зардаптары туралы салатын қылқалам шеберінің өмірлік ұстанымы – ядросыз әлем. Қазақстанның да тәуелсіздік жариялағаннан кейінгі әлемдік деңгейдегі ең үлкен жеңісі – ядролық қарудан бас тартуы болғанды. Кәріпбек қылқаламына арқау болып жүрген тақырып мемлекет саясатымен сарындас, ел ұстанымымен үндес. Сондықтан, оны «Жүз жаңа есімге» ұсынып отырған азаматтардың талғамы әбден құптарлық!

Батыр суретші осы күнге дейін әлемді шарлап, халыққа ядролық сынақтың зардабын айтудан, көрсетуден еш

МИЛЛИОНДАРДЫҢ ТАҢДАУЫ

ЖҮЗ ЖАҢА ЕСІМДІ АНЫҚТАЙДЫ

жалыққан емес. Бұл күресін ол өмірінің соңына дейін жалғастыратынын үнемі айтып жүреді.

100esim.el.kz сайтына тіркелген үміткерлердің көшін Оңтүстік Қазақстан облысынан ұсынылған азаматтар бастап тұр. Әлеуметтік сала бойынша тіркелген үміткерлер саны басым екенін байқауға болады. Сондай-ақ бұл таңдауда ешкімнің ұлтына, нәсіліне бөлу деген болмайды. Дегенмен, 100 есімге ұсынылған өзге ұлт өкілдерінің көптігі көз қуантты. Бұл – өздерін осы қазақ елінің патриоты, қазақ елінің дамуына, болашағына еңбек сіңіргенін мақтан тұтар отандастарымыздың көптігін танытады.

«Жүз жаңа есім» жобасына ұсынылған үміткерлердің қатарынан ақ халатты абзал жан, талай шаңыраққа жылу сыйлап жүрген **Ләззат Айтқожинаны** байқап қалдық. Дәрігер болуды армандайтындар өте көп. Алайда екінің бірі жақсы дәрігер бола алмасы анық. Абзал жан атану үшін мамандықты меңгеру аздық етеді. Дәрігер болатын жанға ең әуелі үлкен жүрек керек, адамгершілік керек. Одан кейінгі биік ұстайтын ту – мамандығыңа деген адалдық, жауапкершілік. Дәрігер – тәулігіне 24 сағат дәрігер.

Ләззат Алматы қаласындағы Репродуктивті медицина институтының гинеколог-репродуктологы. Телеарна, газет-журнал арқылы есімі жалпы қазаққа танылып үлгерген Ләззат ханымммен сұхбат құрудың өзі оңайға соққан жоқ. Оның әр минуты санаулы, есептеулі.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН МІНДЕТ

Сұхбат

– Ләззат, алдымен өзіңізді толық таныстыра кетсеңіз...

– Мен Шығыс Қазақстан өңірінің тумасымын. Семейдің медициналық университетіне 1997 жылы түсіп, 2004 жылы тәмамдағам. Мамандығым – емдеу ісі. 2004 жылы интернатураны аяқтадым. Тәжірибе жинау мақсатында алғашқы еңбек жолымды Абай аудандық ауруханасында бастадым.

Ол жерде перзентхана немесе аурухана деп бөлінбейді, нағыз қайнаған орта. Жас маман үшін тәжірибе жинақтап, теориялық білімді кәсіби тұрғыда жетілдіруге зор мүмкіншілік болды. Алайда денсаулығым сыр бергеннен кейін жұмысымды жалғастыру мүмкін болмай қалды. Семей қаласына келіп, қызметімді гинекологиялық орталықта жалғастырдым. Кейіннен, дәм тартып, Алматы қаласына қоныс аудардым.

Сөйтіп, Алматыға 2008 жылы келдім. Әуелгі жұмысым шаһардағы перзентханалардың бірінде басталды. Уақыт сынаптай сырғып өтіп жатты. «Осы мен медицинада не үшін жүрмін?» деген сауал іштей маза бермейтін. Адамның қалауы, ішкі құлшынысы деген бар ғой. Акушер-гинеколог ретінде жанымның қалауын дөп басатын жұмыс туралы ойланып жүрдім. Негізі репродуктология саласына қашан да бір бүйрегім бұрып тұратын. Содан, репродуктивті медицина институтына 2013 жылы келдім. Алдымен практикадан өттім, кейін жұмысқа қабылданып, тәжірибе жинақтай бастадым. Аллаға шүкір, арманым орындалды, жүрек қалауымдағы жұмысымды таптым. Қазір жаным қалайтын жұмысты зор құлшыныспен істеп жүрмін деп сеніммен айта аламын!

– Сіз, осыдан 5-6 жыл бұрын телеарналардың бірінде медициналық бағдарлама жүргізген жоқсыз ба. Ол да мамандығыңызға деген махаббаттан туған дүние шығар?

– Ол уақытта ешбір арнада қазақша медицина, денсаулық тақырыбын қаузайтын бағдарлама болған жоқ. Алғаш болып осы істі қолға алған ұжымның арасында мен де болдым.

Мен репродуктивті медицина саласында қызмет жасайтындықтан, үнемі осы саладағы қиындықтарды, күрделі мәселелерді телеарналарда көтеріп, мемлекет тарапынан бөлінетін квотаның (ЭКО) санын көбейту керектігін алға тартып жүрдім.

Алматыдағы Репродуктивті медицина институтының құрылғанына биыл 21 жыл толып отыр. Қазақстанды айтпағанда, Орталық Азия бойынша ең үлкен әрі сапалы қызмет көрсететін орталық екенін айта кеткен абзал. Жылдан-жылға Репродуктивті медицина институтының ЭКО жолымен бала тудыру көрсеткіші жоғарылап отыр.

– Қандай қағидамен өмір сүресіз? Өмірлік ұстанымыңыз қандай?

– Ұстанымым – өз жұмысыңа адал болу керек. Өзіңе адал болу керексің. Өмірді қиындата берудің қажеті жоқ, өмір бір-ақ рет беріледі. Әрбір сәтті бағалап, мағыналы етуге тырысу керек. Қанағат болу керек. Өмірдің әрбір сәтіне қуануға талпынамын. Көп нәрсені өткізіп жіберуге тырысамын, себебі қиялдауға уақыт жоқ, тек алға жұру керек. Бір жерде болмады ма, аттап өт те алға бас. Өмір – біреуден кек алу, біреуге қастандық жасау, біреудің жамандығын қазуға арналмаған. Айналаңды қоршағандардан тек жақсылықты көруге тырысу керек. Біреу саған жамандық жасады ма, оны ойлама, артынан қазбалама. «Бұл да өтеді де кетеді» деген ұстанымммен алға қадам басамын.

– Сіз қаншама әйелге бақыт сыйлап жүрген жансыз. Өзіңіз осы әйел бақыты деген ұғымды қалай түсінесіз?

– Әйел бақыты деген – ана болу. Саған қолдау білдіретін, арқа сүйейтін азаматыңның қасында болуы. Ұл бала тәрбиелеп отырмын, әлі де бала сүйгім келеді. Бақыт деген – ата-анаң, жақындарыңның амандығы, сүйіп істейтін кәсібіннің болуы, жұмысыңа деген махаббатың.

«Дәрігерде үш қару бар. Олар: сөз, өсімдік, пышақ» – деген ұғым бар. Астарына үңілсеңіз, мағынасы терең. Жаныма жақын қару – сөз. Себебі қашан да адамгершілік қасиет биік тұруы керек. Жақсылық атаулы жақсы қарым-қатынас арқылы өріледі. Неге десеңіз, менің алдыма көкірегін мұң торлаған, сәби сүюді армандайтын қыз-келіншектер келеді. Әрқайсысының тілін тауып, мұңын тыңдайсың. Әртүрлі адамдармен бірге әртүрлі тағдырлар келеді. Бізге «Маған бала керек» деп ешкім күліп келмейді. Бәрінде бір мұң, қилы тағдыр бар. Жанары жасауған әрбір жанның мұңын мұқият тыңдап, ішкі күйзелісін түсінуге тырысамын. Қалай да осы жандардың жүгін жеңілдетіп, өз тарапымнан қандай да бір көмегімді тигізгім келіп тұрады.

Емделушім бала көтерсе, өзім де жүктілік бақытына жеткендей бірге қуанамын, мұңайса жұбатамын.

– Қазақстанның «Жүз жаңа есімі» деген жоба туралы естіген шығарсыз? Сіз үшін тәуелсіз Қазақстанның жүз жаңа есіміне кімдер, қандай мамандық иелері лайық?

– Әрине, мені де сол тізімге ұсынылыпты. Өзім де кейін ғаламтордан көрдім. «Жүз жаңа есім» жобасына мені де лайық деп ұсынған екен, ол – менің еңбегімді бағалаған халықтың таңдауы деп түсіндім.

Менің ойымша, тәуелсіз Қазақстанның «Жүз жаңа есіміне» – егемен елдің іргетасын бірге қалаған, қиындыққа көніп, жақсылықта бірге болған, өз саласының білікті де білімді кез келген азаматы лайық деп ойлаймын.

«Жүз жаңа есім» жобасы, шынымен, бүгінгі қоғамға керекті дүние. Өйткені, арамызда қаншама мықты мамандар жүр. Жарнамасы жоқ. Ешкім танымайды. Бірақ солар шетінен жұмысына тастай, қазақ елінің гүлденуі мен көркеюі үшін барын аямайтын асыл жандар.

Жаңа есімдерге мына саланың мамандары лайық деп айту қиын. Өйткені, кім болса да, ол өз ісінің білгірі болса, сосын еліне пайдасы тисе, ол жаңа есім. Бірақ заман көшіне қажетті технология, ғылым-техниканың мамандары, тіл мамандары, медицина, өнер мен спорт саласының саңлақтары, әрине, жүз есімге таптырмайтын жандар деп білемін.

«Жүз жаңа есімге» ұсынылған, жобадан өткен кез келген азаматқа, бұл жоба бұрынғыдан да артық жауапкершілік жүктейді деп білемін. Өйткені, тәуелсіз қазақ елінің азаматтары сеніп жасаған таңдау!

– Әңгімеңізге, көп рахмет! Ел игілігі үшін жасап жатқан жұмыстарыңыз жемісті болсын!

Жарас ШӨКЕ

Сәті түскен сұхбат

«Жүз жаңа есімге» кімдер лайық? Үміткерлердің бойында қандай өнер болуы керек? Немесе бұл жобаға ұсынылған азаматтар қай саланың үздіктері болғаны жөн? Осы сұрақтарды аға буын азаматтарға қойып көрдік. Олардың ойы-талғамы бөлек. Қазақстан парламентінің бұрынғы депутаты, қоғамдағы кез келген мәселеге бей-жай қарамайтын мемлекетшіл азамат, жазушы-көсемсөзші **Жарасбай Сүлейменовке** қоңырау шалдық.

ТАҢДАУ ТАРАЗЫСЫ АУЫР

– Қазақстанның «100 жаңа есімі» дегенді сіз қалай түсінесіз?

– Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында осы мәселе қозғалды. Менің ойымша, бұл жақсы бастама. Ерлік істері тарих қойнауында қалған бабаларымызды ұлықтаумен бірге, өзіміздің замандастарымызды, тәуелсіз елдің іргесін бекітуге үлес қосып жатқан қайраткерлерді, нағыз саңлақтарды танып, біліп, жақсы ісін, қол жеткізген табысын елге жария етуіміз керек. Осы жағынан алып қарар болсақ, өте құнды бастама. Жобаны қолға алып, жүзеге асыруға кірісіп, тіпті аяқтап та қойды. Ақпарат құралдарындағы алғашқы кезеңнің қорытындысын көзім шалып қалған.

– Осы «100 жаңа есімге» кімдер: қай саланың мамандары лайық деп ойлайсыз?

– Мұны белгілі бір саланың мамандары болуы керек – деп бөліп-жарудың еш қажеті жоқ. Өйткені, мұнда жұлдызы жарқырап жүрген, көпке үлгі болар майталмандар, ақылы және еңбегімен оза шапқан барлық саланың өкілдері енуі қажет. Алдыңғы қорытындыға қарар болсақ, тағы да бір пысықтаудың қажеттігі байқалды. Негізі, үміткерлерді анықтаудың тетігі терең ойластырылуы қажет. Интернет, сайт арқылы дауыс берумен ғана шектелмей, таңдау бүкіл халықтық сипатта жүруі шарт. 100 адам таңдалып, үш адамның үстінде дауыс берген жеткіліксіз. Аса танымал емес, осындай құрметке лайық болуға әлі жете қоймаған жандар да арасына еніп кетуі мүмкін. Сол себепті де әуелі жобаның жеке өзінің танымалдығын қамтамасыз етуі керек дегім келеді. Ертеңгі күні таңдалған жүз адам еліміздегі 18 млн әлеуметтің ішінен таңдалып алынған нағыз жұлдыздар болып шыға ма, шықпай ма, оны да ойлаған дұрыс.

Алғашқы нәтижеге қарар болсам, Батыс Қазақстан облысының Зеленов ауданында орталық аурухананың медбикесі жолда келе жатып, бір келіншекке қиын жағдайда босануына көмектесіпті. Сол себепті осы кісі де ұсынылыпты. 100 адамның алғашқы қатарындағылардың есебінде тұр екен. Мұндай жағдай өмірде бола береді емес пе? Бір ғана еңбегі үшін еліміздегі ең таңдаулы тұлғаның қатарына қосу, меніңше, дұрыс емес. Айталық, медицина саласында Астанадағы тәрбие хирургиялық орталықтың басшысы бар. Бұл кісі әлемдік деңгейдегі дәрігер. Медицина саласында төңкеріс жасаған реформатор. Міне, осындай жандар ұсынылуы тиіс. Бұл Қазақстанның атын әлемге танытып, елге, халыққа пайдасын тигізіп жүрген тұлға. Бұған қоса, Солтүстік Қазақстан облысындағы «Дайындық» ЖШС директоры Біржан Шаймерденов деген азаматқа дауыс берер едім. Не үшін десеңіздер, бұл кісі өзінің ауылын нарықтың дауылынан, көптеген қиындықтан сақтап, шағын ғана ауылын ешкімнің көмегінсіз тұрғындарға жағдай жасап, белгілі бір үлкен шаруашылыққа айналдырды. Ауылды сақтау, жағдайын көтеру біздегі басты міндеттің бірі. Осылайша, бұл үлкен мәселені шешіп отырған азамат. Міне, осы жағын да ескеру керек.

– XXI ғасырдың, Тәуелсіз Қазақстанның «100 жаңа есімін» анықтаудың түпкі мақсаты не деп ойлайсыз?

– Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен соң, біздің еліміздің ғана жұлдызы жанған жоқ, көптеген жандардың жолы ашылды. Мысалы, Кеңес үкіметі тұсында әншілеріміз үлкен сахнаға шыға алмай, тасада қалып қоятын. Басқа ғылымда да сондай жағдай көп орын алды. Ал бүгінде осыған көптеген мүмкіндік, жол ашылды. Қай салада болсын, жақсы көрсеткішке жеткен, елінің дамуына қызмет еткен азаматтар көп. Сол себепті де 100 адамды таңдап алу ең бір жауапты жұмыс, талғамды таңдау.

– Елбасымыз Н.Назарбаев осы «100 жаңа есім» жобасын не себепті көтерді деп ойлайсыз? Қандай қажеттіліктен туған идея?

– Мұның сыры – болашақ ұрпақты, замандастарымызды осындай тұлғаларға ұқсатып тәрбиелеу болып табылады. Елінің дамуына қызмет етіп жатқан азаматтар бүгінде өте көп. Солардың биіктерді қалай бағындырғанын халыққа түсіндіруіміз шарт. Әркімнің тағдыры өз қолында екенін ұғуы тиіс. Оның ар жағында елін, ұлтын сүю, Отанды сүю сезімі жатыр. Осындай жандар ғана жақсы нәтижеге қол жеткізе алады. Бір жандар өзінің ісін көрсетуі үшін ұмтылып жатады. Ал енді бірі, тіпті дымын шығармастан өз ісін ғана сүйреп жүреді. Шындап келгенде, оның тірлігі бүкіл бір ұлтқа үлгі болуы мүмкін. Міне, осының аражігін ажыратып алуымыз керек. Елбасы бұл тапсырманы дұрыс тапсырып отыр. Сол себепті де осыны жүзеге асырушылар асығыссыз, саралай отырып, даралауы қажет. Көптің игілігіне айналдыруы тиіс.

– Әңгімеңізге рахмет!

Салтанат ШЫРЫНХАН

E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

Бүгінде игілігімізге жаратып отырған электр қуаты, табиғи газдан болашақта тапшылық тартуымыз әбден мүмкін. Сол үшін бүгінгі күннен бастап баламалы қуат көздерінен электр қуатын өндіруге басым бағыт берілмек. Осы бағытта атқарылып жатқан істер де ауқымды. Ол үшін жел, су, күн электр стансаларын салып, баламалы қуат көздерін көбейту күн тәртібіне шығып отыр. Осы жұмыстың бәрін білікті, бесаспап мамандар атқаратыны белгілі. Осыған орай, «Қазақстанның жаңа индустриясы» атауымен мемлекеттік деңгейде индустрияландыру картасы кезең-кезеңмен іске асырылып келеді. Оның алғашқы кезеңі 2010–2014 жылдар аралығы деп белгіленіп, осы жылдар ішінде экономикамызды ілгерілететін жобаларды қаржыландыру мен іске қосу жұмыстары сәтті жүргізілді.

ЖЕТІСУҒА ЖАРЫҚ БЕРГЕН МОЙНАҒЫМ!

Энергетика

Алматы облысы табиғатының мүмкіндіктері осы саланы дамытуға аса қолайлы. Облыс әкімдігінің 2006 жылғы 3 маусымдағы № 153 шешімімен Алматы облысының 2006-2015 жылдарға арналған су және жел электр энергетикасын дамыту бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама шеңберінде арнайы жобалау институтының ұсынысында облыста су электр стансаларын салуға арналған алпыстан аса болашағы зор аумақ және Шелек жел дәлізі мен Жоңғар қақпасындағы жел электр стансалары қарастырылған. Бағдарлама аясында 2008 жылдан бері жалпы қуаттылығы 324 МВт болатын Мойнақ су электр стансасы, 7 шағын су электр стансасы және бір күн электр стансасының құрылысы жобалары іске асырылды. Облыстың жаңартылған энергия көздерінің әлеуеті жүзеге асырылған жобаларды қоса алғанда жалпы қуаттылығы 749,6 МВт құрайтын 17 су электр стансысымен және 2 МВт күн электр стансасымен толықты.

Мойнақ су электр стансасының (СЭС) құрылысы Қазақстан өз Тәуелсіздігін жариялағаннан кейінгі кезеңде қолға алынғаны белгілі. Аталған нысан жұмысының барысымен мемлекет басшысының өзі бірнеше рет барып, танысып қайтқан еді. Сондай сапардың бірінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Мойнақ СЭС 1 027 млн кВт/сағатқа дейін энергия өндіру мүмкіндігін беретіндігін өткен болатын.

Нұрсұлтан Әбішұлы «Мен Мойнақ су электр стансасының құрылысымен етене жақын танысып қайттым. Бұл нысан іске қосылған жағдайда 300 мегаватт энергия өндірсе, аймақтағы энергия тапшылығының мәселесі түпкілікті шешілген болар еді. Негізінен, Мойнақ СЭС-ның қуаты 1 027 млн кВт/сағатқа дейін өнім өндіру мүмкіндігі біздерге көп үміт күттіреді», – деген еді.

Жалпы, ұқсата білгенге су – тек тіршілік көзі ғана емес, сондай-ақ арзан қуатты өндіретін дайын табиғи ресурс. Осы орайда еліміздің энергетика саласындағы ең ауқымды жобаларының бірі әрі бірегейі – Мойнақ СЭС-і екені даусыз. Кез келген елдің ұлттық экономиканың өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымындағы маңызды сала әрі өнеркәсіптің басқа салаларын дамытатын қозғаушы күш – энергетика. Сондықтан жер бетіндегі елдер қуат көзін өндіретін кәсіпорындарды көптеп салуға күш салуда.

Шарын аймағында СЭС салу мәселесі өткен ғасырдың 30-жылдардан бастап сөз бола бастады. 1970 жылдардың басында Ыстықкөлдегі су деңгейі төмен түсіп кеткеннен кейін айырқалпақты ағайындар Кеген ауданындағы *(қазіргі Райымбек ауданы)* Қарқара өзенін Ыстықкөлге бұру турасында жоғарыға ұсыныс айтты. Ол кезде қырғыз-қазақ деп бөлінбегені белгілі. Осылайша қырғыздар Шарынға құятын негізгі Қарқара өзенін бұруға барынша әрекеттенді. Бұл бағытта арнайы жоба да жасалынды. Кейіннен бұл іске Дінмұхамед Қонаевтың өзі араласып, Қарқара өзенінің арнасын Ыстықкөлге қарай бұрудан сақтап қалды. Егер сол кезде Д. Қонаев ақсақал үнсіз қалғанда Қарқара өзенін қырғыздар бұрып алып, біздер Мойнақ СЭС-ін салуды мүлде ұмытар ма едік, кім білсін? Осылайша 1980 жылдардың басында Мойнақ СЭС-ін салу жұмысы қолға алынды. Маңызды гидротехникалық нысанның құрылысын жүргізу ісі сол кездегі «Есіксуқұрылысы» мекемесіне жүктеліп, 1984 жылдан бастап жұмыс қарқын ала бастады. Әу баста СЭС туралы сөз болмаса керек. Тек Шарынның төменгі ағысы тұсындағы 50 мың гектар жерді суландыру үшін су қоймасын салу ғана әңгіме болған. Құрылыс басында «Қазахвзрывпром», «Тоннельспецстрой», «Гидроспецстрой» сияқты бірнеше түрлі құрылысты жүргізуге маманданған ұйымдар жұмыс істеді. Олар жұмыс қанша ауыр болса да мойығаны жоқ. Бір-біріне көмек қолын созып, ортақ істі тездетіп аяқтауға бар күшін сарп етті. 1985 жылдан 1991 жыл аралығында негізгі ауыр жұмыс бітті. Су шығару плиталары орнатылып, құрылыстық тоннельдер мен көптеген бетондық жұмыс аяқталды. Негізгі құрал-жабдықтар алынып, кейбірі, тіпті орнатылып та үлгергені есімде. Осылайша құрылыстың 70 пайызы аяқталып, 94 метр болатын су қорғаны тұрғызылып, аз ғана жұмыс қалған кезде Кеңестер Одағы құлап, құрылыс күрт тоқтады. Қаржылық қиыншылықтар етектен тартып, Бестөбе су қоймасының жұмысын толықтай тұралатып тастады.

Еліміз тәуелсіздік алып, экономикалық ахуал бір қалыпқа түскеннен кейін Стахан Белхожаев 2001 жылдың қыркүйегінде Мойнақ СЭС-нің құрылысын жандандыру турасында мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа жағдайды баяндап хат жазады. Бұдан кейін ақжолтай хабар да көп кешікпей келді.

– Елбасы менің хатымды мұқият оқып шыққаннан кейін сол кездегі үкіметтің төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевқа менің ұсынысым маңызды екенін айтып, бұл мәселені жедел қарастыру турасында тапсырма бергенін естігенде төбем көкке екі елі жетпей қалды. Өз кезегінде Қасым-Жомарт Кемелұлы да тиісті ведомстволарға менің ұсынысым бойынша жұмыс істеуді тапсырды. Экономикалық жағдай біршама түзелгенімен мұндай ірі жобаға қаржы табу қиын болды. Бұл жобаның еліміз үшін маңыздылығын түсінгеннен кейін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Мойнақ СЭС-ін салу мәселесін Шанхай ынтымақтастық ұйымының күн тәртібіне ұсынады. Өз кезегінде шығыстағы көршіміз жобамен мұқият танысып шыққаннан кейін Мойнақ СЭС-інің құрылысын қаржыландыруға келісім береді. Осылайша мемлекет басшысының табандылығының арқасында Мойнақ СЭС-і өмірге келді, – деп Стахан Белғожаев ғасыр жобасы деген атауға ие болған алып құрылыстың қалай басталғанын айтып берді.



> ***«Елдің бірыңғай энергиямен қамтамасыз ету жүйесін нығайтудың аса маңызды міндеті жүйе түзуші ұлттық электр желісін (ҰЭЖ) дамыту болып табылады.***
>
> ***Шығыс Қазақстан және Алматы өңірлерін электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттыру және «Солтүстік – Оңтүстік» бағытындағы транзитті күшейту мақсатында «KEGOC» АҚ «Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік 500 кВт транзит құрылысы» жобасын іске асырады.***
>
> ***Бұл елдің солтүстік, шығыс және оңтүстік өңірлерін энергиямен қамтамасыз етуді шеңберлеуге, сыртқы өнім берушілерге тәуелділікті төмендетуге және тапшылық жағдайында энергияны тиімді бөлуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, бұл электр құнына оң әсерін тигізеді, ал бұл өз кезегінде, экономикада тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер құнының төмендеуінен көрініс табады»***
>
> *(«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)*

Соның нәтижесінде 2005 жылғы 21 қарашадағы №1143 «Мойнақ» су электр стансасының құрылысы» туралы үкіметіміздің арнайы қаулысы шықты. 2006 жылы қолға алынған құрылыс 2012 жылғы сәуір айынан бастап іске қосылды. 2013 жылдың мамыр айының соңғы күндерінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Мойнақ СЭС-інде болып, екінші су агрегатын іске қосты. Ел қуанышын еселеп, жұрт жақсылығына ортақтасты. Гидроэлектрстансаның құрылысын ұйымдастырғандар және оның акционерлері «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы болғаны белгілі. Оған акцияның 51 пайызы тиесілі, ал «Мойнақ СЭС» және «Бірлік» акционерлік қоғамдары акцияның 49 пайызын иемденді. Қазіргі кезде толық күшімен жұмыс істеп жатқан Мойнақ су электр стансасы Қазақстанның энерго жүйесінің оңтүстік аумағын толықтай қуат көзімен қамтамасыз ететін мүмкіндікке ие. Қазірдің өзінде алып нысан Алматы облысының көптеген аймағын қуат көзімен қамтамасыз етіп отыр.

Мойнақ СЭС-інің орналасқан жері де ерекше. Таудың басынан төмендегі Шарын шатқалына қарай қиылып салынған кең жол сай-сай, беткейлерді жағалай тұп-тура бас ғимаратқа тіреледі. Бір жағы «Ақтоғай» алабы. Бұл жерге бүгінде балық өсіріліп, адамдар демалатын орын салынуда. Жол жиектерінің бәріне күннен қуат алып, түнге қарай жарқырап тұратын шамдар, биік бағаналар орнатылған. СЭС-ның Шарын өзені жағасындағы жер бетінен биіктігі 5 қабатты үйдей еңселі, көрікті бас ғимараты – көз қуанышындай. Дәлірек айтқанда, «Бестөбе» су қоймасы, 16 шақырым көл құралған жерден бастап 9 шақырым жер асты су жолының (тоннель) тіреле тұсы осы жер. 9 шақырымнан арындай ағып 500 метр биіктіктен құлай қуатты жарық көзін тудыратын жері осы ғимараттың астында. Арынды су өзін тосып тұрған 2 су агрегатын шыр көбелек айналдырып 300 мВТ қуат көзін тудырады. Жыл сайын бұл станса 1 миллиард 27 миллион кВт сағат электр өнімін өндіреді. Су агрегаты орналасқан жердің биіктігі 5 қабатты үйдей еңселеніп кең жерді алып жатса, жер астындағы бөлігінің өзі 3 қабат болып шықты. Қараңызшы, сан ғасыр, талай жылдар өз арнасымен бір қалыпты ағып келген Шарын өзені бүгін адамның ғаламат ақыл-ойының, білімінің жемісі, қуатты қолының еңбегімен бағытын өзгертіп, жер астынан жасалған жаңа арнасымен құлдилай, екпіндей, арындай келіп тура осы жерден қос агрегатты шыр айналдыра, ғимараттың екінші жағындағы астынан бұрқырай шығып қайта арнасына қосылып жатыр «Мойнақ» СЭС-ін іске қосуға жалпы 54, 1 миллиард теңге қаражат жұмсалды. Қуатты станса 20 жыл ішінде өзін жасауға жұмсалған бар шығынды өтейтін болады. Оның сыртында Орталық Азия энерго жүйесі бірлестігінің электр энергиясына еліміздің тәуелділігін болдырмауды қамтамасыз етеді. Облысымыздың өнеркәсіптік көрсеткішіне жыл сайын 7,6 миллиард теңгеге дейін тауарлық өнім қосып, бюджет қоржынына 1,790 миллион теңге түсім түседі.

Мойнақ СЭС-інде өндірілетін экологиялық таза және арзан электр қуаты, ағымдағы өндіріс шығындарының азайтуға, қуат жинау мен оны тұтынушының сұранысына қарай бөлу өте икемділігімен ерекшеленеді. Жетісу өңіріндегі тұтынушыларға қажетті электр қуатының 50 пайызы Екібастұз, Жамбыл СЭС-терінен және көршілес Қырғызстаннан сатып алынатындықтан, құны да қымбат. Мәселен, әлемде 1 мың киловатт электр қуатының құны 1 500 АҚШ доллары болса, ол өте арзан деп саналады. Ал Мойнақ су стансасында әлемдегі ең арзан электр энергиясы өндіріледі. Мойнақ су электрстансасы бүгінде өңірдегі электр қуаты тапшылығын барынша төмендетті.

Екіншіден, көлемі 238 млн шаршы метр болатын үлкен су қоймасы көктемгі еритін қар, нөсер жауын әсерінен өзендер арнасынан шығар жылдағы тасқын қаупінен құтқарады. Егіндіктер мен жайлымдықтарды су алу қаупі азаяды. Құрылыс нысандары су астында қалмайды. Суармалы алқаптар үшін де бөгеттің көмегі орасан болмақ. Үшіншіден, кез келген су энергетикасы нысанының өзге қуат өндірушілерден басты айырмашылығы – ауаны ластамайды, табиғатқа зиян келтірмейді. Сондықтан болашақта Мойнақ СЭС-і қуат өндіретін экономикалық маңызды нысан ғана емес, жұртшылық демалысын мәнді өткізетін туристік орталыққа айналады. Таулы өңірдегі Мойнақ су қоймасының маңында шаңғы базасы соғылып, демалыс үйлері тұрғызылатын болады. Тоғанда өмір сүруге бейімделген балықтар тұқымы өсіріліп, мұнда туризмді дамыту өндірістік негізге қоятын зор мүмкіндікке ие.

Мойнақтың басқа су электр стансаларынан өзгешелігі – таулы жерге салынғандығында. Шарын өзенінің құлама биігінде топтала орналасуында. Биіктігі 500 метрлік тік құлама. Тағы бір ерекшелігі – Шарын осы жерде 10 шақырымдық су шығаратын тегеурінді бөген арқылы өтетін су құрсауы қыса түсетін ағын береді. Энергетиктер қысыммен келген ағынды турбинаға бағыттап жібереді. Тағы бір айта кететін жайт, станса жоғары сейсмикалық аймақта орналасқандықтан, қауіпсіздік жағынан өте мығым.

ТҮЙІН

Мойнақ ГЭС-і өз қуаттылығы бойынша жұмыс істегелі бері Алматы облысының су және жел электр энергетикасын дамыту бағдарламасын жүзеге асыру барысында өзге аймақтардан келетін электр қуатының мөлшері 44%-дан 33%-ға дейін азайған. Сонымен қатар жасыл энергияның үлесі 16,6%-дан 27%-ға дейін өскен. Дегенмен, облыс көлемінде өндірілетін электр қуаты жылына 3 миллиард кВт/сағаттық электрқуатты қажет ететін тұтыну көлемін қамти алмайды. Сол үшін оның көлемін ұлғайту керек. Осы бағытта көптеген жұмыс атқарылып жатыр, атқарылуы тиіс жұмыстар кезек күтіп тұр. Мысалы, бағдарлама аясында жалпы қуаты 496 МВт болатын 38 нысанның құжаттары дайындалып, қажетті жер телімдері нақтыланған. Тіпті қаржыландыру көздері де анықталып, тапсыру мерзімі белгіленіп қойылды. Олардың 33-і су электр стансасы, үшеуі жел электр стансасы, біреуі күн электр стансасы және біреуі биостанса болады. Кейбірі бүгінде ел игілігіне берілді. Демек, осы батыл қадамның бәрі де Елбасы «Ғасыр жобасы» деп атаған Мойнақ ГЭС-ін қолданысқа берумен тікелей қатысты. Өйткені, алып құрылыс бізге үлкен жобаларды да қиналмай орындай алатынымызды дәлелдеп берді.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

Жиһанкез

МӘҢГІЛІК МАХАББАТ МЕКЕНІ

Үндістанға барғанда міндетті түрде «алтын үштаған» аумағын аралау керек. Оған Дели *(Нью-Дели),* моғол империясының астанасы болған Агра және Раджастан корольдық штатының бас қаласы Жайпур кіреді. Біздің еліміздің барған бір топ журналист осы үш қаланы араладық. Төрт күнге созылған сапар барысында көрген-білгеніміз көп, алған әсер мол. Төрт күн төрт жылға бергісіз. Қағазға түсірсең, кішігірім кітап шығатын түрі бар. Бірақ бізге дейін үнді елі туралы талай әфсана жазылған. Бізден кейін де жазылатыны сөзсіз. Сондықтан барынша қысқартып баяндауды жөн көрдік.

БІРІНШІ КҮН. ДЕЛИ

Бұрын мән бермеппіз, Үндістан соншалықты қашық емес екен. «Эйр Астананың» самұрық құстай ұшағы ертегілер еліне небәрі 3 сағат 50 минутта алып келді. Жайлы ұшақта отырып, сымбатты да сыпайы стюардессалар ұсынған дәмді аспен алданасың. Арасында біраз қалғып алам дегенше уақыттың қалай өткенін байқамайсың да.

Алып шаһардың үстін мұнар басқан. Қараша айына тән құбылыс. Бұл уақытта жел соқпайды. Сондықтан қала төбесінен түтін кетпейді.

Дели көшелері көлік кептелісінен көз ашпайтын сияқты. Біздегідей белгілі бір уақытта тұрып қаламыз деген әңгіме жоқ. Бір-бірін озуға тырысқан мәшине, автобус. Екі аяқты мотоциклге екі-үшеуден мінгесіп алғандар. Кейде ерінің арқасына жабысқан әйелдің қолтығынан кішкентай баланың басы не башпайы көрініп қалады. Жасыл-сары түсті тук-тук көп. «Тұра тұршы, мен қалып қоймайын» дегендей алға ентелейді. Рөлде отырғандар келсін-келмесін гудок беріп, азан-қазан шудан құлақ тұнады. Біраздан соң бұған да құлағымыз үйренді.

Хумайунның мазары. Ырғалып-жырғалып жүруге уақыт қайда, түстен кейін қаланы аралауға шықтық. Жолбастаушы Вед Кумар бізді Нью-Делидегі ең бір көрнекті орындардың бірі – Хумайун мазарына алып келді. Үндістандағы ұлы моғол империясының негізін салған Әмір Темірдің ұрпағы Бабыр патшаның баласы Хумайунның мәңгілік мекені бұл. ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұрасының тізімінде. Сәулеті жағынан атақты Тәж Махалға ұқсас деседі. 47 жасында баспалдақтан құлап мерт болған күйеуіне арнап Хамида Бану Бегім салдырыпты. 1562 жылы құрылысы басталып, 8 жылға созылған. Қызыл құмтастан тұрғызылған әсем мазарда тек Хумайунның ғана емес, Хамида Бану Бегімнің, басқа да жақындарының мүрдесі қойылған.

Келуші көп. Шетелдіктер, жергілікті халық жосылып жүр.

Кешкі 5-тен кейін мұнда ымырт үйіріле бастайды. Көлік кептелісі күндізгіден сұмдық. Тасбақаша жылжыған автобус, терезесінен шаһардың тыныс-тіршілігі, тіпті қарбалас көрінді. Екі аяқты мотоциклдер лек-легімен қозғалғанда үндінің көзтаныс фильмін көріп отырғандай әсер қалдырды.

ЕКІНШІ КҮН. ДЕЛИ

Құтыб Минар. Бізге Құтыб Минар қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Индия очерктерінен» таныс. Енді, міне, өз көзімізбен көруге жазыпты. Жартылай құлаған Куат-ул-Ислам мешіті де осы арада. Мұнараны Құтыб-Әд-Дин салдырған деседі. Шыққан тегі құл болса да, өзінің жағымды мінез-құлқымен Мұхаммед Гүри сұлтанға жаққан. Сол үшін де сұлтан Құтыб-Әд-Динді үнді жерінде жаулап алған аумақтарға губернатор етіп тағайындаған. Құрылысы 1199 жылы басталған мұнараның биіктігі 72,5 метр. Әлемдегі ең биік мұнара. Қызыл-сары құмтастан тұрғызылған мұнара ерекше өрнегі һәм мәрмәр әшекейімен көз тартады. Осы кешеннің аумағында биіктігі 7 метрлік темір діңгек тұр. Таза темірден 4-ғасырда тұтас етіп құйған. Тат баспайды. Осы діңгекке қатысты мынадай ырым бар: оған арқаңды беріп құшақтасаң, арманың орындалады. Әркім барып сүйкене бергесін бе, қазір қоршаулы. Соған қарамастан, алыстан ырымын жасап жүргендер де табылады. Құтыб Минар туралы жолбастаушымыз айтып берген қызық әңгіме көкейде жатталып қалды.

Ақшардам. Сән-салтанаты келіскен сарайдың сыртқы келбетіне қарасаң, көне ескерткіштей. Әйтсе де, ол – қазіргі заманның ғимараты. Құрылысына 500 миллион доллар жұмсалған. Сіңірі шыққан кедейі көп елде мұндай қаржы қайдан? Қайыр-садақадан. Ақшардам – әлемдегі ең үлкен индуизм храмы. Гиннес кітабына енген. Ақшардамды салушылар «Тәж Махалды ұмытыңдар, біз Үндістанда одан асып түсетін ғимарат салдық» дейді екен *(әйтсе де, Тәж Махалдың орны бөлек қой).* Алқызыл тастан қашалған Ақшардам жүздеген мүсінмен безендірілген. Іші алтынмен апталып, ақ мәрмәрмен қапталған. 7000 жұмысшы күні-түні тыным көрмей, бес жыл салған деседі.

Бір қызығы, кіру тегін. Тек қолындағы заттың бәрін арнайы қоймаға тастап кетесің. Суретке түсіруге болмайды. Кірер кезде үсті-басыңды арнайы құралмен тексереді.Қысқа етек кигендерге бір жапырақ мата ұстатады. Жалпы бұл елде қауіпсіздік мәселесіне айрықша мән беретіні байқалды. Әлбетте, ланкестік өршіп тұрған заманда бұған қуанбасаң, ренжімейсің.

Кетер кезде жарқыраған сарайға тағы бір көз тастап, ертегіде айтылатын патша сарайы осындай болған шығар деген ой келді.

«ЭЙР АСТАНА» – ДЕЛИ ТӨРІНДЕ

Үндістан астанасындағы саяхатымыз осымен тәмам болды. Ертең Аграға жүреміз. Бәріміз де Тәж Махалды бір көруге асықпыз. Кешқұрым «Эйр Астана» компаниясы қонақасы берді. Бұл кешті компания бекерге ұйымдастырып отырған жоқ. Биыл Алматы-Дели-Алматы бағытының ашылғанына 13 жыл толды. 2004 жылдың қыркүйегінен Эйрбас 320/321 және Эмбраер-190 (2011 жылдан бастап) ұшағымен биылғы жылдың қазан айына дейін 500 мыңнан астам жолаушы, 555 мың тоннадан астам жүк тасымалданған. Санкт-Петербор, Мәскеу, Киев, Бейжің, Ыстамбул, Үрімжі, Тбилиси, сондай-ақ еліміздің басқа қалаларынан Делиге ұшқысы келетін жолаушылар үшін тиімді. Билет құны 80 620 теңгеден басталады. Ұшу уақыты – 3 сағат 50 минут. Айта кету керек, үстіміздегі жылдың он айы ішінде Алматы-Дели-Алматы бағытында 68 623 жолаушы тасымалданды. Бұл өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 22 пайызға артық.

Ал биылғы 2 шілдеде Астана-Дели-Астана бағыты іске қосылды. Елорданың тұрғындары енді Алматыға келіп уақытын жоғалтпайды. Мәскеу, Санкт-Петербор, Ыстамбул, Киев, Франкфурт, Үрімжі, Баку, Бейжің, Омск жолаушылары үшін транзит есебінде пайдалануға ыңғайлы. Билеттің бағасы 80 472 теңгеден басталады. 2 шілдеден қазан айына дейін «Эйр Астана» 7,5 мыңнан аса жолаушы, 10 мыңнан астам жүк тасымалдап үлгерген.

Негізі «Эйр Астана» компаниясы қандай да бір жаңа бағыт ашарда әбден зерттеп, пайдасы мен зиянын електен өткізеді. 31 ұшағы бар әуе компаниясы 65 халықаралық және ішкі бағыттағы рейстерді жүзеге асырады. Сондай-ақ маман даярлау жағын да назардан тыс қалдырмайды. Бұрын да талай мәрте жазғанбыз, тағы да айта кетейік. Бәлкім, кең-байтақ еліміздің бір бұрышында ұшқыш болуды армандайтын қарадомалақтардың бірі болмаса, бірінің көзіне шалынар. «Эйр Астана» ab-inito бағдарламасы бойынша Испания мен Ирландияда ұшқыштарды, Германия, Ұлыбритания және Қазақстанда бортжүргізушілерді дайындауды жүзеге асырады. Келесі жылы Астанадағы инженер-техникалық орталығында PART-66 стандарты бойынша авиатехниктерді оқытуды бастайды. Осы орайда компания жуырда ғана «Арманыңды іске асыр!» шарасын қолға алды.

Дели төрінде өткен кеште қазақтың киіз үйі тігіліп, күйі күмбірледі. Елден жырақ жүргенде бұл да жүрекке жылы тиді.

ҮШІНШІ КҮН. АГРА

Тәж Махал. Аграға біз тапа-тал түсте жеттік. Жолбастаушымыз Вед Кумар бірден Тәж Махалға алып келді. Өйткені уақыт аз, көретін тағы бір-екі жер бар. Тәж Махалға бірден кіре салмайсың. Маңына көлік жолатпайды. Шағын электрлі автобус ары-бері тасиды. Адам көп. Гид «автобус келгенде шабуылдаймыз» деп үйретіп жатыр. Бірақ біз сияқты ұмтылғандар көп. Әйтеуір, екіге жарылып мінсек те, жанына жеттік-ау. Ұзын-сонар кезек. Бір тәуірі, шетелдіктерге арналған кезек бөлек. Мұнда да тексеру. Осының бәрі әжептәуір уақыт алады. Тәж Махалды аралауға 30-40 минут қана берілді.

Мәңгілік махаббат пен адалдықтың символына айналған жеті кереметтің бірі алдымыздан жарқ етіп шыға келді. Аршыған жұмыртқадай аппақ сарайдың әсемдігін ауызбен айтып жеткізу қиын. Оны әркім өз көзімен көруі керек. Жаһан шах сүйген жары Мұмтаз махалға арнап осындай сәулетті сарай салдырғанда, кейін оның мәңгілік махаббат мекеніне айналатынын білді ме екен?

Агра қамалы. Агра – өзіндік тарихы бар ежелгі қала. Бабырдың немересі Әкбар шах осы қаланы өз орталығына айналдыруды ойлаған. Тәж Махалдан 25 шақырым жерде орналасқан Агра қамалы осы Әкбардың есімімен тығыз байланысты.

Қамал емес, құдды кішігірім қала. Үнді билеушісі Сикарвар Ражпутс салдырған. XIII ғасырдың соңында Сикандер Лоди сұлтан Аграға көшіп, осы қамалды мекендейді. Сол кезде Агра сұлтанаттың екінші астанасына айналады. 1517 жылы Сикандер өлгеннен кейін баласы Ибраһим бекініс аумағында мешіт төбеде. Оған джиппен не пілмен жетуге болады деп естігенбіз. Піл көзімізге шалынбады. Джиптің жүргізушілері біздің таксистер сияқты пысық. Бес-алтаудан отырғызып алды да, тар көшемен төбеге қарай алып жөнелді.

Әмбер қамалы 4 бөліктен тұрады. Әрқайсысының өз кіреберісі мен ішкі ауласы бар. Қамалдың шығыс жағындағы «Күн қақпасы» әмірші мен ақсүйектерге арналған. Екінші аулада екі қатарлы бағанасы бар үлкен зал орналасқан. Осы арада адамдар раджаға арыз-шағымын айтуға жиналатын. Қамалдың үшінші бөлігі әміршінің жатын орны. Қабырғадағы ою-өрнек көздің жауын алады. Ұсақ айнамен әдіптелген залынан туристер айналшықтап кеткісі келмейді. Рас-өтірігін қайдам, қараңғыда бір шырақ жаққанда жап-жарық боп кетеді дейді. Төртінші бөлік әміршінің әйелдеріне арналыпты. Жолбастаушының айтуынша, әмірші құпия галерея арқылы кез келген ханымына жасырын бара алған.

Жел сарайы. Жайпурда көрнекі орын көп. Соның бірі – 1799 жылы салынған Хава махал немесе Жел сарайы. Қызыл түсті сарай мыңға жуық балкон-эркермен көмкерілген. Теледидар, интернет жоқ заманда махараджаның ханымдары жай халықтың өмірін көру үшін селдір тордың ар жағынан сығалапты. Шыжыған ыстықта да ішінде жел кезіп жүретіндіктен салқын. Атауы да содан шыққан.

Махараджа сарайы. Моғол және раджпут сәулет өнері ұштасқан керемет сарай. Әр жылдары басқарған махараджалардың сурет галереясы, қару-жарақ, киім-кешек және кілем музейі әміршілердің тыныс-тіршілігін алдыңа жайып салады. Әттең, мұның бәрін суретке түсіруге тыйым салынған.

Тек музейден тыс қойылған жәдігерлерді суретке түсіруге болады. Соның бірі – адам бойымен бірдей алып құмыра. 340 келі тартатын күміс құмыраға 4000 литр су сыяды. II Савай Мадо Сингх махараджа Англияға барарда арнайы жасатқан. Темзаның суын харам көріп, Ганга өзенінен қос құмыраға су толтырып өзімен әкеткен.

Осы арада төрт күн бойы бізге жол көрсетіп, әңгіменің көрігін қыздырған Вед Кумар мырза туралы бір-екі ауыз айта кетейін. Әскерде қызмет еткен адам үшін тәртіпке бағынғысы келмейтін тілші қауымын алып жүру оңайға соқпағаны анық. Бірақ ол бәріне төзді. Сол үшін де алғысымыз шексіз.

СӨЗ СОҢЫНДА

Меніңше, Үндістанда болып қайтқандар екі топқа бөлінетін сияқты. Не басын алып қашады, не осы елге ғашық болып тынады. Бірақ бей-жай қалмайды. Өз басым екінші топқа қосылдым. Ғасырлар бойы әркімнің отарында болып келген көнбіс халық өз болмысын, салт-дәстүрін бұлжытпай сақтап қалыпты. Үнді халқының қиындыққа мойымай, айналаға жымиып қарайтын жайдары мінезі кімді болса да тәнті етеді. Келген адамға бір қырын көрсетіп қоймай, екінші қырымен бұрыла салатын, бір сөзбен айтқанда, мың құбылатын үнді елінің махаббатты бәрінен де биік қоятынын осы сапарда түсіндім. Өзіміз аралап шыққан тарихи орындар да соған меңзейді.

Гүлнар АХМЕТОВА,
Алматы-Дели-Агра-Жайпур-Дели-Алматы
(Суреттерді түсірген автор)

Дели


Тәж Махал

Әмбер қамалы

Хумайун мазары

Жолбастаушы – Вед Кумар

Махараджа сарайы


Құтыб Минар


Агра қамалы

Жел сарайы



E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

Innovation

MADE IN KAZAKHSTAN – САПАЛЫ ӨНІМ

Бұл заман – техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның қарыштап дамыған дәуірі. Оған дәлел мүгедек жандардың жәрдемшісіне айналған роботтар, ел қорғайтын қарулар, ақпарат алмасудың жаңа форматын қалыптастырған ғаламтор тағы басқадай соны дүниелер. Елбасының биылғы Қазақстан халқына Жолдауында алға тартып отырған инновациялық дамудағы басты мақсат – Қазақстанның өз базасын жасау, ең алдымен инноваторларды, жаңа буынның технократтарын дайындау маңызды міндеттерін жүзеге асыруға негізделген. Осы бағытта қарқынды жұмыс жасап, инновациялық компаниялардың дамуына айтарлықтай үлес қосып келе жатқан Алматы қаласындағы Alatau IT City технопаркі. Естеріңізде болса, бұдан бірнеше ай бұрын дәл осы технопарктің қызметкері Марат Сариевпен әңгімелескен болатынбыз. Сұхбаттың мақсаты – технопарктің жұмысымен танысу болса, бұл жолғы меже аталған аймақта орналасқан компанияларға жеке-жеке бас сұғып инновациялы экономика құру жолында шығарып жатқан өнімдерімен танысу һәм оқырманды ақпараттандыру еді.

Редакциядан түс ауа аттанған біз қаладан едәуір қашықтықта орналасқан «Алатау» технопаркіне бір сағаттан соң келіп жеттік. Әдеттегідей аула тап-таза, айнала тым-тырыс. Себебі қайнаған тіршілік зауыттардың ішінде, әрине. Технопарктің негізгі ғимаратынан бізді бизнесті дамыту бойынша менеджер Азамат Төлебаев қарсы алды. Халықаралық IT университетінің түлегі екендігін бұл аймақта жұмысқа орналасқанына екі жылдың көлемі болғандығын айтты. Сондай-ақ бізді технопарк аумағында орналасқан IT компаниялардың тыныс-тіршілігімен таныстыратынын мәлімдеп жол бастады. Ең алғашқы бағытымыз KT Cloud Lab деректерді өңдеу орталығы, яғни дата орталық. Мұнда кіргенімізде бір топ студентке дата орталықтың мамандары таныстырылым жасап жатыр екен. Бөгелместен тыңдаушылар қатарынан орын алдық.

Эльдар Дойынбаев, *дата орталықтың бас маманы:* Бұл дата орталық 2013 жылдың қазан айында толыққанды жұмысын бастады. Негізгі инфрақұрылымдық жүйелеріне келер болсақ: электр желісі, кепілдік электр желісі, қосымша ақпаратты қабылдау, өрт сигнализациясы, көпдеңгейлі қауіпсіздік, және мониторинг жүйелері. Жеке-жеке тоқталар болсам, электр желісінің жүйесі 2 кабельдік желіден және әркайсының қуаты 1600 кВА болатын 2 трансформатордан тұрады.

Кепілдік электр желісінің жүйесіне келер болсақ, бұл технологиялық жабдықты кепілдендірілген электрмен қамтамасыз ету үшін сыртқы электрмен жабдықтау болмаған кезде 1040 кВА / 833 кВт тәулік бойы автономды жұмыс уақытымен орнатылады. Ол арнайы дыбыс өткізбейтін контейнерде орналастырылған. Отын цистернасы - 5 тонна. Сондай-ақ бір тәулік ішінде отын жеткізуге келісімшарт та бар.

Ал салқындату жүйесі негізі 648.50 кВт сыйымдылығы бар екі тоңазытқыш машинадан тұрады. Әрқайсысы этиленгликоль ерітіндісін қолданатын сыртқы тізбекпен біріктірілген. Қозғалтқыш бөлмесінің ауа баптауы «ыстық» дәліздерден ауа өткізетін және қазірдің өзінде салқындатылған ауаны «суыққа» жіберетін «аралас» ауа кондиционерлерімен жабдықталған «суық» және «ыстық» дәлізге сәйкес ұйымдастырылады.

Көпденгейлі қауіпсіздік жүйесі ғимараттың қауіпсіздік жүйесі бейнебақылау жүйесінен, кіруді бақылаудан, магнитті есік құлыптарынан, турникеттерден және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін 24 сағат бойы қауіпсіздік мониторларынан тұрады.

Деректер орталығының айналасындағы үй-жайлар мен аумақ тәулік бойы қорғалған. Техникалық аймақта орналасқан серверге және телекоммуникациялық жабдыққа қол жеткізу тек деректер орталығының қызметкерлерінің көмегімен ғана қамтамасыз етіледі. Клиенттік қызметкерлердің деректер орталығының үй-жайына кіруі тек орталық қызметтерімен алдын ала келісілген тізімде немесе клиенттік компанияның уәкілетті тұлғасы алдын ала тапсырған болуы керек.

Сондай-ақ біздің компания дата орталықтың түрлі қызмет көрсетуімен айналысады. Нақтырақ айтар болсақ, колокейшн, VPS қызметін ұсыну. Сонымен қатар ең басты атқаратын жұмысының бірі – аутсорсинг байланыс орталығымен тікелей байланысты. Қазіргі таңда сатылым өте қарқынды жүріп жатыр деп айта аламыз. Оған дәлел ретінде түрлі секторлардан ағылып келіп жатқан тұтынушылар.

Деректер орталығы жұртшылыққа түсініксіз болуы мүмкін. Сол себепті жұмыс барысын маманның өз аузынан естігенді жөн санадық. Айта кетерлік бір жайт, әлгінде бізбен бірге таныстырылымда болған студенттер Қазақстан менеджмент, экономика және болжау университетінде оқиды екен. Олардың өз мамандығына қатысты орталықтарды аралап, танысып мамандықтарының қыр-сырын меңгеруге белсене кіріскендігін аңғардық. Арасында Оңтүстік Корея, Сингапур, Франция елдерінен келген студенттер бар. Білімпаздармен бірге біз де технопаркті аралауды жалғастырып кеттік. Келесі бағытымыз Tecata зауыты. Бұдан бірнеше ай бұрын келгенімізде қызметкерлерінің басым бөлігі еңбек демалысында болуына байланысты жұмыс барысымен толықтай таныса алмаған едік. Бұл жолы қызу еңбектің үстінен түсеміз деген сенім мол. Күткеніміздей, бізді компанияның бір топ қызметкері күтіп алды да таныстыруды бастап кетті.

Нұрлан Ербекеев, *Tecata компаниясының бас инженері:* Бүгінде компаниямыз түрлі өнім шығарумен айналысып жатыр. Оның негізгісі жарық шамдары. Шамның 18 түрін өндіру үстіндеміз. Нақты жобаларға арнап тапсырыспен де жұмыс жасаймыз. Нақтырақ айтсам, көбіне тендерді ұтып алған жағдайда белгілі бір жобаларға нақты санымен өнім жөнелту қажеттілігі туады. Шамамен 500-2000 дана аралығында. Қосымша табыс түсіру мақсатында диодты экран өндірісімен де айналысамыз. Жобаларға байланысты ғимараттың сыртын және ішін жарықтандыру үшін шамдармен қоса, қоғамдық және әкімшілік ғимараттар, сауда орталықтары, өндірістік нысандар, көшені жарықтандыру шамдарын өндіру басты назарға алынған. Сонымен қатар өндірілген барлық шамды және LED экранды тексеретін арнайы терезесі жоқ бөлмеміз бар. Ол жерде өнімнің сапасын анықтауға бар жағдай жасалған әрі шамдар күрделі тексеруден өтіп дайын болғанда ғана тұтынушылармен келісімшартқа отырамыз. Сондай-ақ біздің мақсатымыз – LED жарықтандыру өнім желісін ішкі тұтыну үшін жарық шамы ретінде ұсыну. Бәсекелестік болмаса жұмыс та бірсарынды болары белгілі. Қазіргі таңда елімізде көптеген бәсекелес компаниялар бар. Нақты санын айтар болсам, 15 шақты. Бұл дегеніміз – өте үлкен бәсекелестік. Бірақ олар әлі бренд болып үлгермеген Қытайдың және Ресейдің компаниялары. Оған қарамастан, бәсекелестік өте жоғары деңгейде.

Өткен жолы келгенде бір шолып өткен едік. Бүгін студенттермен бірге зауыттың бар жұмысымен таныстық. Мұнда өндірілетін өнімнің барлығы тұтынушылардың қажеттілігін анықтау әрі қанағаттандыру үшін мамандар тарапынан зерттеледі. Сондай-ақ дайын шешімдер жергілікті электр желілері ерекшелігіне бейімделген. Өндірістің барлық кезеңінде жарық көздерінің сапасын бақылау уақыты бес жыл. Қоса кетейік, диодты жарықтандыру үш жылда еліміздің нарығы үшін бұрын-соңды болмаған кепілдік бере алатын дәрежеге көтерілді әрі Made in Kazakhstan өнімдерінің саны да сапасы да өсіп келеді.

Зауыттан шыға берісте университеттен студенттерін жетелеп келген, жұмысына аса жауапкершілікпен қарайтын ұстазды әңгімеге тарттым.

Алма Әлпейісова,
Қазақстан менеджмент, экономика және болжау университетінің менеджмент кафедрасының аға оқытушысы: Біз инновациялы менеджмент сабағының аясында әр семестр сайын осында келіп тұрамыз. Бірінші мақсатымыз – Алатау технопаркі секілді инновациялық аймақтың елімізде бар екендігін көрсету, таныстыру. Өйткені біз үшін де студенттер үшін де мұндай технологиялық өндіріс ошақтарының елімізде жасап жатқан жұмысы таңданыс тудырады. Студент үшін ең маңыздысы қолына диплом алып өз ісін бастағанда мүмкіндіктердің қайда шоғырланғандығын білу. Сонымен қатар болашақта өз бизнесін бастауға ниеттенген жас мамандарға серіктестік орнату үшін де мұнда мүмкіндік мол. Университетіміз көпұлтты болғандықтан, шетелден келген студенттердің де еліміздегі мұндай аумақтарды білуі маңызды деп ойлаймын. Бұл бізге болашақта әлемдік аренада серіктес болуымызға да септігін тигізеді.

Иә, оқытушының сөзінің жаны бар. Әсіресе IT саласында едәуір алға ұзап кеткен Сингапур, Оңтүстік Корея секілді елдерден студенттердің елімізге келіп білім алуы көңіл қуантады. Әрі беріден соң студент ауысым бағдарламасы бойынша сонау Оңтүстік Кореядан келген Джон Лимен сөйлестім.

Джон Ли, *менеджмент кафедрасының 3-курс студенті:* Мен Оңтүстік Корея елінен келдім. КИМЭП университетінде оқып жатырмын. Қазақстандағы оның ішінде Алматы қаласындағы мұндай үлкен технопаркке бірінші рет келдім. Мұндағы өнімдер мені шынында таңдандырды. Барлығын ден қойып, мұқият аралап шықтым. Көңілге көп нәрсе түйдім, өте қызық болды.

Шетелдік студенттердің назарын аударған дүниенің бірі – бұл технопарктің Microsoft, HP, Siemens, CiscoSystems, Oracle, LG, SunMicrosystems, Samsung секілді әлемдік алпауыт компаниялармен жасалған меморандум болса керек. Бүгінде бұл орталықта: Paylink, M'Pay, Edwill Design, TemirSoft, DOC CoLtd, MASAT BV, «ГеоКод», «Нурсат +», «Алстронтелеком», «Геоинформсервис», «АкТех», «РТС Инжиниринг», «Группа компании ЭПО», «НИЦ КИНГ», AhmetYar, «Логиком», KazakhstanComputerGraphics, Innoforce, KT CloudLab, DataCenterSolutions, ZERECON, Cheesenology, SoftTechnologyUtilities, «Корпорация Связь», «Элтекс Алатау», MachineryService, SALARYFAN, «КП Дельта IT», «Лекоин», GlobalGreenIndustries, «Корпорация Сайман», ETS Engineering, «Акситех-Казахстан», BasConsulting, «МТ-Сервис», «АрТелеком», «Институт ИКТ», «Институт нефтегазовогоинжиниринга и информационныхтехнологий КБТУ», AlphaNetwork, BF-Intelligence, «Мембранныетехнологии С.А» секілді елімізге белгілі бірқатар IT компаниялар жұмыс жасап келеді.

Орталықта тек өндіріс жұмыстары жүретіндіктен, IT компаниялардың басым көпшілігінің офисі Алматы қаласының орталығында орналасқан екен. Өнімді таратуда тек елімізбен шектелмей экспорт мәселесі де жолға қойылған. Оның айқын дәлелі – «Элтекс Алатау» компаниясының жақында ғана Иранмен жасаған келісімшарты. Екі елдің министрліктері бірлесіп, сауда-саттық байланысын орнатқан.

Қазіргі уақытта технопарктің аумағының 94 пайызы игерілген. «Алатау» технопаркімен бірлесіп жұмыс жасайтын 134 компанияның 62-сі парк аумағында орналасқан. Қалғаны келісім бойынша Алматы қаласында қоныс теуіпті. Сондай-ақ технопарк аумағында Медеу аудандық халыққа қызмет көрсету орталығының филиалы іске қосылған. Бұл Алатау ауданы мен технопарк қызметкерлерінің игілігі үшін атқарылған шаруа.

Алматының алып аумағын алып жатқан инновацияның қайнаған ортасына екінші рет келсек те, таңқаларлық дүние түгесілген емес. Әр келгенімізде жаңашылдыққа куә боламыз. Технопарктің бір бөлігін аралап шығамыз дегенше қас қарайып қалды. Көкейге көп нәрсе түйіп, инновацияланып Alatau IT City технопаркінен ұзай бердік...

Дайындаған Әбдіманап КЕҢЕС,
Алматы қаласы

«Жаңа индустриялар қалыптастырудың маңызды шарты инновацияны қолдау және оларды өндіріске тезірек енгізу болып саналады. Біз жоғары оқу орындары, Назарбаев Университеті және «Алатау» инновациялық технологиялар паркі базасында өзіміздің ғылыми және инновациялық әлеуетімізді дамытуымыз керек»

(Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына Жолдауынан)

E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

Игілік

Егеменді елімізде соңғы жылдары өңір мен өлкелердің өрісін кеңейтіп, ауыл-аймақтардың қарым-қатынасын жақсартып, әр елді мекеннің қыз-қыз қайнаған тіршілігіне тегеурін болған жолдарды жаңғыртуға басымдық беріліп отыр. Экономиканың өсу мүмкіндіктерін ұлғайтып, барыс-келісті ширататын күре жолдар жаңғырып, ел игілігіне жаратылуда. Елімізде көлік инфрақұрылымының алға жылжуының көрінісін ауылдан алысқа ұзамай-ақ жөнделген ауылішілік жолдармен жүрген, шаруалатып ауданға немесе облысқа, одан әрі асып өзге аймаққа барған ағайын бағамдаған болар. Өзге аймақтармен қатынас-тасымал қуаты артқан біздің облысымыздың жол-көлік инфрақұрылымның иінін келтіру бағытында жоспарлы межеге сай кезең-кезеңімен күре жолдарды жаңғырту жолға қойылды.

Қазіргі таңда «Ақ жол құрылыс» ЖШС облыстық маңызға ие Қиақты-Тұщықұдық автокөлік жолын қайта жаңарту жұмыстарын жүргізуде. Республикалық және жергілікті бюджеттен бөлінген құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Келер жылдың қараша айында бұл жол пайдалануға берілмек.

Әліби Болатұлы «Ақтау-Қаламқас және Таушық-Шетпе жолындағы жасанды ғимараттарды қайта жаңартудың 2-кезеңі іске асып жатыр. Құны 843,3 млн теңге болатын жобаға осы жылы республикалық бюджеттен 400,0 млн теңге, жергілікті қазынадан 44,4 млн теңге бөлінді. Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу жауапкершілігі жүктелген «Ынта» ЖШС келесі жылдың қарашасында бұл тапсырманы орындайды. Жуырда облысымызда туристерге жағдай жасап, туризмді дамыту мақсатында Ата жолы автокөлік жолын жаңарту жұмысы басталды. Ұзындығы 97 шақырымды құрайтын жол 2011 жылы пайдалануға берілген-ді. Алайда бірнеше қабаттан тұратын автожолдың соңғы қабаты, яғни

ЖОЛ ЖАЙЛЫ БОЛСА, ЖҮРІС ТЕ САЙЛЫ

«Автожол, теміржол салаларында және энергетикада елдің ішкі нарығын кеңейтуге, транзиттік және экспорттық әлеуетті, туризмді ұлғайтуға, сондай-ақ ел макроөңірлерінің тұрақты, теңгерімді энергиямен қамтамасыз етілуін құруға бағытталған басым жобалар іске асырылатын болады»

(«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

Маңғыстау облысының жалпы пайдаланымдағы автокөлік жолдарының ұзындығы 2 692,3 шақырымды құрайды. Республикалық маңыздағы жол 1033 шақырым болса, жергілікті маңыздағы жол 1 659,3 шақырымды қамтиды. Жергілікті маңыздағы жолдарға 15 227,9 млн теңге, аудандық маңыздағы және ауылішілік жол құрылысына 2 879,8 млн теңге бөлінді. Облыс бойынша жақсы және қанағаттандырылған жағдайдағы облыстық және аудандық маңыздағы автокөлік жолдарының үлесі жыл басындағы көрсеткіш бойынша 92 пайызды құрады.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысы Әліби Көшербаев «Республикалық маңыздағы автомобиль жолдарына 13 582,1 млн теңге бөлінді. Қазіргі таңда Бейнеу-Шетпе бағытындағы автокөлік жолының 60 шақырымын қайта жаңарту жұмысы жүргізілуде. Бұл жұмысқа 2012-2016 жылдары бөлінген 11 296,0 млн теңге игерілді. 2017 жылға 1 099,1 млн теңге бөлінді. Осы жоба арқылы 45 тұрғын жұмыспен қамтылды. Шетпе-Жетібай-Ақтау жолының қайта жаңартуға 36 521,0 млрд теңге қаржы қаралды. Өткен 3 жылда 30 618,0 млн теңге жұмсалса, биыл 3 168 млн теңге бөлініп, 691 адам жұмыспен қамтылды. Бұл жол жуырда халық игілігіне пайдалануға беріледі. Келесі жылы Жетібай-Жаңаөзен жолының 73 шақырымын қайта жаңарту жұмыстары жасалады. Азия Даму Банкінен қаржыландыруымен басталатын жобаның құны 25 млрд теңгені құрайды. Биыл Бейнеу-Ақжігіт-Өзбекістан шекарасының 84 шақырым жолын қайта жаңарту жұмысы басталды. Бұл жобаны бастауға республикалық бюджеттен 4 852,8 млн теңге қаржы бөлінді», – деді.

Оның айтуынша, облыстық маңыздағы автокөлік жолдарының құрылыс пен жөндеу жұмысына республикалық және жергілікті бюджеттен 2 746 млн теңге бөлінген. Құрық-порт Құрық бағытындағы жолды қайта жаңартуға 8 570,3 млн теңге бөлу жоспарланған. Республикалық бюджеттен 7 713,3 млн теңгеге және жергілікті бюджеттен бөлінген 10 % қаржымен жуырда жұмысты бастау көзделіп отыр.

асфальттау жұмыстары биыл қолға алынып, оған 5 млрд теңге бөлініп отыр», – деді.

Облыс әкімі Ералы Тоғжанов Елбасы Н.Назарбаевтың Жолдауларынан туындаған тапсырмаларға орай отандық туризмді дамыту үшін алдымен логистика мен инфрақұрылымды жандандыруды тапсырған болатын. Аймақ басшысы бұл жолдың бойында қызмет көрсету орталықтары бой көтеріп, кәсіпкерліктің дамуына жол ашатынын айтты. Ата жолы өңірдегі туристік орындарға, еліміздің қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуін құруға бағытталған «Киелі мекен» арнайы жобасына кірген Шопан-Ата, Оғыланды және Бекет-Ата зиратына апарады. Үкіметтің қолдауы арқылы Маңғыстау облысы әкімдігі мен инвестициялар және даму министрлігі бірлесе қолға алған жобасы 2019 жылы аяқталады.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының мәліметінше, биыл Жыңғылды-Шайыр-Шеркала мекені автокөлік жолын қайта жаңарту жұмыстарын бастауға жергілікті бюджеттен 5 млн теңге бөлінді. Конкурс рәсімдері аяқталғаннан кейін басталатын жұмыс екі жылдан кейін пайдалануға берілмек. Сонымен қатар ХГМЗ жол қиылысынан №23, 24, 28 «А» шағынаудандарының қиылысына дейінгі жалпы ұзындығы 7 шақырым №55 автожолын қайта құрылымдау «МКДСМ» АҚ жүктелген. Қазіргі таңда құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізіп жатқан мекеме 2019 жылы бұл жұмыстарды аяқтайды.

– Ақтау-Қаламқас және Таушық-Шетпе автокөлік жолындағы жасанды ғимараттарды қайта жаңарту құны 283,2 млн теңгені құрайды. Жергілікті қазынадан бөлінген қаржыға құрылыс-монтаж жұмыстары жасалып жатыр. Келесі жылы облыс тұрғындары тақтайдай тегіс жолмен жүйткіп, инфрақұрылымның игілігін көреді. Сыңғырлау-Сам-Ноғайты-Тұрышты жолын жалғайтын 73 шақырым жол құрылысына 1 699,2 млн теңгені қажет етілді. 2014-2016 жылдары 1 614,3 млн теңге игерілсе, биылға жергілікті бюджеттен 84,9 млн теңге бөлінді. Бұл жол жуырда аяқталады, – деді облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысы Ә. Көшербаев.

Оның хабарлауынша, Ақтау-Форт-Шевченко автокөлік жолының 43-75 шақырымын күрделі жөндеуге 2014-2016 жылдары 2 604,8 млн теңге жұмсалса, биыл 795,8 млн теңге бөлінді. Жол құрылысы аяқталып, ел игілігіне тапсырылды. Сондай-ақ «Ақтау-Құрылыс» жолының 7-19 шақырымын күрделі жөндеуден өтті. Сонымен қатар Форт-Шевченко – Таушық жолының 76-88 шақырымын, Ақтау-Қаламқас жолының 88-154 шақырымын орташа жөндеу жұмыстары аяқталып, ел игілігіне берілді.

Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысы Ә.Көшербаевтың мәліметінше, аудандық маңыздағы, сондай-ақ ауылішілік автокөлік жолдарының құрылысы мен жөндеу жұмыстарына жергілікті бюджеттен 4 233,9 млн теңге қаржы бөлінген.

Фарида МҰҢАЛҚЫЗЫ
Маңғыстау облысы

«Туризм инфрақұрылымын дамыту туристік қызметтерді өрістетуге ықпал етеді, жұмыспен қамтуды ұлғайту және ШОБ саласында өнім шығаруды арттыру үшін жағдай жасайды.

Туристік кластерлердің инфрақұрылымын дамыту үшін табиғаттың көрнекі жерлері мен тарихи-мәдени мұра объектілеріне апаратын автомобиль жолдарын жөндеу және реконструкциялау, қолданыстағы теміржол инфрақұрылымын жаңғырту, жұмыс істеп тұрған әуежайлары жаңғырту және жаңаларын салу, шағын авиацияны дамыту үшін жағдай жасау, сондай-ақ туризм объектілері үшін сыртқы инженерлік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі мәселелер пысықталатын болады.»

(«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

Саяхат

ТУРИЗМНІҢ ТҮПҚАЗЫҒЫ

Туризм саласы – тиімді табыс көзі. Көптеген елде ол жалпы ұлттық өнімнің артуына, қоғамды жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге, сыртқы сауда байланысының белсендірілуіне өте үлкен ықпал етеді.

Жамбыл облысы – табиғи, тарихи ресурстарға бай өлке. Сол себепті де, туристік кластерді дамытуға бірден-бір қолайлы жер болып саналады. Ұлы Жібек Жолының бойында орналасқандықтан, тарихи ескерткіштері көп, олар тек Қазақстанның ғана емес, әлемдік мәдениетке туризмнің тарихи-танымдық, экологиялық, спорттық, ғылыми түрлерін танып білуге мүмкіндіктер береді.

Жалпы, киелі Әулиеата өңірінде туризмді дамытуға қолайлы алғышарттар қалыптасқан. Ішкі және сыртқы туризмді дамыту бойынша біршама жобалар жүзеге асып, ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстар жасалуда. Бір ғана мысал, биыл ғана өткен «EXPO-2017» көрмесінің аясында Жамбыл жеріндегі тарихи жәдігерлерді көруге мыңдаған турист келді.

Жуырда ғана Тараз қаласында өткен халықаралық Ancient Taraz-2017 туристік форумы. Аталған шара шетелдік туроператорларға еліміздің туристік әлеуетін көрсете отырып, оларды тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуге шақыруға бағытталды.

Форумға Еуропа, Қытай, Ресей, Орталық Азия елдерінің халықаралық сарапшылары, қазақстандық және халықаралық туристік ассоциациялар, туристік және қонақүй нарығының өкілдері қатысты. Ауқымды жиында бас қосқандар Ұлы Жібек жолының жауһары – Тараз бен киелі Әулиеата жеріне шетелдік туристерді тартудың жолдары мен болашағы турасында сөз қозғады.

Халықаралық форумның ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде Жамбыл облысының әкімі Кәрім Көкірекбаев шараның өз нәтижесін ұзақ күттірмейтініне сенім білдіретінін жеткізді.

– Бұл халықаралық жиын қоғам, мәдениет қайраткерлерінің, туристік операторлар мен инвесторлардың назарын бірегей тарихи-мәдени жәдігерлерге аударатынына сенемін. Сондай-ақ аталмыш форум туристік индустрия өкілдерінің, арнайы профильдік ведомстволар мен халықаралық сарапшылардың бас қосып, ортақ мәселелерді талқылауына таптырмас алаң болатыны айқын. Ең маңыздысы, Жамбыл жерінің қонақтары мен мамандар өңірдегі тарих тереңінен бүгінгі күнге жеткен тарихи байлықтарымызбен, туристік әлеуетімізбен танысуға мүмкіндік алады. Әрі аймақта туризмді дамытудың негізгі бағыттарын талқыға салатын болады, – деді аймақ басшысы.

Расында, Әулиеата өңірі өз бойында тәңдессіз табиғат көріністері, жануарлар мен өсімдіктер әлемінің бай үлгісі мен қайталанбас тарихи-мәдени мұралар паркін үйлестіре білген ерекше өңір. Мұны Елбасы Н.Назарбаевтың «Тараз – тарихымыздың темірқазығы» деп баға беруі де осының дәлелі болса керек.

– Форум қатысушылар үшін аса қызықты басқосулармен, берері мол пікір алмасулармен және нәтижелі келіссөздермен есте қалатыны анық. Сонымен қатар болашағы зор жобалардың жүзеге асуына серпін беріп, бірегей шешімдердің, бастамалар мен оларды жүзеге асырудың тың да тиімді механизмдерінің қабылдануымен ерекше болмақ. Осы орайда, барлық қатысушыларға табысты жұмыс пен нәтижелі пікір алмасулардың жүруіне тілектестік білдіргім келеді, – деді К.Көкірекбаев сөйлеген сөзінде.

Форум барысында өңірге туристерді тартатын басты фактор – облыс аумағында орналасқан 5 табиғи қорықшалар мен ЮНЕСКО-ның мәдени құндылықтар тізіміне кірген 5 нысанының орналасуы екені айтылды. Сонымен қатар «Қазақстанның 100 киелі жері» арнайы бағдарламасы бойынша республикалық киелі орындар картасы жасақталып, оған Жамбылдан 8 тарихи орын – Қарахан баба, Айша бибі, Бабаджа Хатун, Тектұрмас, Байзақ батыр Мәмбетұлы кесенелері, көне Тараз қаласы, Жайсаң ғибадатханасы мен төңірегіне тылсым тұнған «Ақыртас» сарай-кешені енгені мәлім болды.

Айтулы шараның киелі Әулиеата өңірінде өтуі, істе, бекер емес. Өйткені, облыс аумағында 3365 тарихи-мәдени ескерткіштері бар. Оның ішінде 2934-і археологиялық ескерткіштер болса, 111-і тарихи, 97-сі сәулет өнерінің қайталанбас үлгілері. Сонымен қатар аймақта 28 монументалдық ескерткіштер бар.

Форум барысында аталған мұраны тиімді пайдаланудың жолдары қарастырылды. Бұл мақсатта туристік инфрақұрылымды, қонақүйлер желісін, көліктік инфрақұрылымды, сервистік қызметтер мен оқиғалық туризм салаларын дамыту бойынша кешенді жұмыстар жүргізіліп жатқаны айтылды. Қазіргі уақытта өңірде 44 туристік фирмалар, 150 қонақүй, киіз үй қалашығы, 8 демалыс аймағы, 10 балалар сауықтыру лагері, минералды сулармен және ерекше емдік қасиеті бар лайлармен сауықтыру жүргізілетін 5 санаторийлік-курорттық емдеу орындары келушілерді қабылдауға дайын екені назарға алынды. Осы ретте, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автокөлік дәлізінің туризм саласын дамытуда ерекше рөл атқару тиіс екені де сөз болды. Атап өтер жайт, аталған көлік дәлізінің бойында облыс қонақтары мен жолаушыларға сервистік қызмет көрсетуге арналған 8 кешен құрылысы жүріп жатыр. Тарихи мәні бар орындарға апаратын жолдардың құрылысы және жөндеу жұмыстары қарқын алған.

Халықаралық шара барысында, бұдан бөлек, Қазақстан және Еуразия туристік қауымдастығы, Түркия, Тәжікстан, Әзербайжан, Өзбекстан мен Украина туристік қауымдастықтары өкілдерінің арасында меморандумдарға қол қойылды.



Сондай-ақ шара аясында Жамбыл облысының әкімі К.Көкірекбаев Кореяның Төтенше және өкілетті елшісі Ким Дэ Сикпен кездесті. Тараптар кездесу барысында ынтымақтастықты дамытудың мүмкіндіктері мен жолдарын талқылады.

Басқосуда Кәрім Нәсбекұлы меймандарға аймақ туралы толыққанды мәлімет беріп, әлеуетті инвесторлар мен туристер үшін оның тартымдылығын атап өтті.

Ал, Кореяның елшісі облыс әкіміне жылы қабылдағаны үшін алғысын білдірді.

– Біз Тараздың көрнекті жерлерімен танысып, мәдени мұраны сақтап қалу үшін мұнда қаншалықты еңбек жасалғанын көрдік. Бұл құрметке лайық, – деп ерекше әсер алғанын айтты.

Сапар аясында елші М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде дәріс оқыды. Өз сөзінде Кореяның өкілі Жамбыл жеріндегі мейірімділік пен ізгілік атмосферасы таң қалдырғанын атап өтті.

– Жамбыл облысында көптеген корейлер бар. Қазақстандықтар этникалық корейлерді жылы қабылдады, оларға қиын кезеңде көмектесті. Сол себепті жергілікті халыққа ерекше алғысымды айтқым келеді, – деді Ким Дэ Сик.

Жиын барысында, сондай-ақ кореялық «КСС» компаниясы «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолының құрылысына қатысып, әріптестік қарым-қатынастың негізін қалағаны айтылды. Сонымен қатар меймандар алдағы уақытта Корей компанияларымен тек құрылыс саласында ғана емес, өзге де бағыттарда ынтымақтастықты жалғастыруды ұсынды.

– Біз сіздердің барлық ұсыныстарыңызды қарастыруға және әртүрлі бағыттар бойынша ынтымақтастықты дамытуға

дайынбыз. Әулиеата өңірінің әлеуеті зор, біз ірі жобаларды бірлесе жүзеге асыра аламыз. Бүгінгі таңда Корея Республикасы медициналық көмектің деңгейі мен сапасы бойынша алдыңғы қатарда тұр. Біздің дәрігерлер сіздермен тәжірибе алмасуда, – деді өз кезегінде аймақ басшысы. Бұдан бөлек, К.Көкірекбаев облысымыз Қытай, Иран, Белоруссия, Ресей, Сауд Арабиясын және Түркия елдерімен тығыз байланысып, бірлескен жобаларды жүзеге асырып жатқанын атап өтті. Кездесуге қатысушылар түрлі салалардағы жобаларды жүзеге асыруға келісті.

Сонымен қатар форум шеңберінде К.Көкірекбаев Германия Федеративті Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі Мофел Рольфпен және ЮНЕСКО-ның өкілі Криста Пиккатпен кездесулер өткізді.

Жалпы, халықаралық шара аясында шетелдік қонақтар Жамбыл облысында туризм саласын дамыта отырып, аталмыш бағыттағы өздерінің қоса алатын үлестері турасында да ауқымды әңгімелер қозғады. Бірлесіп жұмыс істеудің жолдарын қарастырып, іргесі берік ынтымақтастық орнатуға келісті. Аймақтағы 20-ға жуық тарихи-мәдени орындарда болып, форумның әр тарап үшін нәтижелі болғанын айтып тарқасты.

Мұратхан ӘЛІМХАН,
Жамбыл облысы

E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

Біздің сұхбат

«НҰРЛЫ ЖОЛ»: ЭКОНОМИКАҒА СЕРПІН БЕРДІ

(Соңы. Басы 1-2 беттерде)

«Бурыл байтал-Күрті» аумағы *(228 км, 115 млрд теңге, ЕҚДБ қаржыландыру – 143 шақырым, ХҚДБ – 85 км)*. Былтыр ЕҚДБ-мен қарыз алу туралы келісімге қол қойылды, бұл жерде негізгі қарыз алушы «ҚазАвтоЖол» ҰК», биыл келісімшарттар жасалды. Жыл соңына дейін ХҚДБ-мен қарыз туралы келісімді ратификациялау және мердігерлік келісімшарттарды жасау жоспарланған, бұл мақсатқа 3,5 млрд теңге қарастырылған.

«Балқаш-Бурылбайтал» *(297 км)* учаскесін 2018 жылы ХҚДБ қарыздар есебінен бастау жоспарлануда.

Өздеріңіз білесіздер, бәлки жүрген де шығарсыздар, 2016 жылы «Қапшағай-Алматы» арасындағы 104 шақырым участок толықтай қайта жаңартылды. Қазір, бұл мына Астана-Щучинск арасындағыдай толық бетонмен құйылған тамаша, тақтайдай жолға айналды. Осы жолдың құрылысына – 64,5 млрд теңге жұмсалды.

«Орталық-Шығыс» жобасы «Астана-Павлодар-Семей-Қалбатау» бағыты бойынша автомобиль жолының құрылысын көздейді. Жобаны іске асыру 2013 жылы басталды. Ал 2014 жылдан бастап жалпы ұзындықта толық ауқымды жұмыстарға кірісті. Іске асыру басталғаннан бері 230 шақырым, оның ішінде Ертіс өзені арқылы өтетін, Орталық Азиядағы ең ірі көпір пайдалануға берілді. Жалпы, «Орталық-Шығыс» жобасының ұзындығы – 905 шақырым. Оның 436 шақырымы – I санаттағы, 469 шақырымы – II санаттағы автомобиль жолы болады. Негізгі қаржы Ұлттық қор мен республикалық бюджеттен бөлінеді. Жоба толығымен 2013-2020 жылдар аралығында жүзеге асырылып болады.

Оның ішінде, «Астана-Павлодар» учаскесі *(441 км)*. Құны – 280 млрд теңге. Биыл жыл соңына дейін 59 шақырымын пайдалануға беру көзделіп отыр. Биылдыққа 67,2 млрд теңге қарастырылған, қазіргі уақытта 382 шақырымында құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. «Казгерстрой» ЖШС, «Казахдорстрой» ЖШС, «Казпако» ЖШС, «АБК Автодор-НС» ЖШС мердігер компаниялар жұмылдырылды. Жылдың қорытындысы бойынша пайдалануға беруге 141 шақырым және Астанадан Төрткұдық ауыл мен Пограничник ауылынан Павлодар қаласына дейін 4 жолақты қозғалыспен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Жалпы, осы жобаның Астанадан Павлодарға дейінгі бөлігін 2018 жылы толық аяқтау көзделген.

Семей-Павлодар-Қалбатау аумағы 464 шақырым болады. Құны – 110,5 млрд теңге. Биыл жыл соңына дейін «Семей-Қалбатау» жолының 171 шақырымы пайдалануға беріледі.

2017 жылға 24,9 млрд теңге қарастырылған. Жолдың 293 шақырымында жұмыстар жалғасуда. Жылдың қорытындысы бойынша пайдалануға 33 шақырым беру жоспарлануда. Толық аяқтау 2018 жылға көзделген.

«Орталық-Батыс» жобасы қазіргі уақытта Батыс өңірі Астанамен қолданыстағы Қостанай автожолы арқылы қатынасып отыр. 2014 жылы Астана-Қостанай автожолын қайта жаңарту толығымен аяқталды. Сонымен қатар Қостанаймен Ақтөбе арасындағы Ақтөбе-Қарабұтақ-Денисовка учаскесі қайта жаңартылды және жөнделді. Ағымдағы жылы ұзындығы 114 шақырым Қостанай-Денисовка учаскесін қайта жаңарту жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

Бұдан әрі бұл бағдар арқылы көлік ағынын Ақтөбе, Атырау және Ақтауға шығарады. Осыған байланысты, бүкіл батыс өңірінің көлік желісі тұтастығын қалыптастыру үшін, Орталықпен ағымдағы жылы Ақтөбе-Атырау-Астрахань автомобиль жолдарын қайта жаңартуға және Бейнеу-Ақтау автожолын аяқтауды жоспарлап отырмыз. Ақтөбе-Атырау-Астрахань автожолының жалпы ұзақтығы – 758 шақырым. Бұл жол алдағы уақытта I және II техникалық санаттағы болып қайта салынады. 2020 жылға дейін осы автомобиль жолы пайдалануға берілуі тиіс.

Ақтөбе-Қандыағаш *(159 км, 81 млрд теңге)* және Атырау-Астрахань *(274 км, 134 млрд теңге)* учаскелерін ИДБ қаржыдары есебінен қайта жаңарту жоспарланған. Биыл жыл соңына дейін қарыз алу туралы келісімге қол қою және мердігерлермен келісімшарт жасау жоспарланып отыр. Сондай ақ биыл 27,1 млрд теңгені бөлу қарастырылған. Құрылысты 2020 жылы аяқтау көзделген.

Қандыағаш-Мақат *(299 км, 98 млрд теңге)* учаскесі АДБ қарыздары есебінен қайта жаңарту жоспарланған. 2016 жылы қарыз туралы келісімге қол қойылды. Құрылыс жұмыстары осы жақында ғана, қараша айының басында басталды.

Ұлттық қордың қаражаты есебінен Қандыағаш-Мақат учаскесінде 26 км қайта құру жұмыстары жүргізілуде. Құны – 5,9 млрд теңге, игерілгені – 3,3 млрд теңге, ал 2017 жылға қарастырылғаны – 2,6 млрд теңге. Аяқталу жұмысы – 2017 жыл.

Жас қазақ: Аталған бағдарлама бойынша теміржол саласында қандай өзгерістер болды? Қытайдан тікелей Еуропаға дейін шығатын теміржол салынады деген жоспар болып еді, осы бағытта қандай жұмыстар істеліп жатыр?

Жеңіс Қасымбек: Былтыр теміржол көлігімен экспорттық-импорттық тасымал 5,1 млн тоннаны құрапты, бұл былтырғымен салыстырғанда 23%-ға артқанын көрсетеді. Экспорттық-импорттық тасымал теміржол көлігімен 13%-ға, автомобиль көлігімен 46%-ға артқан. Заманауи көлік-логистикалық жүйені қалыптастыруда өңірлік ынтымақтастық маңызды рөл атқарады. Сол үшін біз көлік саласындағы бірлескен жобаларды іске асыруға ерекше назар аударамыз. Соңғы 5 жылда Қытай мен Еуропа арасындағы контейнерлік транзиттік тасымал 28 есеге артып, жылына 100 мың контейнерге көтерілді. Салыстыратын болсақ, биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында – 73 мың контейнер, 2016 жылдың бірінші жартыжылдығында – 36 мың контейнер. Қазақстанның теміржол инфрақұрылымын дамыту 2020 жылға қарай контейнерлік тасымалды 2 млн контейнерге дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Құрық порты

> **Құрық портындағы паром кешенінің құрылысы жобасы 2015 жылдың сәуірінде басталды. 2016 жылдың желтоқсан айында Құрық портында қуаты 4 млн тонна теміржол паром терминалы іске қосылды, оның операциялық қызметі осы жылдың наурызында басталды. Құрық портындағы теміржол паром терминалында ағымдағы жылғы 10 ай бойынша шамамен 1,1 млн тонна жүгі ауыстырып тиелді, соның ішінде экспорттық бағытта – 0,6 млн тонна. Жүктің негізгі номенклатурасын мұнай өнімдері (газойль), халық тұтынатын тауарлар, химикаттар, жабдықтар және металл өнімдері құрайды. Жылдың соңына дейін 1,2 млн тоннаға жуық жүгін ауыстырып тиеу жоспарлануда.**

Бұдан бөлек, теміржол саласында жалпы ұзақтығы 112,37 шақырым Алматы – Шу аумағында екінші жол желісін салу жобасы іске асырылуда.

Осылайша, өткен жылдың желтоқсанында өзіне 53 шақырым екінші жолдарды қосатын бірінші кешен пайдалануға берілді. Ағымдағы жылы 59 шақырым екінші жолдардан тұратын екінші іске қосу кешенін пайдалануға енгізу жоспарланған.

2017 жылғы 10 айдың қорытындысы бойынша жер төсемін жайластыру жұмыстары 98%, теміржол көпірлері 100% және жасанды құрылыстар, энергетика объектілері бойынша жұмыстары аяқталды.

Қазіргі уақытта жобада 113 бірлік техника және 256 жұмысшы жұмылдырылды.

Жалпы, жобаны іске асыру учаскенің тәулігіне 17-ден 68 жұп поезына дейін өткізу қабілетін ұлғайтады және поездардың жолда жүру уақытын 1,5 есеге қысқартуға мүмкіндік береді.

Жас қазақ: «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында әуе жолдарында қандай өзгерістер болды? Ішкі және сыртқы тасымалдауда жаңа бағыттар ашылды ма?

Жеңіс Қасымбек: 2012 жылы ішкі әуе тасымалдары нарығында барлық шектеулер алып тасталынды *(толықтай ырықтандырылды)*, яғни ішкі коммерциялық әуе тасымалдарын орындауға рұқсаты бар әр қазақстандық әуе компания сұранысқа сәйкес кез келген бағыт бойынша тұрақты рейстерді орындай алады. Бәсекелік нарықта тарифтер 30%-ға дейін төмендеді. Осылайша, қазіргі уақытта ішкі рейстердің саны және бағыттары сұранысқа сәйкес нарықпен реттеліп отыр.

> **«Солтүстік-Оңтүстік бағыты бойынша тасымалдардың тиімділігін арттыру үшін Шу – Алматы-1 учаскесінде электрлендірілетін жалпақ рельсті екінші жолдардың құрылысы бойынша жоба іске асырылады, ол 2016 жылы аяқталды, бұл қозғалыс жылдамдығын арттыруға, поездардың жолда жүру уақытын қысқартуға, учаскенің өткізу және тасымалдау қабілетін ұлғайтуға мүмкіндік береді.**
>
> **Осылайша, екінші жолдарды салу жүктерді жыл сайынғы алып өту қабілетін 30 млн тоннадан 120 млн тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Осы учаскеде поездардың жүру уақыты шамамен 2 есе қысқарады»**
>
> *(«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)*

2017 ж. 31 мамырында — жаңа жолаушылар терминалы пайдалануға берілді

Оның аумағы **47 000** м2 құрайды

Жиынтық өткізу қабілеті

жылына **8,2** млн жолаушы немесе **2 525** жол/сағ құрайтын болады

Пайдалануға берілген сәттен бастап

19 шетелдік әуе тасымалдаушысының

«LOT Polish Airlines»
«WizzAir»
«FinnAir»
«Air China»
«Lufthansa»
«Air Arabia» және т.б

халықаралық рейстеріне қызмет көрсетіледі

2017 жылдың қаңтар-маусым — кезеңінде транзиттік ұшу 2016 жылдың (81,3 млн. сам-км) сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3%-ға артып, 83,8 млн. сам-км өскені байқалады

«ЭКСПО-2017» көрмесін өткізу кезеңінде барлық шетелдік әуе тасымалдаушылар үшін Астанаға аптасына 7 рейске дейін орындау құқығы берілді.

2017 жылдың — басынан бастап шетелдік және қазақстандық әуе компаниялар

АСТАНАДАН — ДЕЛИГЕ, ВАРШАВАҒА, ХЕЛСИНКІГЕ, БУДАПЕШКЕ, БЕЙЖІҢГЕ, ЕРЕВАНҒА, КИЕВКЕ, БАТУМИГЕ, МИНЕРАЛНЫЕ ВОДЫ ЖАЛПЫ **9** ЖАҢА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕ БАҒЫТЫН АШТЫ

Қазіргі уақытта **96** халықаралық бағыт бар

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ ӘУЕЖАЙЫНЫҢ АЭРОВОКЗАЛЫ МЕН ЖЕРМЕН ЖҮРУ ЖОЛДАРЫН, ҰШУ-ҚОНУ ЖОЛАҒЫН РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

2020 жылға дейін Қостанай мен Өскемен қалалары әуежайының ұшу-қону жолақтарын реконструкциялау жоспарлануда

Дерекнөзі: ИДМ

Жеңіс Қасымбек: 2012 жылы ішкі әуе тасымалдары нарығында барлық шектеулер алып тасталынды *(толықтай ырықтандырылды)*, яғни ішкі коммерциялық әуе тасымалдарын орындауға рұқсаты бар әр қазақстандық әуе компания сұранысқа сәйкес кез келген бағыт бойынша тұрақты рейстерді орындай алады. Бәсекелік нарықта тарифтер 30%-ға дейін төмендеді. Осылайша, қазіргі уақытта ішкі рейстердің саны және бағыттары сұранысқа сәйкес нарықпен реттеліп отыр.

2017 жылғы маусым айынан бастап 10 жаңа халықаралық бағыт ашылып, шетелдік әуе тасымалдаушылары Варшава, Будапешт, Хельсинки, Бейжің және Батуми, ал қазақстандық әуе компаниялары Сиань, Киев, Минводы, Ереван, Дели бағыттары бойынша ұшты. Сонымен қатар Бішкек, Ыстамбұл, Бейжің, Лондон, Сеул, Новосибирск, Екатеринбург, Омбы, Санкт-Петербор, Ташкент, Тбилиси сияқты бұған дейін ашылған 11 бағыт бойынша аптасына 20 рейс қосылды.

Жас қазақ: Ірі қалалар мен облыс орталықтарындағы әуежайлар қаншалықты халықаралық талаптарға сай жасақталған? Техникалық жасақталуы мен жаңа технологиялармен қамтылуы дамыған елдердің талаптарына сай ма?

Жеңіс Қасымбек: Қазақстан 1992 жылдан бастап мүшесі болып табылатын ИКАО негізгі қағидаттарына сәйкес, әрбір Уағдаласушы мемлекетке оның барлық аумағында ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге заңды жауапкершілік жүктеледі. Ұшу қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін әуежайлардағы негізгі нысандар ұшу-қону жолағы *(бұдан әрі – ҰҚЖ)*, ұшуды радиотехникалық, жарық-сигналдық және метеорологиялық қамтамасыз ету нысандары.

Соңғы 15 жыл ішінде елімізде ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін түрлі қаржы көздері мен республикалық бюджеттен 100 млрд теңгеден астам қаражат жұмсалды. Әуе кемелерін қондыратын құрылғыларды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында республикалық және облыстық мәні бар 18 әуежайдың 15-не Батыс Еуропа елдерінде жасалған қондырғылар орнатылған. Жарық сигналын беру қондырғылары Бельгия мен Германияда, метеорологиялық қамтамасыз ету қондырғылары Финляндияда, радиотехникалық қондырғылар Франция мен Норвегияда және Ресейде жасалған.

Жас қазақ: Теңіз жолдары мен порттардағы тасымал қаншалықты жолға қойылды?

Жеңіс Қасымбек: Ақтау теңіз порты Каспий теңізінің жүк ағынын қалыптастыруда және асып түсіруде алғашқы позицияны алып тұр. Бүгінгі күні Ақтау порты жүктерді шығыстан батысқа, солтүстіктен оңтүстікке және кері бағытта жүк тасымалдауды қамтамасыз ететін қуаты 19,5 млн тоннаға баратын заманауи көп нысаналы терминалдардың бірі. Оның бірнеше көлік дәліздерінің қиылысуында орналасуы мемлекеттің дамуында стратегиялық маңызы зор және де ол Қазақстанға халықаралық жүк ағынына қызмет көрсету үрдісінде белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Жыл басынан 10 ай қорытындылары бойынша Ақтау порты арқылы экспорттық бағытта 2,7 млн тонна жүк асып түсірілген.

Құрық портындағы паром кешенінің құрылысы жобасы 2015 жылдың сәуірінде басталды. 2016 жылдың желтоқсан айында Құрық портында қуаты 4 млн тонна теміржол паром терминалы іске қосылды, оның операциялық қызметі осы жылдың наурызында басталды. Құрық портындағы теміржол паром терминалында ағымдағы жылғы 10 ай бойынша шамамен 1,1 млн тонна жүгі ауыстырып тиелді, соның ішінде экспорттық бағытта – 0,6 млн тонна. Жүктің негізгі номенклатурасын мұнай өнімдері *(газойль)*, халық тұтынатын тауарлар, химикаттар, жабдықтар және металл өнімдері құрайды. Жылдың соңына дейін 1,2 млн тоннаға жуық жүгін ауыстырып тиеу жоспарлануда.

Қазіргі уақытта қуаты 2 млн тонна болатын автомобиль паром терминалының құрылысы жүргізілуде, оның шеңберінде гидротехникалық құрылыстары, автопаром пирсі, көтерме-өтпелі көпірлер, инспекциялық- қарап тексеру және радиациялық бақылау кешендері, өткізу пунктінің объектілері және тіршілік әрекетін қамтамасыз етудің коммуналдық объектілері салынуда. Автомобиль паром терминалының бірінші кезегін осы жылдың желтоқсан айында тапсыру жоспарланған, ал екінші кезек объектілерінің құрылысын аяқтау 2018 жылға жоспарланған.

Маркетингтік зерттеулерге жүгінсек, құрғақ және паром жүктер ағыны 2020 жылға қарай Құрық бағыты бойынша 6 млн тоннаға дейін баратын болады. Негізгі транзиттік жүк ағыны Оңтүстік-Шығыс Азияның, соның ішінде Қытайдың контейнерлінде тасымалданатын тауарлардан тұрады. Орташа жыл сайын 300 мың контейнер тасымалданады деп жоспарлануда. Жалпы жобаны іске асыру Құрық портына Транскаспий дәлізінде Еуропа мен Азияны байланыстыратын буын болуға мүмкіндік береді.

Жас қазақ: Әңгіменізге көп рахмет!

Сұхбаттасқан
Дәулетхан ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ,
Астана қаласы

ЖҚ
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Рух

ЖАН ТАЗАЛЫҒЫ

Адам тағдыры қандай күрделі. Дұрыс бағыт-бағдар алатын болсаң, өмірде өз орныңды тапқаның. Осындай тағдырдың тура жолында тоқсаныншы жылдардың басында Қазақ ұлттық университетінің дәрісханасында мектепті енді бітіріп, студент атанған жетпіске жуық өнерлі балғын жасты мінсіз армандары біріктірген болатын. Сондай жастық жүректің батыл, талаптың тасыр шағында ұстаз алдында өзгелерден өлең оқып, өзгеленген батылдығыма қайран қаламын. Мектепте «Сөз өнерін» басымызға жастап жатып оқитын біздер үшін сол еңбектің авторынан дәріс алу – қол жеттес қазына. Ең алғашы өлеңдерім аудандық газетке басылғанда редактордың ақжолтай тілек тілеп, «Сөз өнерін» дәріптеп, өлеңтанудың қыр-сырына, қасиетіне тоқталғаны бар.

Міне, содан бері бұл еңбектің тең жартысын жаттап келіп, университет қабырғасында өзімізді еркін сезінгеніміз рас. Шығармашылық рахат пен шығармашылық азапты кешкен суреткерлердің шығармашылық тәжірибелеріне талдау жасалған теориялық еңбектен жазушының шығармаларын алдын ала жазбас бұрынғы толқыныстарына таңғалып, көз алдымызға елестетіп, таласып талдап өстік. Сөйтіп, бұл еңбек мектепте оқитын біздердің ұғымымызға түсінікті, өте қарапайым тілде жазылған, сауатты шығарма екенін уақыт дәлелдеді. Автор өз кейіпкерін қатты жақсы көрмеуі керектігін, суреткер шығарма кейіпкерлерін алдымен ойында жетілдіретін, тіпті киген киімі мен таққан түймесіне дейін көз алдында көлбеңдеп санада піскенше жазушының мазасын алатын қарекеттерін айтып, бір-бірімізбен таласушы едік.

Енді, міне, сол академик-жазушы – Зейнолла Қабдоловтың дәрісін тыңдау

бақытына ие болдық. Өнерді, оның ішінде өлеңді өмірінен артық көретін ұстаз назарына ілігу, бертін келе «өз уақытын аямай, өзгенің бақытын аялауға» бар ғұмырын сарп еткен дана дарынның шәкіртіне айналу да осы үлкен кісінің кішілігінің арқасы.

«Адам өткенімен күліп қоштасады» деп жазбап па еді ғалым өз зерттеулерінің бірінде. Менің де сонау 1996 жылы кандидаттық диссертациямды қорғайын деп жүріп, шапқылап, шалқыта жазып келген 170 беттік диссертациямды ағайдың қолына тапсырғандағы оқиға әлі есімнен кетпейді.

Сағат 7 шамасы болу керек. Ұйқымды таңертең телефондағы «Тез жет» деген таныс дауыс бөлді. Жұмысымды тапсырып, үстімнен жүк түскендей жайбарақат, ағайдың қолы тигенде оқиды ғой, біраз уақытқа дейін хабар болмас деп жүрген маған бұл сөз есімді тез жинатып, шапшаң қимылдауға итермеледі. Екі иығымнан дем алып, алып-ұшып, Мир көшесіндегі *(Виноградовтың қиылысы)* үйдің есігін қақтым. Күлімсіреп қарсы алған Сәуле апайдың жүзі жүрегімді орнына түсіргендей болды. Алдыма түсіп, тоңпаңдап, хал-жағдайды ұзын дәлізбен келе жатып сұрап үлгерген апайым залға қарама-қарсы бөлменің есігін ашты.

Ағай, көзінде көзілдірігі бар, бір нәрсені шұқшиып, түртіп отыр екен. Имене амандасып, қарама-қарсы тұрған ұзын орындыққа алабұртқан көңілмен жайғастым. Денемнің бәрі қалтырап, екі тізем дірілдеп бара жатыр. Ойымның бәрі – ағайдың қас-қабағын бақылау. Есік ашылғаннан ағай ойлы көзімен көзілдірігінің үстінен аспай-саспай жайбарақат қимылымды бағып отыр. Біраздан кейін барып, салмақты саңқылдаған даусын көтеріп: «Өзің әжептеуір ақынсын», – деп бастап алып, менің иман жүзді, сабырлы, салмақты, өлеңді түсінетін түйсікті екенімді айтып, аспандағы айға шығарғандай етіп, мақтап отырды да, сол биіктен жерге қарай лақтырып жібергендей өткір бір-екі сөзімен түйреп жіберді.

Орнықты, образды сөз болған болу керек, қазір есімде жоқ, тек ернімді тістелеп, қысылып қалдым. Секундтық үзілістен кейін жұмысымды қысқартып әкелуді тапсырды. Ұстазға тура қарамақ түгілі, себебін айтуға шамам келмей, даусым шықпай қалды. Әкемдей көріп кеткен ағайдың қанатының астында ізгілікке елігіп жүрген 24 жастағы есір көңілге өзің ұлықтаған адамның жай сөзінің өзі өлімнен күшті болған болар, орнымнан тұра бере, көзім қарауытып, отырған жеріме сылқ ете түстім. Ағайдың «Сәуле, әй, Сәуле!», – деген жан айқайын естідім. Апай келіп: «Өзі кішкене бала, қатты сөзді

қайтып көтерсін...» – деп жатыр, ағай ақталғандай бәсең үнмен күмілжіп: «Қайтейін, қанаты қатайсын дегенім ғой», – деп қояды.

Сондағы қырағылықты, жауаптылықты қараңыз. Небәрі кандидаттық жұмыс деп қарамай, 170 беттің бәрін қалдырмай оқығаны, әр бетіне «керемет, фальш, терең ой, табыну, ғажап өлең» т.с.с. сөздермен белгілегенінен көрініп тұр.

Ғылымы еңбектің талабына сай жұмыс 120 бетке қысқартылып, жалғасы үш-төрт жылдан кейін докторлық тақырыптың бекітілуімен аяқталған болатын. «Сен өлең жазасың, ал өлең жазатын адам әдебиетке кір келтірмейді» деген сөздерінен кейін ұстаздың алдында сиясы кеппеген жаңа шығармаларды талай оқып, масаттанушы едік. Мүмкін, сол бала көңілімізді, тазалығымызды қызықтаған болуы керек, ағайдың шабытты сөздерінен қанаттанып, біраз уақытқа дейін өлеңдерді төгілтіп жүретінбіз. Өнерді, өлеңді асылдандырудың ақиқатына айналған асыл айтқаны әлі күнге менің адамдық, адамгершілік кредома айналғандай көрінеді. Парасаттылықтың пайымын өзінің алып мұхит сияқты терендігімен, шығармашылық шеберлігімен айқындалған ұстаздың әрбір сөзі әлі күнге дейін ойда, пікірде соншалықты көркем әрі сарқылмас мұра сияқты болып сезіледі.

Аудиторияға маң-маң басып кірген тұлғаның тұтас болмысын айқындайтын ауыздан атылған лағыл ойдың, таусылмас қазынаның жалпыхалықтық ортақ дүниелікке айналып кеткендей қарапайым санаңызға

сіңіп жатқанын байқамайсыз. Маржандай мінсіз сөздердің, бейнелі образдардың дөп түсіп, иесін тауып жататынын тапқырлығына қайран қаласыз. Ақын С.Жиенбаев шығармашылығына қатысты кезекті дәрісінде айтылған «жібектен тоқылғандай жырлары әсем» деген пікірі Сағи ақынның шығармашылық болмысын анық тауып тұрған жоқ па?! Ағайдың шешендігі мен тапқырлығының өзі осындай жеке сөздерінің мағыналық жұмсалысына да байланысты болса керек. Ұстаздың ешқашан орта жолдан сөз бастағанын немесе үстірт түйін, асығыс күрмелеу жасағанын көрген емеспін. Жай айтыла салған сөздің өзі ағайдың өмір ұғымымен астасып, бейнелі көріністерге жетелейтіндей, ауыздан шыққан әрбір сөз мәнерлі мәнмен, ерекше тыныспен айтылып, көк өзек сезіміңізді тербейді. Бұл әрекеттерге қоса, мейірлі жүз іштен шыққан жалынды сөздерден нұрланып, бөлекше, ерекше нұрлы арайға бөленіп, өзі сол сөз құдіретінен ләззат алып тұрғандай сезілетін. Зерделі суреткер алдында отырған ортаның немесе кез келген адамның мақамына қарап, құлаққа мейлінше қоңыр үнімен, шұғыласын шашып, нұрын сеуіп әңгімелесіп отырушы еді.

Өмірі көрмеген әкеммен бірге жүрген адамдарындай тез тіл табысып, ерекше сезімінде қалуындағы қырағылыққа таңғалып, үлкен рухтың иіріміне шомылғандай кездерім болды. Бір жағынан замандас кісілерді рухани тазалықтары мен кесек бітімдері, парасаттылықтары тұтастырса керек. Сондықтан да рухани бітімі, шешендігі, абыздығы ерен тұлғаның жылтырақ сөздерінің орнына шырайын келтіріп, шашау шығармай қолданатын шұрайлы сөздері жадымызда мәңгілік жаңғырып келеді. Сол сөздегі сұлулық кейін «Сұлулыққа айналған қасірет» болып, мәңгілік құлыптасқа айналып кете барды. Бірақ сол қасірет туралы ағайдың тұжырымды сөздерін еске алайықшы. Сәуле апайдың күнделігінде халқымыздың біртуар азаматы А.Әшімовтың баласының қайғысына орай көңіл айтуы туралы айтылған. Абайдың басында болған халді еске түсіре отырып, «Асанжан, мына жұрт сенің қасіретің ғана емес қасиетіне де жиналып, қаумалап тұр ғой. Сен қазақ өнеріндегі биік тау емеспісің?! Тау басын бұлт шалса, тарқар, іргесін ызғар алса, айығар, бірақ тау құламас болар, орнында қалар, сен де құлама, қарағым, тұр!» деуінен соншалықты табиғи жан дүниенің езілуін сезінесіз.

Немесе жай қарапайым тұрмыста айтылған жұбатудың жаңа өлшеміне айналтын тамаша пікірі кім-кімді болсын, бейжай қалдырмаса анық: «Қарағым, Роза! Бүкіл атажұртың, елің біледі. Сен сахнада, өнерде ерлік жасап жүрген адам едің. Сен сол ерлікті енді өнерден өмірге көшіріп тұрсың. Өмір мен өнердің астасуы – шеберлік. Өнер адамының шыңы осы болар. Біз бәріміз білеміз, жаңа жылдың алдында жан жарың – Тасқының кетті өмірден. Бұл қасірет болатын. Сенің кереметтілігін сол – мына жас нәресте Мәдидің өмірге келуіне байланысты сен қасіретіңді қасиетіне айналдырдың» деуінен халықтың бүгін-ертеңін тереңдеп түптейтін, жан-күйінді езіле ұғынатын дала мінезді абыздығы аңғарылады.

Тазалық пен шынайылық Зейнолла ағайдың болмысымен, өмірімен біте қайнасып жатыр. Ата-ананың адалдығы, алдағы жардың адалдығы, тірлік пен тіршіліктің тылсымындағы адалдық өлшеміндей емес, ерекше жұмбақ болмыс екені рас. Сұңғыла ғалым төсек тартып жатып та жанынан күнде табылған кіршіксіз тазалық пен адалдықтың, сезімнің шынайылығына қайтарымсыз өлшемнің болатынын үміттеніп, Фариза ақынның мына өлеңіне тамсанып, тегіннен-тегін босамаса керек:

Еш нәрсеге, ешкімге алаңдамай,
Жүруші едім, кезіктім саған қалай?
Қалай таптың сен мені, бұл әлемде
Жол сілтеген кім саған маған қарай?

...Мен жайлы айтқан кім екен: бұлақ па екен,
Мұңымды айтып, кейде оған жылап кетем.
Сыбырлаған самал ма, сайда жүр деп,
Жетім көңіл, жаны дерт бір ақбөкен.

Артына қарайлап, алаңдатқан асыл жарына, қимас жанға деген жүрекке сыймас сыйластықтың, ізгіліктің, мейірімділіктің баға жетпес өлшемін осы өлеңмен үнсіз жеткізгендей. Міне, «Мінсіз шығарма жазу оңай, киыны – ғұмырынды мінсіз шығармаға айналдыру» деген қағиданың шындыққа айналуы.

Бар ғұмыры мінсіз өнегеге айналған ұстаздың болмысын жүрекпен жазып қалдырған Сәуле апайдың күнделігі – болашақтың баға жетпес қымбат қазынасы. Сүйіктісіне деген соншалықты кіршіксіз шынайы сезім – Сәуле апайдың туа бітті тектілігі мен парасаты, мейірімділігіне дейін тұнып тұраған тәрбие-тәлім, өнегесі. Тұлғасы таудай азаматтың қасында жүріп, сырлы сөздің тұнығы мен тылсымын таныған, сарабал көңілмен, зерек ақылмен пайымдауға үйренген апайдың әрбір сөзінің тамыры терең, тұңғиық. Сәуле апайға қарап, кісінің ала жібін аттамайтын, жан тазалығы мен ар тазалығын бойында қайнатып кеткен ұстазымыздың өмірлік мұраты орындалғандай көрінеді.

Сәуле ЕРЖАНОВА,
Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университетінің
қазақ әдебиеті кафедрасының
меңгерушісі, филология
ғылымдарының докторы

Мәдениет

ҰЛЫТАУ – ҰЛТ МӘДЕНИЕТІНІҢ МӘЙЕГІ

Ұлттың қуатын еселеп, бекзада болмысын паш етуге бағытталған, мәдениет пен руханияттың шарайнасы – «Мәдени саясат» тұжырымдамасы. Қарағанды облысы Ұлытау өңірі тарихтың ғана емес, өнер мен мәдениеттің де алтын ордасы. Өңірдегі атқарылған істерді толық әрі нақтырақ білу үшін аудан әкімі Әнуар Омарды әңгімеге тартқан едік.

– Әнуар мырза, биыл қолға алынған «Мәдени саясат» тұжырымдамасы – елдегі мәдениет пен руханиятты түлеткені анық. Ал сіздердегі «Мәдени саясат» тұжырымдамасының атқарылу, жүзеге асырылу жағы қалай?

– Ауданымызда жергілікті тұрғындарға сапалы мәдени қызмет көрсету саласы жолға қойылған. Ұлытауда 2 мәдениет үйі, 1 мәдени сауықтыру орталығы және 12 ауылдық округтерде клуб үйлері қалыпты жұмыс істеп тұр. Олардың ғимаратын, сахналық киімін, музыкалық аспап пен құралдарын күтіп, ұстауға бюджеттен қаржы бөлініп отыр. Алдағы жылдарда, клуб үйлерінің барлығын кезең-кезеңімен толық жаңарту жоспарда бар. Кезінде негізі қаланған «Ұлытау фольклорлық» ансамблі, «Жезді жұлдыздары» өнер ұжымы қазіргі уақытта қайта жаңғырып, материалдық техникалық базалары нығайтылуда. Ауданымыздағы «Қаракеңгір» ауылдық округі өнер ұжымы Халықтық деген атағын қорғап, ауылда театр өнерін дәріптеуде. Бұл өнер ұжымдарының репертуары мен көркемдік дәрежесі көрермен талғамына қарай жұмыс жасауда.

Алдағы уақытта ауданымызда мәдени саясатты іске асыру, ұлтымыздың мәдениетін, өнерін насихаттау, дәріптеу мақсатында, жалпы мәдени ошақтардың жұмысының аясын кеңейту жолында ауданның мекеме, кәсіпорындар арасында «шығармашылық есеп» концерттік жоспарын жолға қою ойда бар.

Сонымен қатар кезіндегі отбасылық ансамбльдерді, вокалды-аспапты ансамбльдерді қайта жаңғырту туралы жоспарларымыз бар. Мәдениет үйі жанынан жылжымалы үгіт бригадалары құрылып, киноқондырғылар мен концерттік бағдарлармен ауданның елді мекендерін аралап, мәдени қызмет көрсетуде.

Жалпы ауданның мәдениет саласында нәтижелі жұмыс болса, оған бөлінетін қаржыны шектеуге тырыспайтынымыз анық.

– Әкімі ақын өңірдің мәдениет пен өнерге қолдауы, әрине, көңіл көншітсе керек. Сіздің өнір тарихы мен шежіресінен жақсы хабардар екеніңізді біледі. Аудандағы талантты жастарды қолдау, білікті маманды ауылға тартып, елді көркейту бағытында нендей шаруа істеліп жатыр?

– Жас ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу, жастар арасында жаңа есім табу және талантты жасты қолдау мақсатында Ұлытау өңірінде бірнеше қадам жасалуда.

Ақпараттық-насихат тобының жұмысы барысында «Дипломмен ауылға» бағдарламасын түсіндіру жұмысы жүргізіліп отырады. Мақсаты – білікті маманды ауылға тарту. Биыл ауданға 22 жас маман келді: білім саласына – 13, спортқа – 1, денсаулық саласына – 6, ауыл шаруашылығына — 2.

Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, жұмыспен қамту, туған ауыл мен Отанға деген сүйіспеншілікті ояту, елді көркейту мақсатында жазда екі ай маусымдық жұмысқа «Жасыл ел» бағдарламасы аясында 40

жас жұмыспен қамтылды. Нақты жекелеген өнер түрлерін дамыту үшін мамандарды тарту жоспарымызда бар. Оларға жағдай туғызу мәселесі келесі жылдың бюджетінің мүмкіндігіне байланысты.

Сұхбаттасқан Жарқын СӘЛЕНҰЛЫ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Серпін

Кез келген мемлекеттің өркендеуі мен дамуының басты шарты – әрине, оның экономикалық әлеуетінің артуымен тікелей байланысты. Кейінгі жылдары Алматы облысында тұрғын үйлер, ауруханалар, мектептер, балабақшалар, ауылдарға тартылған су жүйелері, электр жүйелері, республикалық маңызы бар және жергілікті жолдары, тағы басқа нысандар жаңадан салынып, пайдалануға берілді. Соның ішінде облыс орталығындағы «Қаратал» шағын ауданы сондай қарқынды жұмыстың нәтижесінде бой көтерді. Сол аудандағы Қаратал өзенін байлай салынған көпқабатты ғимараттар, Достық үйі мен Тіл сарайы, «Жетісу» теннис орталығы, Шаңғы алаңы, «Жастар» спорт сарайы, Оқушылар сарайы, Жастарға қызмет көрсету орталығы, Жастар саябағы, Назарбаев зияткерлік мектебінің көркемдігі еліміздегі қай ғимараттан кем дей аласыз. Ал Жастар спорт сарайы мен ел «6-7 шағын аудан» деп атап алған қаланың шығаберісінде салынып жатқан әрбір ғимараттың көрген адамды ризашылыққа бөлейтіні өз алдына бөлек әңгіме. Мұндай жаңалықтар облысты басқа аудандарында да орын алып, жұрт ризашылығына бөленуде. Алдағы уақытта да облысымызда ауқымды жобалар атқарылатын болады. Бәрінің дәулетіне сәулетінің сай боларына сенімдіміз. Бойында отансүйгіштік қасиеті бар әрбір жас өніріміздің бүгінгі келбетіне сүйсініп, келешек көркімен мақтана алатын болуы тиіс. Осындай ұлылыққа жол салған тұлғалар мен еңбекші елдің ерен еңбегі қатар өрілді десек, артық айтқандық емес. Міне, жуырда жетісулықтар тағы да жұрт қуанышын еселеген бірқатар жақсылықтың куәгері болдық.

ҚАЛАСЫ ҚАРҚЫНДЫ,

САЛТАНАТ САРАЙЫНДАҒЫ САЛТАНАТ

Алматы облысы орталығы Талдықорған қаласында қос қуаныш орын алды. Көптен күткен екі нысан іске қосылды. Оның бірі – салтанат сарайы болса, енді бірі – көрме павильоны. Осы екі ғимараттың ашылуына да облыс әкімі Амандық Баталов қатысты.

Жыл сайын жасарып, жаңара түскен қаланың көркіне көрік қосқан салтанат сарайы алыстан менмұндалайды. Бұл жастардың неке қиюымен қатар түрлі басқосу, жиындар өткізуге, халықаралық келісімшарттар жасауға лайықталып жасалған орын. Көркімен көз тартар әсем ғимараттың тұсаукесеріне қатысқан облыс басшысы ғимарат ішін аралап көріп, оның барлық талапқа сай салынғанына көз жеткізді. Алғаш некелерін қидырып жатқан қос жұпқа, салтанат сарайының ашылуына орай алтын және лағыл тойларын өткізуге келген отбасыларына арнайы құттықтауын жеткізді.

– Жастарымыз жаңа өмірге осындай әсем сарайда қадам бассын деген ниетпен салтанат сарайын тұрғызып отырмыз. Бұл істі қолға алмас бұрын Елбасының рұқсатын сұрап, батасын алған едім. Міне, сол кісінің қолдауымен облысымызда ғана емес, еліміз көлемінде қаншама жаңа ғимараттар бой көтеріп, жақсылықтарға, игі жетістіктерге қол жеткізілуде. Облысымызда әлі талай зәулім ғимараттар салынады. Келер жылы театрдың жаңа ғимаратын, спорт бассейнін ашамыз. Мұның игілігін халқымыз, жастарымыз көреді. Ал бүгінгі бас қосып отырған жастарға бақыт тілеймін, әрдайым бір-біріңді сыйлап, қолдап, қорғап жүріңдер. Сонда бәрі жақсы болады. Бүгін алтын, лағыл тойларын өткізуге келген жұптардың жолын берсін деймін. Қосақтарыңмен қоса ағарып, көпбалалы болып, қазақтың санын көбейте беріңдер. Қарияларымызға әрдайым жастарымызға үлгі-өнеге болып, немере-шөберелеріңіздің қызығын көріңіздер демекпін, – деген ізгі лебізін жеткізді. Бұдан соң неке қию рәсімі өтіп, жас жұбайларға неке куәлігі тапсырылды. Болашаққа үмітпен қарап, отбасылық өмірге қадам басқан жастар тілегін айтып, көгершіндерін ұшырып, «Махаббат вальсін» биледі. Елімізге белгілі әнші жұп Мирас пен Құралай Бекжановтар әсем әндерін тарту етті.

КӨРМЕ КЕШЕНІ КӨЗ ҚУАНТТЫ

Жалпы алаңы 4 жарым мың шаршы метрді алып жатқан Көрме кешенін салып шығу үшін бюджеттен 1,3 млрд теңге қаржы жұмсалыпты. Ең бастысы, құрылыстың сыртқы келбеті көзтартарлық. Ал оған жұмсалған отандық және шетелдік материалдардың сапасы да сын көтереді. Талдықорған шаһарының шырайын аша түсетін құрылыс жетісулықтардың талай бастамасын баянды ететіні анық.

Нысанның ашылу салтанатына келген облыс басшысы Амандық Баталов көпшілікті қуанышпен құттықтай отырып, бұл ғимараттан бастау алып, ел мерейін өсіретін талай бастаманы тілге тиек етті.

– Облыстағы экономика, ауыл шаруашылығы, медицина, білім, мәдениет, тағы да басқа саладағы озық технологиялар мен дүниелерді, өнер туындыларын халыққа көрсету, насихаттау, сол арқылы болашақ ұрпаққа сара жол салу мақсатында бой көтерген ғимараттың табысты бастамаларға

жол ашатынына сенімдімін. Сонымен қатар бұл кешен өніріміздегі нәтижелі істерді, мәдениет пен өнердің озық үлгісін, ғылымдағы жетістіктерді көрсететін алаң болмақ, – деді өңір басшысы.

Осы тұста әсем ғимаратты салу жұмысын атқарған «Стройсервис – 97» ЖШС-нің құрыш қолды құрылысшыларына алғыс айту керек. Күнді түнге жалғап жұмыс жасаған компания құрылысшылары ғимараттың сапасына ерекше ден қойды. Нәтижесінде, қалаға кіреберісте ары-бері өткен жүргіншілер бір сәт көз тоқтатып қарайтындай әсем ғимарат бой көтерді.

Айта кетерлігі, бұл ғимаратқа облыстық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы, кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы, «Бизнес–мектеп», бизнес-инкубатор сияқты мекемелер орналасады. Олар өздерінің жұмыс жоспары бойынша Жетісу өнірін көркейту, қала халқын кәсіптендіру жолындағы бастамасын баянды ететін болады. Нысанның ашылу салтанатымен бірге алғашқы көрме жұмысы да жұрт назарына ұсынылды. Бұл күні қаламыздағы «Қайнар-АКБ» ЖШС, «Ажар» тігін фабрикасы тағы да басқа кәсіпорындардың дүниелері көрмеге қойылып, көпшілік назарына ұсынылды. Көрме кешенін аралап шыққан Амандық Ғаббасұлы оларды көріп, жоғары баға берді.

ОРТАЛЫҚ САЯБАҚ ЕЛ ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛДІ

Талдықорғандағы Орталық саябақ осыдан бірнеше ай бұрын мемлекетке қайтарылып, бюджеттен қомақты қаржы бөлінген еді. Әткеншектер жаңартылып, талдар отырғызылған 4,249 гектар демалыс аумағына жарық шамдар да орнатылды. Сондай-ақ мұнда ойын кешендері де ашылды. Айта кетейік, саябақты күрделі жөндеуден өткізуге 345,9 млн. теңге қаржы жұмсалды.

Күздің шуақты күні Орталық саябақ қайтадан пайдалануға берілді. Тұрғындардың көңілі шат. Әсіресе, балалардың жүзі бал-

бұл жанады. Әуезді музыка жиналған көпшіліктің қуанышын еселеді. Саябақтың ашылу салтанатында облыс әкімі Амандық Баталов сөз сөйлеп, Талдықорған қаласының тұрғындарын құттықтады.

– Осыдан бірнеше жыл бұрын саябақ жекешеленуге өтіп кеткен еді. Сондықтан демалыс орнына жөндеу жұмысын жүргізе алмай келдік. Облысымызға белгілі азамат, меценат Бағдат Мәнізоров саябақты қалаға тегін қайтарып беретінін айтқанда қуандық. Міне, жөндеу жұмысын жүргіздік. Игілігін балалар көрсе деген ниетіміз бар. Өздеріңіз білесіздер, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қашанда балаларды қуантуға, олардың бақытты өмір сүруіне ерекше көңіл бөледі. Бүгінгі шара да сол қағида негізінде іске асырылып отыр. Кейбір шетелдерде бүлдіршіндер соғыстан көз ашпай келеді. Оранған оттың арасында жүргендіктен, олар ашық аспанды да көре алмауда. Жарылыс, атыс-шабыстан жүректері шайлыққан. Біздің мемлекетте тыныштық. Бар жақсылықты балалар үшін жасап келеміз. Болашақта да ұл-қыздарымыздың бақыты үшін барымызды саламыз. «Жастар» саябағы мен Қаратал өзенінің жағалауындағы демалыс орындары да көптің игілігіне бұйырды. Орталық саябақ тек қала тұрғындарының ғана емес, барша жетісулықтардың сүйікті демалыс орнына айналады деген сенімдеміз, – деді Амандық Ғаббасұлы.

Салтанатты шараға қатысушылар саябақ ішін аралады. Ойындар, цирктік бағдарламалар, сиқыршылар қуанышқа келгендерді өз өнерлерімен тәнті етті. Облыс әкімі бастаған топ саябаққа ағаш көшеттерін отырғызды. Арнайы Польшадан әкелінген 50 түп қайың демалыс орнының сәнін келтірді. Қаланың қарттары да игілікті іске ризашылықтарын білдіріп жатты. Ал бүлдіршіндер ойын алаңдарын қызықтап, жаңа әткеншектерге отырып, мәз-мейрам болысты.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ ЖАҢАРАДЫ

Жетісудың бас қаласы Талдықорған жыл өткен сайын құлпырып, келбеті айшықталып келеді. Жасыл желекке оранған шаһардың одан сайын өзгеріп, көзтартарлықтай көріктене түсуіне әлі де болса күш жұмсалып жатыр. Бұған қазір облыс әкімі Амандық Баталов ерекше көңіл бөліп отыр. Сала мамандары да атсалып, қолдан келген көмектерін көрсетуде.

Осы ретте Амандық Ғаббасұлы салаға жауапты қызметкерлермен тағы бір мәрте бас қосып, жиын өткізді. Оған Қазақстан Сәулетшілер одағының төрағасы, еліміздің еңбек сіңірген сәулетшісі Ақмырза Рүстембеков бастаған сәулетшілер мен жобалаушылар қатысты. Жиында қаланың көркемдік деңгейін көтеріп, келбетін сұлуландыруға байланысты ұсынылған жоба-жоспарлар қаралып, жан-жақты таныстырылды. Онда белгілі болғандай, орталық алаңдағы субұрқақ саны көбейіп, қала ажары айшықтала түспек. Жобаға сәйкес, қазіргі тұрған субұрқақтар өз орнында қалып, тек оларға қайта жаңарту жұмыстары жүргізілмек.

Өйткені, тайқазан мен Жетісудың жеті өзені бейнеленген бұл орындар тұрғындар үшін өте ыстық әрі олар шаһардың символына айналған. Сол себепті бастапқы қалпы сақтала отырып, су атқылау мен безендіру шаруаларына жаңа технология қолданылмақ. Олар арнайы орнатылған қондырғының көмегімен компьютер арқылы басқарылатын болады. Барлық жаңғырту жұмыстары аяқталғаннан кейін аспанға атқылаған су түрлі түспен көмкеріліп, әуезді әуенмен әрленбек. Сөйтіп, алдағы уақытта жеті түрлі субұрқақ облыс орталығының ажарын ашып, бұрынғыдан да әсемдей түспек.

Яғни бұл жер қала қонақтары мен тұрғындардың сүйікті демалыс орнына айналады деп жоспарланып отыр. Талқылау барысында жобаның жай-жапсарына мән берген облыс әкімі құрылыс-жөндеу жұмыстары бойынша нақты міндеттемелер жүктей отырып, бұрынғы субұрқақтардың сәулеттік келбетін бұзбай, қайта оларға екінші тыныс беру керектігін айтты. Мұндай пікірге сәулетшілер де қосылып, осы тұрғыда ойларымен бөлісті. Жиын соңында орталық алаңның болашақтағы кескін-келбетін таныстырған бейнетүсірілім көрсетілді.

Бір сөзбен айтқанда, алдағы уақытта қала ортасы айтарлықтай өзгеріп, айшықталатын болады. Сонымен бірге облыс басшысы қаланың кіреберіс тұсын әспеттеп, әрлеуге, бағытындағы жұмыстар алға басуда. Соның ішінде жастар арасындағы бұқаралық спорт түрлерін дәріптеу мақсатында аудан әкімі Әлібек Жақанбаевтың бастамасымен «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында бірнеше спорт алаңы салынып, халық игілігіне берілді.

Биылғы жоспар бойынша бұл жоба бес ауылдық округте жүзеге аспақшы. Жақында Көлбай ауылдық округінде осындай алаңдардың бірінің ашылу салтанаты өтті. Онда облыстық турнир жалауын желбіретіп, 14 құрама бап пен бақ сынасты. Дүбірлі доданың қорытындысы бойынша Кербұлақ ауданының спортшылары бірінші, Көлбай ауылдық округі мен Талдықорған қаласының құрамалары екінші және үшінші орындарды өзара бөлісті. Сөйтіп, алакөлдіктер бауырмалдықтың үлгісін тағы бір мәрте көрсетті.

Осындай игілікті жұмыстарды ширата түсу үшін аудан әкімі биыл тапсырылатын құрылыс нысандарын назардан шығармай, күн сайын қадағалап отырады. Тіпті арасында уақыт тауып, сол нысандарды аралап, артықшылықтары мен кем тұстарын көрсетіп қайтады. Бұл ретте аудан басшысы Қабанбай ауылдық округінің Мәдениет үйі мен Омар Молдағожин атындағы орта мектептің жағдайымен танысты. Аталмыш оқу ордасының ауласына Омар Молдағожиннің ескерткіші қойылмақшы. Жасалатын жұмыс әлі де көп. Жуық арада абыз ақсақалдың тұлғасы толықтай тұрғызылмақ. Сонымен қатар Омар атаның ұрпақтары білім мекемесінің жанынан балаларға арнап спорт алаңын салып бермекші. Бұл қабанбайлық жастардың бос уақытын тиімді өткізуге үлкен септігін тигізбек. Ал ауылдық Мәдениет үйінің сыртқы көрінісі уақыт сынына шыдас бермей, ескіруіне байланысты жөндеу жүргізіп, айналасын абаттандыру қолға алынған.

Үшарал қаласындағы орталық саябақ, спорт кешені және бес қабатты тұрғын үйдің құрылысы да әкім назарынан тыс қалған емес.

Орталық саябақтағы жұмыс соңғы жылдары жүзеге асырылған ілкімді істің бірі болмақ. Демалыс орнының аумағында диаметрі 18 метірге жететін алып субұрқақ, ашық аспан астындағы сахна, сағатты мұнара, велосипед және жаяу жүргіншілер жолы, ескерткіштер орналастырылып, айналасы жасыл желекке оранбақ. Заманауи үлгіде салынып жатқан спорт кешенінің темір қаңқасын тұрғызуға небәрі сегіз адам жұмылдырылған. Өйткені, қолданылып отырған материалдар көп күш пен уақытты талап етпейді. Бір айта кетерлігі, аталмыш кешен республикалық дәрежедегі додаларды өткізуге лайықталып салынуда. Сондай-ақ құрылыс жұмысы аяқталуға жақын қалған 20 пәтерлі тұрғын үй аудан әкімінің оң бағасына ие болды. Уағдалы уақытта нысан халықтың пайдалануына берілмек. Ал ашылу салтанаты желтоқсан айына жоспарланған Бескөл ауылдық округінің Мәдениет үйінің құрылыс жұмысы ойдағыдай жүргізілуде.

Иә, жоспар барда жоғары нәтиже болады. Осыған дейін алакөлдіктер жеткен нәтижесінде табыс ұтқыр ұйымдастыру мен жүйелі басқарудың нәтижесінде жүзеге асып жатыр.

НҰРКЕНТТІҢ АЛҒАШҚЫ ҚУАНЫШЫ

Жақында Нұркент ауылында салынған әрқайсысы 60 пәтерлі бес қабатты екі үй пайдалануға берілді. Бұл үйлердің құрылысы 2015 жылдың қыркүйек айында басталып, үстіміздегі жылдың мамыр айында аяқталуға тиіс болатын.

заманауи үлгіде бой көтеріп жатқан жаңа үйлердің ауласын көгалдандырып, абаттандыруға, ғимараттардың ауласын көркейтіп, түрлі-түсті гүлдермен көмкеруге де байланысты тапсырмалар берді.

ТАЛАП ТАБЫСТЫ ЕСЕЛЕЙДІ

«Нұрлы жер» бағдарламасы аясында Алакөл ауданында жұрт сүйсінетін бастамалар қолға алынды. Әсіресе, құрылыс саласындағы тың жобалар туризмі өркендеген өңірдің дидарын ашып, жаһандық бәсекедегі бәсін жоғарылатуға сеп болуда. Әсіресе, Алакөлде салауатты өмір салтын қалыптастыру

Облыс әкімі Амандық Баталов жазда өңірге келген іссапарында бұл үйлерді көруге арнайы ат басын бұрып, әрлеу жұмыстарына бірқатар ескертулер жасаған еді. Содан кейін кемшіліктер түзеліп, жаңа Нұркент қалашығының орталығынан бой түзеген көпқабатты қос үй көрген көзді арбайтын сәнді ғимараттарға айналды.

Қоныстой қуанышына облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Байжанов арнайы келді. Салтанатты сәтте сөз сөйлеген Айдарбек Естебекұлы қоныстанушыларға ізгі тілегін жеткізе отырып, Амандық Ғаббасұлының атынан құттықтады. Тұрмысқа жайлы, көзге сәнді көрінетін осынау үйлерді тұрғызған Ринат Рысқұлов жетекшілік

ӨЛКЕСІ ӨРКЕНДІ ЖЕТІСУ

ететін New Construcion құрылыс ұйымының еңбеккерлеріне де алғыс айтып, алдағы жылы осы өңірде осындай 40 пәтерлі тағы бір жаңа үй салынатынын айтты. Сөйтіп, жаңа қоныс иелеріне пәтер кілттерін тапсырды.

Салтанатты сәтте көптен күткен жаңа пәтерге ие болған зейнеткер ана Жанат Райымбекова тебірене сөз сөйледі. Ардақты ана халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсарту бағытында үлкен істерді жүзеге асырып жүрген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа, облыс әкімі Амандық Баталовқа және аудан әкімі Бердәулет Абдулдаевқа алғысын жаудырды. Жаркент жетім балалар үйінде тәрбиеленіп, кәмелет жасына толған 11 жас азаматқа да үй берілді. Солардың атынан сөз сөйлеген Анна Савельева жетімдер жайын назардан тыс қалдырмаған мемлекет басшыларына жүрекжарды алғысын білдірді.

Салтанатты жиын соңында Шәріпхан қажы қоныстой иелеріне ақ батасын арнап, құрметті қонақтар жаңа үйдің лентасын қиды.

КӨГІЛДІР ОТЫН КЕЛДІ

Жуырда көптен күткен көгілдір отын Талдықорған қаласы мен Қапшағай қаласы мен Еңбекшіқазақ ауданына жеткізіліп, автоматты газ бөлу стансасын іске қосу салтанаты өтті. Еңбекшіқазақ ауданын газдандыру жобасын жүзеге асыру аудан орталығы Есік қаласынан басталды. Есік қаласындағы АГТС құрылысы 2016 жылы аяқталып, биылғы жылдың көктемінде аяқталған болатын. Жоба құны – 4,2 млрд теңгені құрайды. АГТС қуаттылығы сағатына 50 мың текше метр, бұл өз кезегінде 109 көпқабатты үйді, 5979 жеке үйлерді, 3880 әлеуметтік-тұрмыстық сектор нысандарын, 4 өнеркәсіп орнын көгілдір отынмен қамтуға мүмкіндік береді.

Есік қаласындағы абоненттердің жалпы саны – 12781 бірлік. Жуық арада Шелек қаласында АГТС іске қосылады деп жоспарланып отыр. Қапшағай қаласын газдандыру процесіне инвестор «КазМезГаз» ЖШС зор үлес қосты. Енді жуық жылдарда Қапшағайдағы 282 көпқабатты үй, жеке сектордағы төрт мыңнан астам үй, 20-дан астам кәсіпорын табиғи газға қосылатын болады. Сөйтіп мемлекет қолдауымен және облыс әкімі Амандық Баталовтың тұрақты қадағалауының нәтижесінде Жетісу өңірін газдандыру жобасы өзінің сәтті жалғасын тауып келеді.

Талдықорған қаласы. Биыл Талдықорған өңірінің тұрғындары үшін ерекше жыл. 2012 жылы басталған, ұзындығы 265 шақырымдық «Алматы – Талдықорған» магистральді газ құбырының құрылысы аяқталып, елді мекендер көгілдір отынға қосылу мүмкіндігіне ие болды. Бүгінде 2 миллионнан астам тұрғыны бар облысымыздың 22 пайыздан астамы ғана табиғи газға қосылған. Жаңа жобаның нәтижесінде 228 елді мекенде тұратын 900 мың адам көгілдір отын игілігін пайдаланбақ.

Жоспар бойынша Талдықорған қаласында 10 399 абонентті газбен жабдықтау жоспарда бар. Оның ішінде көпқабатты тұрғын үйлерде 4718, жер үйлерде 5681 абонент. Жалпы саны 42 мыңға жуық адам. Ал әзірге Талдықорған қаласында алғашқылардың бірі болып Ізбасаров көшесінің тұрғыны Елена Сұлтанова үйіне газ кіргізіп алды.

– Әке-шешем, менің отбасым жер үйде тұрып келеміз. Жетісу – жер жаннаты ғой. Жазы жайлы, қысы аса суық та емес. Ас әзірлеу үшін газ баллонын пайдаландық. Жазда оны сыртқа шығарамыз. Қыста амалсыздан үйге кіргізуге мәжбүр болдық. Ал баллонды үйде пайдалану қауіпті екені белгілі. Үйді жылыту үшін көмір, ағаш әзірледік. Көмірдің жақсысы түссе қуанамыз. Бықсып, жанбай қойса, ол бір бейнет. Ыстан көз жұмғандар қаншама? Сосын күл шығару керек. Осының кесірінен жылына кем дегенде екі рет бөлмелерді әктейміз. Енді оның бәрінен құтылдық, – дейді Елена Сұлтанова.

Газдандыру жұмыстарын жүргізу үшін бірқатар талапты орындау қажет. Мекеме басшысының атына жазылған техникалық шарт беру туралы өтінішпен қоса үй иесі жеке куәлігінің, газдандырылатын ғимарат құжатының көшірмесін *(салыстыру үшін түпнұсқаларын да көрсету шарт),* орнатылатын газ жабдықтарының техникалық сипаттамасын беруі керек. Техникалық шарт заңға сәйкес өтініш түскеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде берілуі тиіс.

– «ҚазТрансГаз аймақтың» талап еткен құжаттарын толық әзірлеп, кеңсесіне апарып бердім. Қабылдап алып, тіркелгені туралы түбіртек жазып берді. Осы күні келесіз де құжаттарыңызды аласыз деді. Көрсетілген күні құжаттарымды алдым да, мамандарымен қай күні кездесетінімізді келістік. Олар да келісілген күні келді. Жұмыстарын жылдам әрі сапалы жасап кетті. Қазір үйімізде газ бар. Бұдан артық қандай қуаныш болсын. Газ қызметкерлеріне рахмет, – дейді Елена.

Газдандыру жұмыстарын жүргізуге мамандандырылған, арнайы сертификаттаудан өткен компанияға рұқсат беріледі. Демек, бұл салада бәсекелестік бар. Ал бәсекелестік болған жерде сапа да жақсара түсуі керек. Алайда түрлі әдіс-амалдармен осындай құжат алып, жұмыс істеп жүргендер қаншама? Ондай фирмалардың көп жағдайда тиісті мамандары болмайды, алдын ала құжат әзірлемейді, жұмыстарын сапасыз жүргізеді, газдандырудан кейін құжаттарын үй иесіне уақытылы бермейді. Ал үй иелері газ үшін ақшасын алдын ала төлеп қойған. Осыдан кейін не ақша жоқ, не үйде жанып тұрған газ жоқ, тұрғындар біраз әуре-сарсаңға түседі. Мұндайды болдырмау үшін «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ға хабарласу керек. Өз ісінің мамандары жұмыстың сапалы әрі жылдам жүргізілетініне кепілдік береді. Тіпті жұмыс аяқталғаннан кейін оның ақысын 3 айға бөліп төлеуге де мүмкіндік бар.

– Ауа райы салқындап келеді. Газ қосуға өтініш жазып жатқандар өте көп. Барлық құжаты әзір болса, күніне 3-4 үйдің жұмысын бітіруге тырысамыз. Кейде одан да көп болады, – дейді «ҚазТрансГаз аймақ» АҚ өндірістік-техникалық бөлім басшысы Елнар Каримов.

Газды тұрмыста пайдалану қауіпсіз саналады. Бірақ ол үшін бірқатар қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау керек. Біріншіден, қосулы тұрған пешті қараусыз қалдыруға болмайды. Пайдаланып болғаннан кейін түгелдей өшіріп қою керек. Екіншіден, балаларды газ жабдықтарына жақындатуға болмайды. Тағы бір аса маңызды талап – газ жабдықтарын өзіңіз жөндемеңіз, ақауы бар жабдықтарды пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынады. Газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсететін мекемемен шарт жасау міндет. Газ жабдығы тұрған бөлмені желдетуді ұмытпаңыз. Мұржаның тартуын үнемі тексеріп отырыңыз. Осыларды бұлжытпай орындасаңыз, өзіңіздің де, жақындарыңыздың да өмірін сақтап қаласыз.

Талдықорған қаласында газ жүргізу жұмыстарымен «ҚазТрансГаз аймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалы айналысады. Үйіңізге жылу кіргізіп, жайлылық орнатқыңыз келсе, Талдықорған қаласы, Төлебаев көшесі, 39/41, «АТФ Банк» ғимараты, 3 қабат, 306-кабинетке баруыңызға немесе 8(7282) 60-10-46 телефонына хабарласуыңызға болады.

Еңбекшіқазақ ауданы. Бүгінгі таңда Жетісу өңірін газдандыру ерекше қарқын алуда. Көгілдір отынға қол жеткізіп, қуанышқа бөленген елді мекендер саны жыл сайын артып келеді. Табиғи газдың келуі аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына, сондай-ақ қоршаған ортаның экологиялық тазалығына оң серпін береді. Игілікті іс Еңбекшіқазақ ауданында да жалғасын тапты.

Есік қаласы тұрғындарының көптен күткен арманы орындалды. Енді көмір жағып, отын жарып әуре-сарсаңға түскен күндер ұмытылады. Аудандағы алғашқы газ алауының жағылуына байланысты салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Байжанов, «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалының директоры Жайық Әлішев, «АПЛ Констракшн» ЖШС бас директоры Марсель Қажи және аудан әкімі Бинәлі Ысқақ қатысты. Қалаға көгілдір отын «Қазақстан – Қытай» магистральді газ құбыры арқылы тартылып отыр. Жаңадан салынған «Есік» автоматтандырылған газ тарату стансысының қуаты сағатына 50 мың текше метрді құрайды. Бұл қаланың 10 мыңнан аса тұрғын үйі мен 300-ге жуық кәсіпорындарды табиғи газбен қамтамасыз етуге жетеді. Осынау игі істер – «ҚазТрансГаз» Ұлттық операторы мен «АПЛ Констракшн» ЖШС-ның бірлесе атқарған нәтижелі жұмыстары. Алдағы уақытта аудандағы 51 елдімекен толықтай газбен қамтылады деп күтілуде.

– Құрметті қауым! Бүгін міне, сіздермен аудан тарихындағы айтулы оқиғаның куәсі болып отырмыз. Елбасының тікелей тапсырмасымен облыс аймақтарын газдандыру сызбасы аясындағы жұмыстар қанатын кеңге жайып келеді.Облыста 473 елдімекен газдандыруға кіретін болса, соның 108-і, яғни, 23 пайызы бүгінде көгілдір отынмен қамтамасыз етілді. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 28 пайызға жетеді деп жоспарлап отырмыз. Жүйелі жұмыстар әрі қарай өз жалғасын табады, – деді Айдарбек Естебекұлы.

Бұдан кейін «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Жетісу өндірістік филиалының директоры Жайық Әлішев пен «АПЛ Констракшн» ЖШС бас директоры Марсель Қажилер сөз алып, аудан жұртшылығын айтулы қуаныштарымен құттықтады. Ал, Есік қаласының тұрғыны Савелий Карасиди осынау игі іске мұрындық болған облыс және аудан басшыларына көпшілік атынан алғысын білдірді.

Әкімдер бастаған, қариялар қостаған топ құбыр тетігін бұрап, алғашқы газ алауын тұтатты. Келген қонақтар көгілдір отынға бірінші болып қол жеткізген тұрғын үйлердің біріне бас сұқты. Газбен қайнатылған шайдан ауыз тиіп, қуаныштарына ортақтасты. Салтанатты шара соңы өнерпаздардың сауық-думанына ұласты.

Қапшағай қаласы. «Байсерке – Қапшағай» магистральды газ құбыры мен Қапшағай автоматтандырылған газ тарату стансысында көгілдір отынның алауын жағу жиыны өтті. Халық көптен күткен бұл айтулы оқиғаға арнайы келген облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Байжанов тұрғындарды құттықтап, Елбасының тапсырмасымен облыстың бірқатар аудан, қалалары көгілдір отынмен қамтамасыз етіліп жатқанын айтты.

Жиында Қапшағай қаласының Құрметті азаматы Сейілбек Маханов ақсақалдар атынан сөз сөйлеп, маңызды бастамаға бата берді. Қазіргі уақытта жоба мен өндіріс кестесіне сәйкес, «Байсерке» стансысынан Қапшағай қаласының автоматтандырылған газ тарату стансысына дейінгі магистральды құбырлар тұтастай жүз пайызға жүргізілген. 37 шақырым қашықтықты алып жатқан газ құбырына қомақты қаражат жұмсалған. Арна ауылына дейін газ тарату құбыры да дайын. Қаланың 4, 5, 8, 10, 18, 19 шағынаудандарындағы жеке баспаналар мен көпқабатты тұрғын үйлерге ағымдағы жылдың соңына дейін газ қосу жоспарланып отыр.

«Байсерке – Қапшағай» газ құбырының жобалық өнімділігі жылына 400 млн кубты құрайды. Бұл жоба қаланың алпыс мыңнан аса тұрғынын табиғи газбен қамтамасыз етеді. Болашақта 200 мың тұрғынға есептелген «Жаңа Іле» ойын-сауық туристік қаласына да газ қосылмақ. Қазіргі уақытта «Қапшағай аймағы газ құбыры» ЖШС мамандарының айтуы бойынша газ құбырын қосу үшін әр пәтер иелерімен келісімшартқа отыру жұмыстары басталып кеткен.

Қазір қаланың мың тұрғынымен келісімге отырып, оларға жыл аяғына дейін көгілдір отын беріледі деп күтілуде. Ал мекемеде жетпістен аса қызметкер жұмыс істейді. Оның басым бөлігі қала тұрғындары.

ТҮЙІН:

Бәріңізге белгілі, құрылысшы – адамзат өркениетінің бастауында тұрған мамандық. Осы тұрғыдан келгенде, бүгінгі құрылыс индустриясы – тәуелсіз еліміздің өркендеген экономикасының негізгі іргетасы. Кез келген елдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуына тікелей байланысты десек, еліміздегі жетістіктердің дені құрылыс саласының дамуымен сабақтасып жатыр.

Тағы бір жағынан, құрылыс – экономиканың негізгі діңгегі болып келеді. Кейінгі жылдары еліміз бойынша, оның ішінде Жетісу жерінде құрылыс саласы қарқынды дамуда. Жыл сайын өңірімізде жаңа үйлер, мектептер, ауруханалар салынып жатыр. Қатар-қатар бой түзеген көпқабатты тұрғын үйлер елдігіміздің ертеңгі жарқын болашағын көз алдымызға келтіріп, жүрегімізге сенім ұялатады. Осыған дейін біздің аймақта бой көтерген тұрғын үйлер, еңсе тіктеген емхана-ауруханалар мен білім нысандары, іске қосылған өндірістердің бәрінде құрылысшылардың қолтаңбасы жатыр. Сондықтан құрылысшы еңбегі қашанда құрметке лайық. Біз де осы маман иелерінің ізгі қасиеттері мен қоғамның өркендеуіне қосқан үлесін осы жазбамыз арқылы жұртқа жеткізуді мақсат еттік.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Біз – Ұлы Дала ұрпақтарымыз» атты еңбегінде ел қорғаған ерлеріміздің асқан ерлігін айта келе, олардың әрқайсысы бойларына батылдықпен қоса, ептілікті, әбжілдікті де сіңіргендерін барынша көркем жеткізді. Иә, біз – жауынгер халықтың ұрпағымыз. Жеңілмпаз батырлардың тұяқтарымыз. Бүгінгі сын-қатері мол заманда да Ұлы Дала ұландары епті де батыл әрі мықты спортшы болып өсулері тиіс. Сондықтан да Елбасымыз бізден үнемі сергектікті, салауаттылықты көргісі келеді. Осы ретте елімізде бұқаралық спорт жан-жақты дамып, қанатын кеңге жая түсуде. Соның бір айғағы – аспанынан күн сәулесі ұдайы төгіліп тұратын Оңтүстікте осы дәстүрдің лайықты жалғасын таба білуі.

Қажымұқандар Шымкентте бас қосты

Шымкент шаһарындағы жеңіл атлетика манежінде қазақ күресінен Қазақ даласының батыры, даңқты балуан Қажымұқан Мұңайтпасұлы атындағы халықаралық турнир өтті. Дүбірлі сынға Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан мен еліміздің барлық облыстарынан дерлік 216 спортшы қатысты. Жарыстың ашылу салтанатында профессор Ерғали Мұхитдинұлы, «Нұр Отан» партиясы Шымкент қалалық филиалының төрағасы Өмірзақ Мелдеханов сөз сөйлеп, балуандарға сәттілік тіледі. Жарыстың бас демеушісі, Ордабасы ауданының әкімі Рашид Қайыпжанов танымал турнирдің тарихы тереңде екенін тамылжыта айтты.

Биылғы додаға «Қазақстан барысы» турнирінің жүлдегерлері мен әлемдік додалардың үздіктері қатысты. Екі күнге созылған сайыста 55 келіде Нұртілек Қаракесеков *(Қарағанды),* 60 келіде Сағындық Әшім *(Астана),* 66 келіде Ержан Мағуаинов *(Алматы қаласы),* 74 келіде Ринат Махмутов *(Жамбыл),* 90 келіде Шухрад Арсланов *(Өзбекстан)* топ жарды. Нағыз сенсация 100 келі салмақ дәрежесіндегі сайыста тіркелді. «Қазақстан барысы» турнирінің жеңімпазы, шығысқазақстандық Мұхит Тұрсынов іріктеу сынында ойламаған жерден алматылық Бауыржан Қабайдан жеңіліп, жүлдеден шет қалды. Финалда Өзбекстаннан келген әлем чемпионы Илхом Жураевты де жеңген Бауыржан турнирдің чемпионы атанды. 100 келіден жоғары салмақ дәрежесінде Алматы қаласынан келген Дәурен Нұралинов топ жарды. Бұл салмақ дәрежесінде атақты балуандар Ержан Шынкеев пен Руслан Әбдіразақов жүлдеге іліге алмады. Осыдан-ақ жарыстың тартысты өткенін аңғаруға болады. Оңтүстік Қазақстан облысы балуандарының нәтижесіне тоқталсақ, 82 келіде Әл Фараби Бекқұлы чемпион атанса, Еркінбек Бөлен күміске иелік етті. Сонымен қатар 55 келіде Саржан Жұмаділлә күміске иелік етсе, Нұрсұлтан Мыңғышев *(+100 келі),* Қайсар Шәмшиддинов *(100 келі)* сынды балуандарымыз қола жүлдеге қол жеткізді.

Жұртшылық асыға күткен «түйе балуандар» бәсекесіне 28 балуан қатысты. Дүбірлі додада қарағандылық Ержан Шынкеевтің мерейі үстем болды. Бұл жігіт алғашқы сайыс күні күшін сақтап күрескен екен. «Түйе балуандар» сынында өте сауатты белдесті. Басты қарсыласы Руслан Әбдіразақовты екі бүк ұпайымен ұтса, одан кейін Қайсар Шәмшиддиновты таза ұтты. Дәурен Нұралинов финалға «тар жол, тайғақ кешумен» шықты. Алматылық балуан елімізге танымал спортшы Асыл Бәрменовті жеңді. Одан кейін өзбекстандық Илхом Жураевпен күресті. Бастапқыда екі рет таза түсіп қала жаздады. Дегенмен, төрешілер Илхомға жарты ұпайын берді. Жанкүйер қиқуымен «есін жиған» Дәурен ақыры жеңіске жетті. Жартылай финалда Пәйіз Жәмәділді жеңгенімен, финалда Ержанға шамасы келмеді. Ержан сол әдеті басып, бүк ұпайымен жеңіске жетті. Әділдігін айтар болсақ, финал жұрт күткендей тартысты болмады. Дегенмен, жеңістің аты – жеңіс. Осылайша, Қарағандының қабыланы Ержан Шынкеев Қажымұқан турнирінің биылғы «түйе балуаны» атанды. Екінші орынға Дәурен Нұралинов ие болса, қола жүлде оңтүстікқазақстандық Пәйіз Жәмәділге бұйырды.

«Түйе балуанға» автокөліктің кілтін Ордабасы ауданының әкімі әрі жарыстың демеушісі Рашид Қайыпжанов тапсырды. Облыстық денешынықтыру және спорт басқармасы ұйымдастырған доданың жүлдегерлеріне медаль, диплом және ақшалай сыйлық тапсырылды.

Сабырбек ДӘНІҚҰЛҰЛЫ,
Фото: О.САЛХАУҰЛЫ
Шымкент қаласы

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

«Хабар» ізгілік, адамгершілік, махаббат, адалдық сияқты адами құндылықтарды насихаттау дәстүрін жалғастыра бермек. Жаңа маусымда көрермендер назарына ұсынылатын телехикаялар да осы ұстанымға негізделген. Аталған агенттіктің Басқарма төрайымының орынбасары Ринат Кертаев бізге жаңа маусымдағы тың жобалар туралы айтып берді.

Ринат КЕРТАЕВ:

Бұл – әлеуметтік жаңғыру маусымы

– Ринат Думанұлы, осы жылғы жаңа маусымда «Хабар» арнасы көрермендеріне әлеуметтік маңызы бар «Қария» телехикаясын ұсынды. Аудитория тарапынан қалай бағаланды? Бұл бағыттағы сериалдарға сұраныс бар ма?

– Елбасымыз қазақта қарттар үйі, жетімдер үйі ешқашан болмаған, өкінішке қарай, бүгінде ол жерге қаракөздеріміздің де көптеп түсіп жатқандығын айтты. Бұл жағымсыз құбылыспен қоғам болып, ұлт болып күресуіміз керек. Осы сөздер бізге ой, бағыт болып, оның үстіне бұрын-соңды Қазақстанда қарттар үйінің тұрғындарына арналып телехикая түсірілмегендігін, сондай-ақ тақырыптың өзектілігін ескере отырып, «Қария» деген телесериал түсірдік. Басты мақсаты – үлкенге құрмет көрстеуге, ұлттық, отбасылық құндылықтарды қастерлеуге, сондай-ақ отбасы мүшелерінің бір-біріне деген қарым-қатынасының дұрыс болуына шақыру. XXI жаһандану ғасырында тек ақша, атақ, қызмет деген дүниелер алдыға шықпай, моральдық принциптер басым, имандылық алдыға шығуы керек. Адами қатынастар қашанда сақталуы маңызды деген идеяны ту еттік. Көпшілік көрерменнің ойынан шыққан сияқты. Рейтингі жоғары болды.

Биылғы маусымда әлеуметтік тақырыптарға басымдылық беріп отырмыз. Осы жақында ғана әйелдердің, аналардың денсаулығы, балалардың дүниеге келуі, олардың түрлі ауру сырқатпен күресуі, дәрігерлердің қызметі, жалпы ақ халатты абзал жандардың күрделі тағдырын көрсеткен «Абзал жан» телетуындысы эфирден өтті. Онан кейін 7 қарашадан бастап «Мезгілсіз махаббат» деген әдемі қазақы қалжыңға, керемет актерлік құрамның ойынына негізделген ұлттық дүние болып жатыр. 6 қараша күні Алматы қаласында зиялы қауым өкілдері мен өнер сүйер қауымды жинап картинаның алдын ала көрсетілімін өткіздік.

«Бәсеке» сериалы арқылы танымал Әнуар Матжанов есімді режиссер өзінің режиссерлік үлесін қосып, көп жыл радио-телевизия саласында жұмыс істеген, көптеген шоуды, реалити шоуды, «Хабар» арнасынан шығып жатқан «Тағдыр тартысы», «Астана», «КТК» телеарналарында шыққан деректі драмалардың авторы, белгілі продюсер Толқын Сейдоллақызының жетекшілігімен түсірілген телехикая. Басты рөлдерді белгілі актер Айдос Бектеміров, Жалғас Толғанбаев секілді танымал өнер иелері сомдады. Бұл ситуациялық комедия, бірақ телехикаяның форматын, сценарийін қарап отырып, «ситком» дегенге қимайсың. Мұны телевизиялық комедиялық көркем фильм деп айтсақ артық болмайды. Әрбір әзілдің астары, қағазбен бауыздарлық ойы бар.

Әлеуметтік сериалдар тізбегін шынайы оқиғаға негізделген «Ана жүрегі» деген үлкен мелодрама жалғастырады. Оқиға кейіпкерлерінің кейбірі өмірден өтіп кеткенмен, кейбірі әлі де болса бар. Үлкен әулеттің басындағы қиын тағдыр, өмір бойы қызметте бастық болған әйел азаматтың өмірі суреттеледі. Ақшаға, бизнеске талас, көреалмаушылық секілді, өкінішке қарай, өмірде, қазақ қоғамында болып жатқан түрлі психологиялық-моральдық мәселелер осы сериалға арқау болған. Саундтрегін белгілі әнші Мейрамбек Беспаев орындады. Мейрамбек «Маған сериалдарда, мелодрамаларда саундтрек орындауға көп ұсыныс айтылады. Бірақ ешкімнің ұсынысын қабыл алмайтынмын. Бұл жолы келісім берген себебім Ринат Гайсин жазған ән менің жүрегімді жаулап алды. Сериалдың сценарий көзге жас келтіре жаздады. Мен ұзақ ойландым. Бұл шынайы толғанатын, болашақ ұрпақ сабақ алатын керемет туынды» деген еді. Тағы бір ерекшелігі де осы.

Сонымен қатар түрлі тарихи себептермен кезінде отанынан өзге елге кетуге мәжбүр болып, кейін еліміз тәуелсіздік алғанда, Қазақстанға оралатын азаматтың қиын тағдырын арқау еткен «Тасөткел» деген тарихи сериалын алдағы уақытта көрерменге ұсынамыз. Телехикаялар саласында тосын сыйларымыз көп. Бәрін айтсақ қызық болмай қалар, ең бастысы, әлеуметтік жобаларды басты ұран етіп, әрбір фильмнің сценарийінде рухани жаңғыруды ту етіп, осы маусымға көптеген тың туындылардың топтамасын дайындап отырмыз.

– Сонымен қатар «Батырлар жолы» картинасының түсірілімін бастаған едіңіздер. Картина не жөнінде?

– Қазақ телевизиясындағы батырларға арналған тұңғыш тарихи туынды. Үлкен шығармашылық ұжым жұмылдырылды. Режиссері – Асқар Ұзабаев. «Хабар» арнасында шыққан көптеген сериалы мен киносы арқылы көрерменге жақсы таныс. АҚШ-та білім алғаны тағы бар. Сондай-ақ Жайдарбек Күнғожинов бастаған Nomad каскадерлік тобымен алпысқа жуық каскадер шақырылып, 30 аса ат қолданылып, қазіргі уақытта түсірілім жұмыстары жалғасуда. Сериал деп айтуға қимайсың, көп бөлімді тарихи көркем фильм деуге келеді.

Фильмнің мақсаты – батыр бабалардың ерлігі арқылы жас ұрпақтың санасына отансүйгіштік, ұлтсүйгіштік қабілетті, қасиетті сіңіру. Біздің де мақтанатын, біздің де абыройымызды асқақтататын тұлғалар бар екенін, болғандығын, бола беретінін жас көрерменге түсіндіру. Еліміздің ақпарат және коммуникацилар министрі Дәурен Абаевтың идеясымен шығып жатқан сериалдың көрерменге берері мол деп білеміз.

– Өткен жылы өзіңізбен сұхбаттасқанда әлеуметтік жобалардың көбейгендігін айтып едіңіз. Осы жылы қандай бағдарлама ұсындыңыздар? Контентте айырмашылық бар ма?

– Жоғарыда айтып кеткенімдей, әлеуметтік жобалар біздің назардан тыс қалған емес. Өткен жылдан бері «Біздің назарда», «Народный контроль», «Білу маңызды», «Важно знать», «Давайте говорить» әлеуметтік жобаларымыз шығып жатыр. «Біздің назарда», «Народный контроль» бағдарламалары шын мәнінде телевизиялық қоғамдық қабылдауға айналды. Бүкіл республика көлемінде тұрмыстық түйткілдерді, тараптың шешілмей жатқан әлеуметтік мәселелерін журналистік зерттеу арқылы көрсетіп, тиісті мекемелерді тартып, мәселені шешу бағдарламалар үшін қалыпты құбылысқа айналды. Біз мұны жарнамалап айтқымыз келмейді. Себебі бұл журналистердің міндеті деп білемін. Кейбір әріптестеріміз «халықтық тілші» деген бағдарламалар ашып жатыр, оны естіп қуандық. Өйткені біздің жолды жалғастыру деп білеміз. Негізі, «Народный репортер – халықтық тілші» айдары осыдан бір жарым жыл бұрын «Біздің назарда/ Народный контроль» бағдарламаларында ашылған. Сол бойынша кез келген азамат нақты шешілмей жатқан мәселесін ұялы телефонға түсіріп, бізге жібереді. Біз зерттейміз, эфирден көрсетеміз.

Біздің «Білу маңызды/Важно занать» интерактивті бағдарламасының мақсаты – тікелей эфирде қабылданып жатқан заңдар, әртүрлі әлеуметтік бағдарламалар туралы, күнделікті өмірге нақты қажет ақпараттарды сол саланың өкілдері, соған тікелей жауапты адамдардан алады. Біріншіден, бұл әлеуметтік қабылдау, екінші жағынан, мемлекеттік мекемелердің нақты кеңес беретін алаңына айналды. Қазақ тілінде ұлтжанды азаматтар, өнер қайраткерлері, олардың тағдыры мен шығармашылығына қатысты жаңа деректерді ашатын «Өнегелі ғұмыр», өмірден өткен танымал тұлғалардың өмір жолын сипаттайтын «Өмір жолы» болып жатыр. Әсіресе, «Алаш орданың» 100 жылдығына арналған Алаш азаматтары туралы деректі фильмдер көрерменге көрсетілді.

Білім және ғылым министрлігімен бірге «Менің арманым» атты бағдарлама жүзеге асып, көрерменге жол тартты. Хабар барысында рухани жаңғыруға арналған стартап идеялардың байқауы жарияланып, мектеп оқушылары мен колледж студенттері ойын қорғайды. Жеңіп алған жағдайда министрліктің ұсынған, демеушілер берген ақшалай сыйлықты алып, идеяларын жүзеге асыруға жол ашылады. Бұл бір жағынан рухани жаңғыруға арналған, бір жағы әлеуметтік жоба десек болады. Өйткені осындай стартап идеяларды қолдап, насихаттау міндетіміз деп білеміз.

Рухани жаңғыру дегеннен шығады, рухани жаңғыруға біз биыл ерекше үлес қосып жатырмыз. Елбасының «Рухани жаңғыру. Болашаққа бағдар» атты мақаласы шыққалы деректі фильмдер, танымдық роликтер шықты. Барлық дерлік бағдарламамыз рухани жаңғырудың бағыттарын талдап, арнайы шығарылымдар жасалды. Белгілі саясаткер Мәулен Әшімбаевтың модераторлығымен интеллектуалдық «Код нации» атты үлкен жоба дайындадық.

– «Миллион кімге бұйырады?» шоуы эфирге қайта оралды. Ойын-сауықтық та бағдарламалардың легі артқан сияқты….

– Ұзақ уақыттан кейін «Кто возьмет миллион» жобасын эфирге шығардық. Бұл шоу болғанмен, әлеуметтік жобалар қатарына қосуға болады деп есептеймін. Себебі көрермендердің өз білімі, ақылымен миллион ұтып алуға мүмкіндігі бар. 10 миллион теңге аз ақша емес. Ауылды жерде үлкен үй, ал қаладан бір бөлмелі пәтер сатып алуға болады. Бағдарлама эфирге шыққан аз ғана уақытта бір жарым мың адам ойынға қатысуға ниет білдірген. Келесі жылы хабардың қазақша нұсқасын шығаруымыз мүмкін.

– Ал елімізді танытатын бағдарламаларға қаншалықты көңіл бөліп жатсыздар? Өткен жылы 25 жылдыққа орай көптеген жоба ұсынып едіңіздер. Осы жылы аталған бағдарламалар жалғасын табуда ма?

Еліміздің Тәуелсіздігіне дайындықты бастап кеткенбіз. Желтоқсан айының басынан бастап әртүрлі деректі фильмдер легі жалғасын табады. Қазіргі уақытта Елбасының рухани жаңғыру мақаласы аясындағы «Туған жер» бағдарламасы бойынша еліміздің киелі жерлерін аралап, шығармашылық ұжым «Символы нашей родины» деген бағдарлама жасап жатыр. Экспедиция мүшелері дарқан даламыздың қасиетті мекендеріне барып, батысындағы Бекет ата, солтүстігіндегі Жұбан ана – Теректі әулие, Құлан ана – Қалжан Ахун Кесенесі, Қоркыт ата, Бегім Ана сынды әулиелі аймақтарды түсіруде. Бұл бағдарламалар орыс тілінде көрсетіледі. Себебі біздің қазақ тілді аудиториямыз аталған өңірлерді, ондағы қасиетті жерлерді жақсы біледі, ал орыс тілді аудитория білімін арттыра түседі деген ойдамын.

– Агенттік құрамындағы «Хабар 24» арнасы 5 жыдығын атап өтті. Елімізде 24 сағат ақпарат тарататын жалғыз арна ретінде 5 жылдағы жетістіктер мен әттеген-айларға тоқталыңызшы. Осы жылы контентінде өзгеріс бар ма?

– Телеарна үшін аз ғана уақыт, бірақ орасан зор жұмыс атқарылды. 5 жылда біздің арнамыз отандық медиа кеңістікте өз орнын тапты. Көрермендер сағат сайын еліміздегі және шет мемлекеттердегі басты жаңалықтарды көру үшін біздің арнаны қосады. Қазіргі уақытта «Хабар 24» мемлекетіміздің барлық аймағында тілшілер қосыны бар жалғыз арна. Олардың барлығы жылжымалы мобильді телевизиялық стансамен жабдықталған. Бұл журналистерге кез келген жерден, кез келген уақытта тікелей эфирге шығуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ АҚШ, Италия, Бельгия, Германия, Түркия, Ресей, Қытай, Оңтүстік Корея мемлекеттерінде арнайы тілшілеріміз, тағы бірнеше мемлекетте фрилансерлер ақпаратты ең жылдам уақытта жіберіп отырады.

Жаңа маусымнан бастап эфирге өзгеріс енгізіп, енді жаңалықтар әр сағат сайын шығады. Бұл жаңалықтардың уақытын ұлғайтып, сапасын арттыра түсетін маңызды шешім болды. Журналистер материалды

тереңірек зерделеп, сюжетті жан-жақты етіп әзірлейді. Сонымен қатар бағдарламалардың да уақыты ұзарды. Мәселен, журналистиканың майталманы Зейін Әліпбекпен «Сұхбат» бағдарламасы көрерменге жол тартты. Жүргізуші 20 минут барысында студияға келген қонақпен мемлекетіміздегі маңызды саяси және экономикалық шешімдер, әлеуметтік бағдарламалар мен жаңа болар турасында әңгіме өрбітеді. Тағы жаңа маусымда экономикалық, сараптамалық хабарлардың саны арта түсті.

– Жаңа маусымнан бастап «Kazakh TV», «Ел арна» телеарналарының жаңа маусымдағы жаңалығы қандай?

– Осы жылы «Kazakh TV» арнасының құрылғанына тура 15 жыл болды. Еліміздің имиджін қалыптастыруға жұмыс істеп жүрген телеарнаның қызметі әрі қарай жалғаса береді. Контенті жаңа танымдық-ақпараттық бағдарламалармен толыға түсті. Көрермендерге ұлттық музыкамыздың тылсым әлемін танытатын «Күй құдіреті», еліміз бен алыс-жақын шет мемлекеттердің бай табиғаты мен құнды жәдігерлері туралы «Сокровище нации», «Компаньонс», жабайы табиғатта тағам әзірлеуді үйрететін «Аспаздық тур» жобалары көрермен назарына ұсынылады. Өз кезегінде «Ел арна» телеарнасы да кино саласындағы мол мұрамызды көрсете береді. Сонымен қатар алдағы жылы кино саласының мамандары мен, фильмдердің қалай түсірілетіндігі туралы арнайы деректі фильмдер жасау жоспарда бар.

Қорыта айтқанда, «Хабар» Агенттігі әрі қарай да рухани жаңғыруда айтылған құндылықтарымызды дәріптей, ұрпақтар сабақтастығын ұран етіп, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүр, халық тағылымдары мен тарихи жәдігерлерімізді кеңінен насихаттау жөнінде сапалы дүниелер жасауды жалғастырады.

Сұхбаттасқан Толқын ЕРЛАНҚЫЗЫ

Бас редактор – директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Салтанат ШЫРЫНХАН –
арнаулы тілші
Әбдіманап КЕҢЕС –
жастар және ғылым
Кәмшат ТӨЛЕШОВА –
терімші
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ –
web-сайт

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)
Қажет АНДАС – Алматы облысы (8 747 706 13 82)
Дүйсенбек АЙБЕКОВ – Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)
Баян ЖАНҰЗАҚОВА – Атырау облысы (8 702 426 69 05)
Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no
Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Салтанат ШЫРЫНХАН

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат *(М.Мақатаев көшесінің қиылысы)*
Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.
Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2140;
Бағасы келісім бойынша
Айлық таралымы – 52 000 дана

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.